Жаһандық диалог 8.3

Жылына 3 рет 17 тілде шығады

ЖУРНАЛ

International Sociological Association

Нэнси Фрейзермен әлеуметтану туралы әңгіме
Кристин Шикерт

Дүдәмал демократия
Хок Бранхорст
Кристиан Фукс
Андреа Сильва-Тапиа
Хленгиве Ндлову
Герасимос Куезелис
Хариати Абдул Карим
Эстебан Торрес Кастанос
Эми Остин Холмс
Питер Вахль

Еске Алу: Анибал Кихано
Николас Линч
Ракель Соса Элизага

Кедейлікпен Бетпе-Бет
Джошуа Будлендер
Вассилис Арапоглоу
Джулиана Мартинес Францони
Фабиан Кесль
Мұстафа Кош

Теориялық Перспективалар
Суджата Пател

Польшадағы Әлеуметтану
Ян Чарзасти
Юлиус Гардавски
Адам Мрозовицки
Вера Траппманн
Катаржина Дебска
Сара Херзынска
Жюстина Косинска
Камил Трепка
Мачей Гдула

БАСЫЛЫМ 8/ ШЫҒАРЫЛЫМ 3 / ЖЕЛТОҚСАН 2018
http://globaldialogue.isa-sociology.org/
GD

> Редакциядан

Әлемнің көптеген елдерінде демократиялық институттар және процестер аса күрделі мәселелер мен қысымға душар болып отыр. Авторитарлық тенденцияларды көне де, жаңа да демократиялардан кездестіруге болады: жоғарыдан төменге бағытталған көшбасшылық қайтадан танымал бола бастады, ұлтшылдық өршіп, саяси құқықтардың шектелуі салдарынан азаматтық қоғам әлсіреп отыр. Әсіресе, әйелдер мен азшылықтар шабуылға жиі ұшырайды. «Жаһандық Диалогтың» осы мәселені ұсынған сұқбатында қазіргі кездегі феминист ойшылдар арасында аса танымалдарының бірі Нэнси Фрейзер неғұрлым жаппай феминистік қозғалысты құру туралы және өзінің 99% атты феминизм идеясымен бөліседі.

«Дүдәмал демократия» айдарымен жарияланып отырған алғашқы топтамадағы мақалаларымыз апартеидтен кейінгі Оңтүстік Африкада бастап Грекиядағы қатаң саясаттың зардабын және мысырлық революцияның есептерінде әйелдер үлесін елемеуге дейінгі әлемнің әртүрлі бөліктерінде демократияның қысымға төтеп беріп отырғанын көрсетеді. Сонымен қатар авторлар капитализмдегі авторитарлыққа бет бұру және демократиялық үдерістерді бекітуге бағытталған ұғымдар мен көзқарастарды бағалайтын жаңа жұмыстарды танстырады және сараптайды.

2018 жылы мамырда Перу мен Латын Америкасының атақты әлеуметтанушыларының бірі Анибал Кихано 87 жасында қайтыс болды. Оның империализм, отаршылдық және «отарлау билігі» ілімі туралы жұмысы әлемдегі әлеуметтанушылардың бірнеше буынына ықпал етті. Жақын әріптестері мен достары оның өміріне зер салады және мұрасын паш етеді.

«Кедейлікпен бетпе-бет» деп аталған екінші топтамамызда Грекиядағы қатаң үнемдеу саясаты ықпалынан бастап серіктес саяси экономикаға қарамастан Латын Америкасында артып отырған кедей әйелдердің ахуалы сияқты кедейліктің саналуан жағдайын талдайтын мақалаларды жинадық. Алты автор кедейліктің нақты аймақтық бедерінен және жергілікті билік бетпе-бет келіп отырған кедергілерден хабардар ету үшін әлемнің әр түкпірінен шақырылды.

Үндістанның атақты әлеуметтанушысы Суджата Пател өзінің жаһандық модерн қоғамдар туралы мақаласында осы теорияның табиғаты мен мазмұнын жаһанданған әлем тұрғысынан талдайды. Ол «заманауилықтың саналуандығы» ұғымының тарихи және теориялық түсінігін және оның негіздерін сынайды.

Әуелден поляк ойшылдары әлеуметтанудың пән ретінде дамуында маңызды рөл атқарды, сондықтан аталмыш сұрақ оның Польшадағы тарихынан сыр шертеді. Дегенмен, осы елге назар аударуға бізді тек тарих ғана емес, сонымен бірге заманымыздың көптеген мәселелерін қозғап жүрген танымал әлеуметтануы да түрткі болды. Оқырмандарға ұсынылып отырған ағымдағы зерттеулерде сенімсіз жас жұмыскерлер, поляктардың жақындағы сайлауда дауыс беруі, сонымен бірге поляк қоғамындағы өзгерістер мен олардың салдары және бүгінгі күні әлеуметтану үшін маңызы баяндалады.■

Бриджит Ауленбахер мен **Клаус Дёрр**,
Жаһандық Диалогтың редакторлары

> Жаһандық Диалог ХӘҚ ресми сайтында 17 тілде жарияланады.
> Мақалаларды globaldialogue.isa@gmail.com жолдауға болады.

International Sociological Association

GLOBAL DIALOGUE

> Редакциялық алқа

Редакторлар: Бриджитт Ауленбахер, Клаус Дёрре.

Редакторлардың көмекшісі: Йоханна Грубнер, Кристин Шикерт.

Редактордың орынбасары: Апарна Сундар.

Басқарушы редактор: Лола Бусуттил, Август Бага.

Кеңесші: Майкл Буравой.

Медиа кеңесшілер: Густаво Танигути.

Редакциялық кеңес:
Сари Ханафи, Джеффри Плейерс, Филомин Гуттиерец, Элоиза Мартин, Савако Ширахазе, Изабелла Барлинска, Това Бенски, Чи-Ю Я Чен, Ян Фриц, Коичи Хасегава, Хироши Ишида, Грейс Хуню, Элисон Локонто, Сюзан МакДаниель, Элина Ойнас, Лаура Осо Касас, Бандана Пуркаяшта, Рода Рэддок, Мунир Сайдани, Айсе Сактанбер, Сели калон, Назанин Шахрокни.

Аймақтық редакторлар

Араб әлемі: Сари Ханафи, Мунир Сайдани.

Аргентина: Хуан Игнасио Пиовани, Алехандра Отаменди, Пилар Пи Пуч, Мартин Уртасан.

Бангладеш: Хабибул Хак Хондкер, Хасан Махмуд, Джувел Рана, Юс Рокейя Ахтер, Тоуфика Султана, Асиф Бин Али, Харун Нахар, Кази Фадия Еша, Хелал Аддин, Мухамин Чоудари, Эмди. Юнус Али.

Бразилия: Густаво Танигутти, Андреза Галли, Лукас Амарал Оливера, Бенно Уоркен, Анжела Мартинс Джуниор, Дмитри Чербончини Фернандеш.

Франция/Испания: Лола Бусуттил.

Үндістан: Рашми Жаин, Джуотти Сидана, Прага Шарма.

Индонезия: Каманто Сунарто, Хари Нугрохо, Лусия Ратих Кусумадеви, Фина Итрияти, Индера Ратна Иравати Паттинасарани, Бенедиктус Хари Джулиаван, Мохамад Шохибуддин, Доминггус Элсид Ли, Антониус Арио Сето Харджана, Диана Тереза Пакаси, Нурул Айни, Гегер Риянто, Адитья Прадана Сетиади.

Иран: Рейханех Жавади, Нияеш Долати, Сина Бастани, Саед Мухамад Муталеби, Вахид Ленджанзаде.

Жапония: Сатоми Ямомото, Сара Мехара, Масатаки Егуши, Юко Масуи, Рио Танака, Мари Ямамото, Киори Хашия, Айна Каниюки, Эрика Куга, Кайя Озава, Цукаса Шибагаки, Михияки Юаса, Рикюо Баба.

Қазақстан: Айгүл Забирова, Баян Смағамбет, Әділ Родионов, Алмаш Тілеспаева, Куаныш Тел, Алмагүл Мусина, Ақнұр Иманқұл.

Польша: Якуб Барщевски, Ивона Божаджижева, Катарзина Дебска, Паулина Домагалска, Кшиштоф Губански, Сара Херзынска, Жустина Косинска, Люсия Ланге, Адам Мюллер, Зофия Пенза-Габлер, Анна Вандзель, Яшек Зих.

Румыния: Косима Ружиниш, Райса-Габриела Замфиреску, Люсиана Анастасоайе, Адриана Лавиния Булумац,Кристиан Чира, Диана Александра Думитреску, Раду Думитреску, Юлиан Габор, Александра Иримие-Ана, Бианка Михайла, Андреа Елена Молдовану, Рареш-Михай Мушат, Уна-Елена Негри, Миоара Парашив, Алина Кристина Паун, Кодрут Пинзару, Сусана Мариа Попа, Адриана Соходолиану, Елена Тюдор.

Ресей: Елена Здравомыслова, Анастасия Даур, Валентина Исаева.

Тайвань: Джинг Мао Ху.

Түркия: Гүл Шарбаджиоғлы, Ирмак Эврен.



*Бүгінгі күні әлемнің түкпір-түкпірінде **демократия** қысымға ұшырап отыр. Осы топтамада сегіз әлеуметтанушы әртүрлі елдердегі демократия түйткілдерін, азаматтардың демократиялық құқықтар үшін қалай күресіп отырғанын және ағымдағы саяси тәжірибені сыни тұрғыда талдайды.*

*Әлеуметтанушылар үшін кедейлік тақырыбы мен **кедейлік шегіне жақын орналасқандардың** нақты жағдайы барлық кезде өзекті. Осы топтамада әлемнің әр түкпірінің бес әлеуметтанушысы кедейлікті қысқартудың нақты аймақтық өзгерістерін және азық-түлік қауіпсіздігі сияқты адамның негізгі қажеттіліктерінің нақты салаларындағы әртүрлі бағыттарын сараптайды.*

Бұл бөлімде ***поляк әлеуметтануының*** тарихи дамуына кіріспе жасалады, сонымен қатар осы елдегі ағымдағы әлеуметтанулық зерттеулер таныстырылады.

GD

***Жаһандық диалог SAGE Publications** ұсынған риясыз грант негізінде жүзеге асып отыр.*

> Осы шығарылымда

Редакциядан 2

> ӘЛЕУМЕТТАНУ ЖАЙЛЫ ӘҢГІМЕ

Неолиберал замандағы феминизм: Нэнси Фрейзермен сұқбат
Кристин Шикерт, Германия 5

> ДҮДӘМАЛ ДЕМОКРАТИЯ

Демократия дағдарысы
Хок Бранхорст, Германия 9

Авторитарлық капитализмнің арта түсуі
Кристиан Фукс, Біріккен патшалық 11

Этникалық азаматтық – заңсыз азаматтық
Андреа Сильва-Тапиа, Германия 13

1994 жылдан кейінгі Оңтүстік Африкадағы демократияның қателігі
Хленгиве Ндлову, Оңтүстік Африка 15

Афиныдағы демократия
Герасимос Куезелис, Греция 17

Әлеуметтік желілер және Демократия – қосжүзді қанжар?
Хариати Абдул Карим, Малайзия 19

Аргентинадағы демократиялық шегініс
Эстебан Торрес Кастанос, Аргентина 21

Мысырдағы революциядан кейін әйелдердің мойындалмауы
Эми Остин Холмс, Египет 23

Жаһандық басқару: демократиялық әлем тәртібі үшін табылған тұжырымдама
Питер Вахль, Германия 25

> ЕСКЕ АЛУ: АНИБАЛ КИХАНО, 1928-2018

Теңдессіз интеллектуал
Николас Линч, Перу 27

Күрескердің қуанышы
Ракель Соса Элизага, Мексика 29

> КЕДЕЙЛІКПЕН БЕТПЕ-БЕТ

Апартеидтен кейінгі кедейліктің негізгі ерекшеліктері
Джошуа Будлендер, АҚШ 30

Азаттық алғаннан кейінгі әл-ауқат: Грекиядағы кедейліктің жаңа бейнесі
Вассилис Арапоглоу, Греция 33

Латын Америкасындағы әйелдер неге кедейірек?
Джулиана Мартинес Францони, Коста-Рика 35

"Қайырымдылық экономикасы" игілікті мемлекет көлеңкесінде
Фабиан Кесль, Германия 37

Азық-түлік қауіпсіздігі туралы дискурс: XXI ғасырдың қиындықтары
Мұстафа Кош, Канада 39

> ТЕОРИЯЛЫҚ ПЕРСПЕКТИВАЛАР

Жаһандық қазіргі заман
Суджата Пател, Үндістан 41

> ПОЛЬШАДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТАНУ

Қайдамыз? Поляк әлеуметтануына оралу
Марта Бухольц, Германия/ Польша 44

Польша мен Германиядағы жас прекариат
Ян Чарзасти, **Юлиус Гардавски**, **Адам Мрозовицки**, Польша және **Вера Траппманн**, Ұлыбритания 46

Оңшыл партияларға неге дауыс береді?
Катаржина Дебска, **Сара Херзынска**, **Жюстина Косинска** және **Камил Трепка**, Польша 48

Жаңа қоғамдық саладағы әлеуметтанудың келешегі
Мачей Гдула, Польша 50

"Заманауи әлемде мәдени, нәсілдік және этностық жағынан гомогенді ұлттық мемлекет туралы ойлай алмаймыз. Демократияны тереңдету үшін сөйлеу құқығы берілмегендерді тыңдау – тарихи борышымыз."

Андреа Сильва-Тапиа

> Неолиберал замандағы феминизм:

Нэнси Фрейзермен сұқбат

Нэнси Фрейзер – бүгінгі күннің аса танымал сыншыл теоретигі және феминист ойшылдарының бірі. Ол Нью-Йорктегі әлеуметтік зерттеулердің Жаңа мектебінің философия және саясат профессоры. Арасында «Бөлу немесе мойындау? Саяси-философиялық биржа» (2003) бар белгілі жұмыстарында Аксель Хоннетпен пікірталасқа түсе отырып, ол әділеттілік пен әділетсіздіктің теориялық концепциясын ұсынады және әділеттілік екі әдіспен концептуаланады деп санайды: бөлінетін әділеттілік және мойындау әділеттілігі. Ол қайта бөлу де мойындау сияқты заманауи әділетсіздікпен күресте шешуші маңызға ие деген сенімде. Ол тек ғалым-феминист ретінде ғана емес, сонымен қатар белсенді ретінде феминизм мен феминистік мәселелер бойынша көп кітаптар мен мақалалар жариялады, соның ішінде «Феминизм тағдыры: мемлекеттік капитализмнен неолиберал дық дағдарысқа дейін» (2013) атты жұмысы да бар. Сұқбатты Германиядағы Йен Университетінің Әлеуметтану Кафедрасының Дамудан Кейінгі Қоғамдар жөніндегі Зерттеу Тобының әкімшілік директоры, Жаһандық диалог редакторының көмекшісі **Кристина Шикерт** жүргізді.

Нэнси Фрейзер.

К.Ш.: Билеуші немесе либералды феминизмді капитализм өз мақсаты үшін бейімдеді деген тұжырымды көрсеткен сіздің «Феминизм, капитализм және тарихтың айлакерлігі» деген мақалаңыздың жариаланғанына 10 жылдай уақыт өтті. Өз дәйектеріңізді баяндап беремес пе екенсіз?

Н.Ф.: Ол мақаланы әлемдік қаржылық дағдарыс орын ала бастаған және үміт пен өзгерістер туралы айтқан, президенттікке сайланған Б.Обама кезінде, яғни белгілі бір сәтте сәтте жазған. Бұл кезеңнің аса күрделі және қорқынышты сәт екенін мойындағанбыз, сондықтан басқа бірдеңе болуы мүмкін деген үлкен үміт бар кез еді. Тап сол сәт мені сол сәттің тарихы туралы ойға және жалпы феминизм тарихына жетелейді. Ұзақ уақыт бойы мен либералдық немесе үстем феминизм қабылдаған аталмыш бағыттармен келіспеген едім. Ол туралы бұрын жазғанмын. Қайта бөлуді мойындау және бағаламауға аса ден қоя отырып, осының барлығы маған нақ осы дағдарысты сәтті айқынырақ көруіме мүмкіндік берді.

Феминизмнің дамуымен қатар капиталистік қоғамның сипатында неғұрлым алға жылжу бар екенін айтып отырмын. 1960-жылдардың аяғы 70-жылдың басында

>>

феминизмнің екінші толқыны пайда болғанда біз шышында шыңда едік, қауіпсіз, әлеуметтін демократиялық немесе мемлекеттік капиталистік құрылыста тұрып жатырмыз деп ойлады. Біз осы құрылыс алып келген пайданың анағұрлым қауіпсіз екендігіне және феминизм ірі ойыншы бола алатындай анағұрлым радикалды эгалитарлық және демократиялық әлемге өтеміз деп ойладық.

Алайда, өзінің барлық күшін көрсетуге тиіс социал-демократияның дағдарысы орын алды және оның орнына біз неолиберализмнің артқанын байқадық. Бұл капитализмнің тіпті жаңа формасы болатын және феминист әйелдер – феминист әйелдер ғана емес, сонымен қатар қоғамдық қозғалыстың біраз прогресшіл субъектілері де – өте баяу болса да осыны мойындады. Басқаша айтсақ, біз мойындауға бағытталған бағдарламаны саяси экономиканың қалай өзгергенін түсінбей, бұрынғысынша жалғастыра бердік. Қайта бөлу туралы есімізден шығарып қана қойған жоқпыз, тіпті оны түсінбедік те немесе шынтуайтына келгенде, көп адамдар мұны түсінбеді де, расында біз неолиберализмге базбір позитивті маңызды нәрсені алып келдік. Оған өмірімізге енді ғана ене бастаған саяси-экономикалық регрессиялық жаңа тәртібі үшін заңдастыру немесе ақталудың құралы ретінде азат етуші харизмамызды қолдануға мүмкіндік бере отырып оған безбір харизмамен бірге заңдылықты бердік.

Дәйек мынадай болған еді: 2008-2009 жылдары біз дағдарыста болғандықтан, мен кеңірек масштабта ойлау, ерекше ойлау және нақты антинеолибералды жобаның бөлігі бола алатындай өзгерту немесе түзету жолымен феминизмнің жаңа түрін ұсыну қажет дегенге сенімді болдым.

К.Ш.: Өздерін феминист белсенділер немесе ғалымдар деп идентификациялайтын әйелдердің басым бөлігі өздерінің феминистік қызметіне күмәнмен қарағандарын көрді және сіздің үндеуіңізге жауап бергенін елестете аламын.

Н.Ф.: Эссе жарияланғаннан кейін оған пікір білдірушілер көп болады деп күттім, алайда күткенімнен анағұрлым аз пікір алдым, шынына келгенде мен өзім ортасында жүрген академиялық феминистік топтардан,тіпті олар менімен толық келіспеген күннің өзінде мені бір нәрсені дұрыс жасай алмайды және феминизмнің де жағдайы дұрыс емес деп ойлады. Біз өзгерткіміз келген әлем біз шынында біз өмір сүріп жатқан әлем емес деген сезім пайда болды. Дегенмен, осы қағида туралы ойланғысы келетіндер мен ойлағаннан анағұрлым көп болып шықты. Бұл айыптау емес прогресшіл неолибералды гегемонияның белгілі бір түрінің өзін жасақтай алғаны және сол уақыттың ақылға сыйымды мәні үшін шайқасты жеңуі екенін түсінудегі нағыз қажеттілік екенін мен сеземін. Курсты жақсарту және сонымен бірге түзету үшін қандай рөлді еріксіз ойнай алатынымызды түсіну қажет деп ойлаймын. Қара нәсілді әйелдердің тарапынан біздің ақ нәсілділердің үстемдігін әдейі жасағанымыз және түсті әйелдердің әртүрлі жағдайын тіпті сезіне де алмайтынымыз туралы айыптауларды тыңдау – ақ нәсілді феминист әйелдердің ешқайсысына да ұнамаған болар еді. Дегенмен, біз осындай айыптауларды тыңдауға және оларды жұтуға тиіс болдық және мен оны дұрыс деп ойлаймын. Алғашқы реакция – көбіне, қорғаныс реакциясы, бірақ сіз тап осы жағдайдан ұзақ уақытқа қаша алмайсыз.

К.Ш.: Алайда, мен либерал феминистер өздерін неолиберал күн тәртібін ұсынушылар ретінде емес, іргелі гендерлік теңсіздік үшін күресушілер деп санайды деген пікірдемін...

Н.Ф.: Бұл жерде «біз теңдік нені түсінеміз?» деген сұрақ туады. Теңдік – бәсекедегі интерпретациялармен қатар шиеленістегі концепциялардың ішіндегі маңыздылардың бірі. Либералдық интерпретациялар – мен меритократиялық интерпретация деп атайтын нәрсе. Бұл жердегі идея – әйелдер индивидуалдар және олар ер адамдар сияқты өздерінің ерекше дербес дарындарына сәйкес даму мүмкіндігін алуы тиіс. Теңдік бұл жерде кемсітуге негіз болатын кедергілерді жою талпынысы дегенді білдіреді; теңсіздік мәселесі кемсітудің бір көрінісі және осы дарынды тұлғалар, әйелдер кемсітуші кедергілерді жою отырып, ер кісілер алған биіктерге шыға алады.

Біріншіден, менің айтқым келгені, бұл – ерекше таптық идеал. Шынына келгенде, әйелдер өз табының ақ нәсілді ерлері арасында тең болғысы келеді деген сөз. Мен үшін феминизм – теңдіктің жыныстық иерархиясын диверсификацияламайтын, керісінше оны жоятын немесе барлық жағдайда неғұрлым төмендететін, сенімді және радикалды идея. Сонымен, бұл – меритократиялық теңдіктің идеясы және оны теңдік деп айтпас едім. Либералды меритократия теңдіктің интерпретация ретінде кейбір нақты пайдаға қол жеткізді, бірақ әйелдердің өте аз бөлігі үшін. Әйелдердің басым бөлігі шыны төбені сындырып жоғарыға щықпайды; олар жертөледе қалып қойды. Шыны сынықтарын жинап, сыпырады. Сондықтан мен либералдық, меритократиялық феминизм үшін феминизмнің балама түрін дайындауға қатысамын.

К.Ш.: Құрама Штаттар мен Еуропадағы оңшыл көшбасшылардың кейбірінің жеңісінен кейін экономикалық теңсіздікті жоюдың есебінен әлеуметтік қозғалыстардың «өзіндік ерекшеліктерінің» сыңаржақтылығы оңшылдар табысының негізі-міс деген мәселе талқыланды. Қарапайым түрде айтқанда, әйелдер – ортақ идентификациямызды мобилизациялар жалғыз біріктіруші фактор, осы пікірталастың феминистік қозғалыс үшін мәні неде?

>>

Н.Ф.: Бұл сұрақты әртүрлі деңгейде қарауымызға болады деп ойлаймын. Концептуалды деңгейде барлық кезде қозғалыстарды идентификация қозғалысы және таптық қозғалыстар деп бөлуді жаңсақ деп жүрмін. Таптық қозғалыстардың екі аспектісі бар: бөлу аясында мен теорияландыруға тырысқан құрылымдық аспект, дегенмен оны түсіндірудің басқа әдістері бар және олар кез-келген таптар күресі тіпті олар осы күреске тікелей жұмылдырылмаса да жеңіс немесе жеңілістің бейнесі сияқты күрестің бейнесін беретін идентификациялау аспектісін барлық кезде ие болады. Феминизм бірдеңесімен ерекшеленеді деп ойламаймын; әйелдердің субординациясы таптық қанау сияқты капиталистік қоғамдарда құрылымданған. Сондықтан феминизм – қозғалыстың бір типі, ал таптық қозғалыс – базбір басқа деп айтқанға ызаланамын. Біздің ізденістерімізде терең құрылымданған және негізгі қарама-қайшылықта жатыр деп ойлаймын. Соған қарамастан барлық қозғалыста идентификация бар.

Бірақ, идентификация бізді қателікке ұрындыруы мүмкін. Қазіргі кезде қиылысу деген сәнді сөз бар. Осы тілге қатысты кейбір сыни ескертулерім де бар, алайда бастысы – дұрыс. Бастысы, барлық әйелдер бір кемеде емес және жұмысшы табынан шыққандардың бәрі бір кемеде емес және терісінің түсі бірдей адамдар бір кемеде емес. Өзара қиылысатын құрылымдық ассиметриялар; биліктің, артықшылықтар мен кемшіліктердің т.т. ассиметриялары бар. «Біз бұл мәселелерді қарастырмаймыз, жәй ғана әйелдер туралы айтқымыз келеді» дейтін феминизм, ақыр соңында, тек әйелдердің мәртебелік тобының сөзін сөйлейді. Бұл – мен либералды, меритократиялық феминизм деп атайтын нәрсе. Феминизм капиталистік қоғамдардағы тап, нәсіл және т.б. қанаудың негізгі бағыттарына бірдей сезімтал болуы тиіс.

К.Ш.: Жақын арада сіз басқа да белгілі феминист ойшылдармен бірге кең көлемді феминистік қозғалысты құру туралы мәселені қозғадыңыз және «99% феминизм» идеясын ұсындыңыз. Осы бастама туралы бізге кеңірек айтып бере аласыз ба?

Н.Ф.: Бұл – біз Occupy Wall street қозғалысынан алған популистік тіл. Біреулер осы тіл әлеуметтанулық тұрғыдан аса шынайы емес деп айтуы мүмкін, бірақ ол өте қомақты мобилизациялық күшке ие және Кристина Лагард пен Хиллари Клинтонның феминизмінен алшақта екенін көрсетеді. Бұл – ұйымдарда әйелдерге немесе азшылықтарға жоғары лауазымдарды иемденуге кедергі келтіретін, сезілмейтін, көрінбейтін шектеулерге әйелдердің қалай душар болатындығы туралы феминизм. Осы бағытты түзетуге талпыныс соңғы онжылдықтарда, мен бұл жөнінде өзімнің эссемде жаздым, феминизм – феминизмнің маңызды, үстем бағыттары – базбір альянстарға немесе Хестер Эйзенштейн атап көрсеткендей, неолибералдық күштермен «қауіпті байланысқа» түсіп интеграцияланды. Осылайша, 1% құрайтын неолибералдық күштердің антитезисі «феминизмнің 99%» құрайтын бөлігіне айналды. Өте қарапайым риторикалық ұстаным. Феминизм шындығында осы жағдайға келіп тіреліп қалды. Және біздің бірдеңені күтір отырғанымызды көрсететіні – қызық нәрсе. Қажеттілігіміз де – осында.

«99% феминизм» шынында, әйелдердің басым бөлігінің жағдайына алаңдайды, себебі, олардың саны қоғамдық ұдайы өндіріс пен ақылы жұмыста үстем, неолибералды, монеталандырылған капитализм жағдайында ахуалдары тек нашарлау үстінде. Капитализмнің осы формасы капитализмнің бастапқы кезендеріне қарағанда, әрбір үй қожалығына шаққанда ақылы жұмыстың артуын талап етеді. Бұл әлеуметтік қамсыздандыру мен ұлттық деңгейдегі әлеуметтік қорғаудың барлық бағыттарының қарыздық міндеттемелерінің өсуіне алып келетін зиянға ұшыратады. Әйелдер әлеуметтік ұдайы өндіріс қауіптілігінің алдыңғы шебінде, «99% феминизм» осы аспектілердің бәрін неолибералды капитализмнің мәселелерімен байланыстырады. Бұл жүйені SDC(студенттер демократиялық қоғам үшін) деп атауға тырысып отырмыз, ал либералдық феминизм болса, жүйеге қолжетімділікті талдауға бағытталған, біз неолиберализмнің тіршілігіміздің құнын көк тиын ететін көрсетеміз.

К.Ш.: Алайда, тек сексист ғана емес, сонымен қатар гендерлік теңдікті тіпті қабылдамайтын кандидат Дональд Трамп үшін Құрама Штаттардың ақ нәсілді әйелдерінің 53% дауыс берді. «99% феминизм» идеясы осы әйелдерге де назар аудара ма?

Н.Ф.: Бәріне емес, бірақ басым бөлігіне деп ойлаймын. Олардың кейбіреулері Трампқа дауыс берген ер адамдарға ұқсайды; олар – Хиллари Клинтонды жек көретін республикашылдар, оған дауыс бермейді, еркін нарықты жақтайтын барлық іскер адамдарға дауыс бермейді т.т. Олардың көбі республикашылдар сияқты дауыс берді деген болжам бар, бірақ бәрі емес. Осы әйелдердің кейбірі Құрама Штаттардың шекарасынан тыс жерге өндірісті көшіру салдарынан тоқыраған, деиндустрияланған аймақтардың жұмысшы табынан, ал кейбіреулері – Оңтүстіктен. Соңғы жылдары Оңтүстіктің жаңа индустрияланууы нәтижесінде кәсіподақтар жойылды. Осы әйелдерді де жермен жексен етуге де тырысты. Жұмыссыздық, есірткіге тәуелділік және т.б. шырмаған шағын қалаларда тұратын ауыл әйелдері де бар. Бұлар феминизм немесе прогресшіл неолиберализмнің кез-келген түрін пайдаланып, оңай ұпай жинағысы келетін адамдар емес.

Әзірге әйелдер неге солай дауыс бергені туралы сүбелі, этнографиялық зерттеулер жоқ, бірақ ондай зерттеулер болады. Мен байқаған бірнеше сұқбаттан адамдардың ненін сезінетінін түсінуге болады. Әйелдер «Голливудқа жол» фильмі туралы әңгіменің жазбасын естігенде

>>

(сайлауға жақын қалғанда жарияланған жазбада Трамп қалаған әйеліне қол жүгірте алатынын айтып мақтанған еді) қатты қорланды, өздеріне қатысты құрметтің жоқ екенін көрді, әрине әйелдер оның бұлай сөйлегенін қаламайтыны рас, дегенмен барлық жағдайларды ескере келгенде Трамп олар үшін жақсы кандидатура болып қала берді. Сондай-ақ оның мексикалықтар немесе мұсылмандар туралы айтқанын ұнатпайтын адамдар бар, бірақ оларға деген жиіркеніштi және масқара қарым-қатынасқа қарамастан, тек сол ғана адамдардың өмірін жақсартуға уәде берді.

Әрине, Трамптың жақтастарының бәрі нәсілшілдер емес. Трамп сайлаушыларының арасында шынында нәсілшілдер бар және олар мені қызықтырмайды. Мені мазасыздандыратын басқалар және оларды көп деп ойлаймын, олар солшыл көзқарасты жақтауы да мүмкін. 2016 жылы Трампқа дауыс берген 8,5 млн американдықтар 2012 жылы Обамаға дауыс бергенін білеміз.

Қарашадағы сайлауда жалғыз балама үміткер Хиллари Клинтонның прогресшіл неолиберализм идеяларының көрінісі ретінде болуы аса маңызды сәт. Берни Сандерс те ерекше еді, бірақ сол сәтте ойыннан шығып қалды.

К.Ш.: Сонымен солшыл күштер осы 8,5 млн американдықты өздеріне қалай тартуы мүмкін?

Н.Ф.: Мен қолдап отырған «99% феминизм» саясаты Сандерс идеяларына ұқсас (оның атын идеяны қысқаша түсіндіру мақсатында қолданып отырмын) бірдеңені жаңғыртуға тырысады. Бұл кез-келген прогресшіл қоғамдық қозғалыстың идеяларын «99%» және «1%» арасында өзара бөлу талпыныстарына қарамастан өзіне қабылдауды білдіреді, олардың барлығы түбінде бірікті және бірге болды. Сандерстің идеялары жұмысшы табы және жұмысшы табы отбасыларымен байланысты жаппай медициналық қамсыздандыру, ірі банктердің монополиясы және тегін жоғары білім сияқты күнделікті мәселелерді біріктіруге тырысу болатын.

Жұмысшы табы туралы айтқанда, тек ақ нәсілді адамдар туралы айтпаймын. Құрама Штаттарындағы жұмысшы табының арасында әйелдер көп, олар өздерін тек жұмысшы табы деп есептейді. Сондықтан олардың күнделікті мәселелеріне назар сала отырып, мысалы: қылмыстық сот жүйесін реформалау проблемасы – бұл түсті тұрғындар үшін маңызды; әйелдер үшін маңызды репродукциялық бостандық мәселесі; идентификациялық проблема еместігіне қарамастан солай қабылданатын тең дәрежеде құрылымдық және материалдық басқа мәселелерде 99% пайда алып келеміз. Осыған байланысты «99% феминизм» басқа әлеуметтік қозғалыстарға үлгі деп есептеймін. Олай болса, ұсыныс жасаңыздар, мысалы: «экология 99%». Қоғамда осындай идеялар бар, бірақ бізге оларды анықтауға және белгілі бір дәрежеде біріктіруге мүмкіндік беріңіздер. ■

Хаттарды Нэнси Фрейзерге <frasern@earthlink.net> жолдауға болады.

> Демократия дағдарысы

Хок Бранхорст, Фленсбург университеті, Германия



Дағдарыстағы демократия – әлеуметтік ғылымдардағы кеңінен тараған талдау нысаны. Flickr / ItzaFineDay. Кейбір құқықтар сақталған.

Қатыгез, қанды және қатал таптық күрестен, жаһандық азаматтық соғыстар және әлемдік төңкерістерден кейін капиталистік мемлекет космополиттік (мысалы, Германия негізгі заңының 23-26 баптары), демократтық және әлеуметтік (Германия негізгі заңының 20 және 28 баптары) мемлекетке ығыстырылды. Жаһандық солтүстікте әділеттілік «қолданымдағы концепцияға» (Гегель) айналды.

Өндірістік қатынастар жартылай әлеуметтендіріле бастады, меншік, жеке және қоғамдық меншікті де қамтитын, сансыз ерекше қалыптарға ие болды. Капиталист және жұмысшы еңбек демалысын бір теңіз жағасындағы шипажайда өткізді. Біріншісінің терезесі теңізге қараса, екіншісінің терезесі көшеге қарады. Дегенмен, олар бір суда жүзді, ортақ жағажайда ойнады және балалары – бұл негізгі мәселе – ортақ мемлекеттік мектепте білім алды. Жұмысшы көлігі кішкентай, ал басқарушынікі үлкен болғанымен, екеуі де жол кептелісінде тұрды, себебі байлар үшін тікұшақ қона алатын алаңдары мен кедейлер үшін өрт қауіпсіздігі сақталған биік ғимараттар болмады.

Жаһандық Солтүстіктің байлығы Оңтүстіктегі құлдыраудың жоғары құнымен байланысты. Ұлттық шекараларға ие жалпыға бірдей игілікті көздейтін мемлекет ақ нәсілді, ерлердікі және гетеросексуалды еді. «Нақтылықтағы қарама-қайшылықсыз» нақтылықта әділеттілік те жоқ (Гегель). Демократия аяқталды – бұл барлық жерде орын алды – нәсілдік мәселелерде де, гендерлік мәселелерде де. 1960-шы жылдардан бастап жаңа әлеуметтік қозғалыстар осы мәселелерге қарсылық білдіріп, адам құқығын, нәсілге, әйелдер эмансипациясына, мүгедектерге, жыныстық идентификациясына, қоршаған ортаны қорғау және космополиттік мәдениетке қатысты азаматтық құқықты қорғауда жетістікке жете бастады. 1968 жылдың мамырында студенттер мен жұмысшылар Парижде біріккен кезде заманауи капитализмді шығармашылық сынау мен әлеуметтік сынауды (Болтански) біріктіру туралы арман

>>

орындалды-ау. Мүмкін емес нәрсені талап ету шындыққа жанасты. Алайда, бұл – саяси құқыққа алып келген экономикалық рецессия.

> Мемлекеттегі нарықтан нарықтағы мемлекетке

Чили (1973) мен Аргентинадағы (1976) Батыс қолдауын тапқан қанды әскери төңкеріс эксперименттік болды, ал Ұлыбритания (1979) мен АҚШ-та (1981) өткен сайлауда неоконсервативті электорат жеңісі мен бюрократтық социализмнің өзін-өзі жоюы (1989) неолибералдық жаһандану алдындағы соңғы кедергіні алып тастады. Бірнеше жыл ішінде мемлекеттегі нарықтар нарықтағы мемлекеттерге айналды. Қоғамдық құқық басымдығы жеке құқықпен реттелетін алпауыт (және әрі қарай күшейіп жатқан) трансұлттық тәртіппен алмастырылды. Ол Рим азаматтық құқығы сияқты империядағы үстем тап мүдделерін қолдау мақсатында ғана қызмет етті. Заңды формализм бізді бейресми басқарудан азат ете отырып, икемді бейресми заңмен толықты, яғни жаңа «Қос мемлекет» (Френкель) сұлбасын көрсетті: ресми статустық құқық және бейресми басқаратын заң.

Парадигмалық мысалдардың бірі – Еуротоп. 2015 жылғы дағдарыстың шырқау шегінде Грециядағы топтан шығарылуынан кейін Греция қаржы министрі шешімнің заңды негізі туралы сұрақ қойған болатын. Еуротоп төрағасы өз заңгерлеріне топтың процессуалдық нормаларының жоқ екендігін, сондықтан топ заңды негізінің жоқтығын және өлтіруден басқаның барлығын жасай алатындығын түсіндіруге шақырды.

Мемлекеттің экономикалық күші араласу үшін нарықтық конъюктураның сақталуына кедергі жасайды, ал ұйымдастырушы билік пен полиция «нарық жалпы ережелерінің» сақталуын және оған биліктің «кіріктірілуін» қамтамасыз ете отырып, «кәсіпорындағы қолдау көрсету» рөлін жақсы орындау үшін сол күйінде қалады (Хайек). Әлемдік нарыққа қосылу инвесторлардың салым салатын елді еркін таңдауына кепілдік берді. Мемлекет инвестор таңдай алмайды, яғни өндірістің тартымды жағдайлары үшін «түбіне жетудің» қатыгез бәйгесіне түсуге мәжбүр. Нәтижесінде таптар, мемлекеттер, ұлттар мен ұрпақ арасындағы әлеметтік дифференциация бас айналар биіктікке өрлеп барады.

Футбол – жаһандық қоғам көрінісі. Егер 1985 жылы ағылшын премьер-лигасының кәсіби ойыншылары өз жанкүйерлерінен екі есе көп табыс тапса, қазір олар 200 есе көп табыс табады. Ойыншылар табысының өсуімен билет құны да қымбаттады. Футболдың бұрынғы жанкүйерлері бұған ілесе алмай, жанкүйер болудан бас тартты, бос позицияға табысы көптер келіп жайғасты. Дәл осындай жағдайды стадион сыртында да көре аламыз: жаңа қоғамға кіруге түрткі беруге қауқары жоқ, саяси апатия, маскүнемдік және нашақорлықпен байланысты жезөкшелік орын алған кедей аудан. Дауыс беруге 30% аз сайлаушы келсе, қаланың бай аудандарында 90% астам сайлаушы келеді де оның алдыға жылжу қиялын қолдайды. Егер прогресс алғашқыға қарағанда баяу болса да, қомақты сомасы бар әмиян сақталады. Әрине, эволюцияның шексіз бәсекелестігіне негізделген нарықтық экономика жағдайында электораты тоқтаусыз жүдеп бара жатқан солшылдар әр сайлауда оңшылдарға жақындай бастауы күтілетін құбылыс.

> Әлеуметтік теңсіздік саяси теңсіздік негізі

Көпжылдық доминантты қарым-қатынасты құлдыратқан негізгі феминистік және мультикультурализм жетістіктері «әділ құнын» жоғалтуда (Роулз). Жұмыссыз, еврей, лесбий және бұрын сотты болған қара нәсілді әйел полиция және ерлер бандасы тарапынан сексизм мен зорлық-зомбылыққа ұшыраса, енді антисемиттік, гомофобтық, әйелдерді жек көрушілік сынды қате түсінік орын алған өз геттосының «туыстық қатынастарын» (Маркс) тастап кете алмайды.

Егер сайлау алды наукандар неолибералды нарықтық экономикаға саяси балама таба алмай, әлемдік нарыққа бейімделудің әртүрлі микроэкономикалық стратегияларына тән техникалық баламаларды ғана ұсынатын болса, демократия өмір сүруін тоқтатады.

Сауда орталықтарының «жалтыраған мүсәпірлігі» (Кант) өзінің қорқынышты, жалтырамайтын бақытсыз жүзін Ливия шөлінде, оңтүстік шекараларымыздағы теңіз бен лагерлерде көрсетіп жатыр. Бұрын босқындарға арналған Мория лагері орналасқан, қазіргі таңда депортация орталығына айналдырылған, өзіне тиесілі Лесбос грек аралын Еуропалық Одақ құрбандыққа шалып отыр. «Негізгі құқықтарға құрмет» (Еуропалық Одақ қызметіні туралы келісім-шарттың (әрі қарай ЕОҚК) 67 бабы), «баспана құқығына» халықаралық қолдау (ЕО негізгі құқықтары хартиясының 18 бабы), және «жер аудармау принципіне сәйкес» (ЕОҚК 78 бабы), «нәсілшілдік пен ксенофобия» жеңілген (ЕОҚК 67 бабы), «еркіндік, қауіпсіздік және әділеттілік кеңістігі» (ЕОҚК 4 бабы) үш түрлі шекара арқылы нақты заңға айналды. Антисанитария, дәрігерлік көмексіз және лық толы Лесбостағы Мория лагері – кірпіш қабырғаның алғашқы шекарасы, себебі баспана сұрағандар мен жаңа келгендер қабылданбай, заңсыз депортациялануда. Екінші шекара – орталығындағы босқындардың тұрғын үй кешендерін айнала орналасқан тікенді сым, шолу мұнарасы және қарулы күзет. Үшіншісі – теңіз және тастап кетуге ешкімге де рұқсат берілмеген арал. Теңіз нарығымызды қорғап жатқандықтан, шекара табиғи құқық элементіне айналды. Кім келсе де, бірден қамауға алынады, ұшу қылмыс сияқты. Каролин Видеман: «Мория сияқты орындар бүкіл ЕО жоспарланған. Оларды «қадағаланатын орталықтар» (неміс тілінде: «Kontrollierte Zentren») деп атау ойда бар. Бұл атау үшін қандай (неміс) аббревиатурасы болуы керек екендігі туралы ойланғың келмейді. ■

Хаттарды Хок Бранхорстқа <brunkhorst@uni-flensburg.de> жолдауға болады.

> Авторитарлық капитализмнің арта түсуі

Кристиан Фукс, Вестминстер университеті, Біріккен патшалық

Соңғы жылдары әсіре оңшылдар билігін күшейтіп, бекітті. Бізде АҚШ-та Дональд Трамп (Республикалық партия), Венгрияда Виктор Орбан (Фидес), Нидерландыда Герт Вилдерс (Еркіндік патиясы), Үндістанда Нарендра Моди (Үндістан халық партиясы), Түркияда Реджеп Тайып Ердоған (ӘДП), Германия үшін балама, Польшада Ярослав Качиньски (Заң және Әділеттілік), Францияда Марин Ле Пен (Ұлттық майданды құрды), Италияда Солтүстік лигасы, Ресейде Владимир Путин (Жалпыресейлік халықтық майдан) және т.б. бар. Осы үрдісті қаншалықты жан-жақты түсіндіруге болады? Бұл мақсат үшін қандай әлеуметтанулық категорияларды қолданған жөн?

Популизм ұғымын қолдану қажеттілігі туралы маңызды ұсыныс бар. Ян-Вернер Мюллер (2017) «Популизм дегеніміз не?» атты кітабында осы ұсынысты жаңартты. Ол еңбегінде популизмді «өзара сыбайластықтағы немесе адамгершілігі төмен элитаға қарсы […] өнегелі және унификацияланған адамдарды орнықтыратын саясатты ерекше моральдық тұрғыдан елестету, саяси әлемді қабылдау әдісі […] Популистер плюрализмге үнемі қарсы: популистердің айтуынша, олар және тек қана олар адамдар атынан сөйлей алады» деп анықтайды. Сондай-ақ, оның пікірінше, популизм – «демократия үшін қауіп» төндіретін және «азаматтық қоғамды жаншуға» ұмтылатын «сәйкестену саясатының жалғыз түрі».

Мұндай әдістер солшыл СИРИЗА, Эво Моралес, Подемос немесе Берни Сандерс және оңшыл Дональд Трамп, Герт Вилдерс немесе Марин Ле Пен үшін бір категорияны қолданады. Нәтижесі – тоталитаризм іліміндегі сияқты әсіре оңшылдар солшылдармен салыстырылып, алғашқысының қауіптілігі бәсеңдейді. Мюллер үшін Дональд Трамп пен Берни Сандерс – популистер. Берни Сандерс, әрине, стандартты саясаткер емес, бірақ Трампқа қарағанда, оның демократиялық бағдарына қатысты ешқандай күмән жоқ.

2018 жылы «Цифрлық демагог: Трамп және Твиттер заманындағы авторитарлық капитализм» кітабымда ұсынылған әдіс сыни саяси экономияны, идеология сынын және сыни психологияны біріктіреді. Оңшыл авторитаризм (ОА) төрт бөлшекті қалыптастырады (1 суретті қараңыз): төменгі көшбасшы қажеттілігіне сенімділік; ұлтшылдық; дос/жау сызбасы; жауынгер патриархат (заң және тәртіп, соғыс пен әскерді идеалдандыру, өзі қалыптастырған жауын репрессияға ұшырату, консервативті гендерлік қарым-қатынас). ОА әлеуметтік мәселелердің негізі мен себебі болатын таптық құрылымдар мен капитализм рөлінен назарды басқаға аудару идеологиялық мақсатына қызмет етеді. Босқындар, иммигранттар, дамушы елдер, мұсылмандар және т.б. «қасқырдың аузы жесе де қан, жемесе де қан» күйінде қалыптастырылады және жұмыссыздық, төмен жалақы, экономикалық тығырық, әлеуметтік

1 сурет: Оңшыл авторитаризм үлгісім

Дереккөз: С.Фукс, 2018.

>>

қызметтердің азаюы, тұрғын үй дағдарысы және қылмыс сияқты мәселелерге кінәлілер болып көрсетіледі. Трамп деиндустриализация мен әлеуметтік құлдырауда Мексика мен Қытайды кінәлап отыр, бірақ ешқашан американдық капиталдың АҚШ-та, сыртқы капиталдың шоғырланған жерлерінде, оның ішінде қытайлық потогондар мен мексикалық макиладорлар да бар – жұмысшыларды қанап отырғандығы туралы тіс жармайды.

ОА – сана қалыбы емес, құрылым емес, қоғам түрі емес. Бұл – қоғамның әртүрлі деңгейінде: индивидуалдылық (тұлғаның авторитарлық құрылымы, сана, саяси ғадет), саяси топтар мен қозғалыстар, идеология, институттар мен барлығының жиынтығы – қоғамда орын алуы мүмкін процесс. Оңшыл экстремизм мен фашизм – зорлық-зомбылық пен терроррға саяси құрал ретінде төзімділік танытатын немесе белсенді қудалайтын ОА-ның нығаюы.

ОА күшеюін культуралистік ұғыну «постматериалистік» қоғамның ұрпақаралық қақтығысқа, яғни аға ұрпақ консервативтік құндылықтарды ұстанып, өткені туралы армандайды, – алып келгендігін түсіндіреді. Бірақ, мысалы, постматериализм гипотезасы 2017 жылы өткен австриялық федералды сайлауда аса оңшылдар 16-29 жас аралығындағы сайлаушылар арасында беделге ие болып (30%), 60-тан асқандар арасында тек үшінші орында болғанын түсіндіре алмайды.

2 сурет: АҚШ пен ЕО-тағы ІЖӨ жалақы үлесі, кезеңдермен

Мәліметтер ресурсы: АМЕКО.

3 сурет: АҚШ пен ЕО-тағы ІЖӨ капитал үлесі, кезеңдермен

Мәліметтер ресурсы: АМЕКО.

Баламалы ұғынуды саяси экономиядан табамыз. Осы орайда сыни саяси теоретик Франц Л. Нейманның 1957 жылы жарияланған эссесі пайдалы. Оның пайымдауынша, оңшыл авторитаризмнің пайда болуы еңбектен оқшауланумен (2 және 3 суреттерді қараңыз); деструкциялық бәсекемен; әлеуметтік құлдыраудан қорқып туындаған әлеуметтік оқшауланумен; саяси жүйеден, саясаткерлер мен саяси партиялардан саяси оқшауланумен және аса оңшыл топтардың «қасқырдың аузы жесе де қан, жемесе де қан» саясатын алға жылжыта отырып, үрейдің институттауымен байланысты.

Авторитарлық капитализм – неолибералды капитализм теріс диалектикасының нәтижесі. Нарық еркіндігі мен әлеуметтік еркіндік арасындағы қарама-қайшылық 2008 жылғы құлдыраудан кейін жаңа сапаға айналған теңсіздік пен дағдарыстың тереңдеуіне алып келді. Буржуазия мен социал-демократияның неолибералдануы, солшылдардың әлсіздігі мен таптық саясат және тап талдауының маңыздылығына дұрыс баға бере алмаған сәйкестенудің постмодерндік саясаты әсіре оңшылдар мен авторитарлық капитализмнің күшеюіне жол берді. Неолибералды капитализм оқшауландыды әртараптандырды. Харви, Хардт, Негри және мен басқа жерде жеке меншікке құқықтан айыру және қоғамның капиталға бағынуы арқылы қарапайым жинақталуды сезінуіміз үшін неолиберализм барлығын тауарға айналдырғанын баяндағанбыз. Дэвид Харви: «Жаппай оқшаулану «Жаулап алу», сондай-ақ оңшыл поппулизмді, фанатиктік ұлттық және нәсілдік әрекетін туғызды. Дональд Трамп – оқшаулану президенті». ■

Хаттарды Кристиан Фуксқа <christian.fuchs@triple-c.at> жолдауға болады.

> Этникалық азаматтық - заңсыз азаматтық

Андреа Сильва-Тапиа, Гумбольд атындағы Берлин университеті және **Юстус Либидж** Гиссен университеті, Германия

> Отарлық әлемдегі азаматтық және мемлекеттік құрылыс

Азаматтық – нақты анықтамасы жоқ ұғым және оның мағынасы хақындағы пікірталас алаңы кең. Біреу үшін, ол – ұлт немесе мемлекет мүшесі екендігін көрсететін заңды статусты ғана білдірсе, екінші адам үшін – сәйкестену формасы. Әртүрлі анықтамаларды біріктіре және басқалардың ішінде Т.Х.Маршалл, Маргарет Сомерс, Т.К.Уммен, Энджин Ф.Изин және Патрисия К.Вуд сынды авторлардың ізімен жүре отырып, азаматтықты саяси және жағрафиялық кеңістік мүшесі болудың заманауи түрі деп анықтауға болады. Сондықтан «азаматтық» ұғымы ұлттық мемлекетке заңды және символдық мүшелігін білдіреді. Ұсынылған анықтама қарапайым болып көрінгенмен, «азаматтық» ұғымы пайда болған тарихи контексті қарастырғанда, ол күрделене түседі.

Заманауи қалыптағы азаматтық ұлттық мемлекет генезисімен қатар дамыды. Азаматтық – заманауилықпен, мемлекет құрумен және мүше болу сезімімен байланысты ұғым. Мұны 18 ғасыр аяғына дейін созылған, француз және американдық революцияларда және үлгі-мемлекет ізімен мемлекет құратын отар елдер тәуелсіздігінде көрініс тапқан ұлттық мемлекет идеясынан көруге болады. Заманауи ұлттық мемлекет – тәуелсіз, жазылған конституциясы бар, тең құқылы азаматтар атынан басқарылады. Осылайша, заңдылық принциптері монархиядан (немесе Құдай берген құқықтан) тең құқылы азаматтар еліне өзгерді. Дегенмен, «азаматтық» және «ұлттық мемлекет» концепциялары ұлттық мемлекет құрудың жалғыз (еуроцентристік), колониялық әлі де басқарылатын және әрекет ететін, әдісіне негізделген.

Заңсыз азаматтық – заманауи патриархаттық, еуроцентристік, христиандық әлемдік жүйеге кіріктірілген колониялық азаматтықтың тағы бір атауы. Колониялық әлемдік жүйе қай топ мәртебеге ие және одан жұрдай екендігін анықтайтын жаһандық нәсілдік/этностық иерархиялар арқылы әрекет етеді. Аня Вайстың пікірінше, нәсілшілдік туралы «ұзақ мерзімді және тұрақты маркер болжамды әртүрлілікті ақиқат ретінде ұсынуды ынталандыра отырып, әлеуметтік классификацияға, практика мен институттарға ықпал ету арқылы маркердің биологиялық немесе тұрақты дамудың басқа түріне жататындығына қарамастан сол категория ұжымына шектеулі құқық берілгенде» ғана айта аламыз. Этностық немесе нәсілдік азаматтықты бүкіл әлемдегі байырғы халықтар мен этникалық азшылықпен қатар этникалану/нәсілшілдену процестерінен зарбап шегіп жатқан мигранттар да сезініп отыр (Германиядағы түріктер немесе АҚШ-тағы латын американдықтар сияқты). Этникалану процесі топты «құнсыздандыра» отырып, нәсілдік немесе мәдени ерекшеліктерінен гомогенді топ ретінде ұсынады.

Еуроцентристік әлемдік жүйеде ұлттық мемлекет идеясында ұлт – заманауи мемлекет құру мен оның заңдылығының іргетасы. Ұлт және заманауи мемлекет арасындағы қатынас айқын болып көрінеді және күнделікті өмірде оған күмән келтірілмейді. Әдетте, «ұлт», «мемлекет», «ел» ұғымдарын өзара алмастырып қолдана береміз. Кейде азаматтықты олардың синонимі ретінде де қарастырамыз.

> Заңды және заңсыз азаматтық

Ұлтты біртекті мәдени топ ретінде біріктіретін адамдар заңды азаматтар қатарында болса, ал заңсыздардың қатарында – этностық азаматтар. Соңғылары ел азаматтары болғанымен, заңсыз немесе «нақты» емес. Этникалану және «құнсыздану» жарысымен

>>

> **“Нәсілшілдікпен байланысты азамат, заңсыз азамат үнемі бір топ өкілі ретінде сипатталады және ешқашан жеке субъект болып табылмайды”**

байланысты заңсыздық – теңсіздіктің ерекше түрі. Ол адамға қолжетімді абырой мен мүмкіндікке ықпал етіп, кемсіту мен қорлауға жол береді. Бұл теңсіздік ұлттық мемлекеттің құрылуымен пайда болған азаматтық теңсіздіктен басталғанымен, оған дейінгі классификация мен құрылымдардан бастау алады (ұлттық мемлекет құрғанға дейінгі немесе отарлау кезеңі). Ұлттық мемлекет құрылысының немесе тәуелсіздік үшін қозғалыстың көшбасшылары мапучи (Чилидің байырғы халқы) немесе Үндістандағы солтүстік-шығыстықтар (Үндістандағы бірнеше этникалық топ өкілдері, оларға стереотиптер таңылған және осындай әдіспен шеттетілген) жағдайларындағыдай өзгешеліктерді шетке ығыстырып, гомогенді ұлттық идентификацияны қалыптастырды. Осы жағдай бүгінгі күні этникалық мигранттар басынан да (Германиядағы түрік мигранттары) өтіп жатыр. Чилидегі мапучи және Үндістандағы солтүстік-шығыстықтар өнеркәсіп дамуы меже қылған, жұмысқа орналасу және білім алу мүмкіндіктері төмен аудандарда өмір сүреді. Екі топ та мемлекетпен және полициямен (солтүстік-шығыстағылардың жағдайында әскермен де) конфликтіде, ал олардың идентификациясы гегемонды ұлттық сәйкестенуге қарама-қайшы. Солтүстік-шығыстағылар халықтың қалған бөлігі тарапынан да зорлы-зомбылық пен кемсіту көреді, әсіресе солтүстік-шығыстан Дели, Мумбай немесе Бангалор қалаларына көшкенде.

Заңды мойындалғандарына қарамастан, заңды және заңсыз азаматтар – екі түрлі азамат. Дегенмен, кеңістік кейінгісін екінші сортты ретінде төмендетіп, тек біріншісіне арналған. Заңсыз азаматтарға бірнәрсе «жетіспейді», олардың мәдениеті мен ғадеті кем қарастырылып, қоғамның басқа бөлігіне көрінбейтін кемсіту мен қорлауға ұшырайды.

> Демократия үшін салдары

Азаматтық – жеке индивидтерге қатысты ұғым, бірақ мәселе нәсілшілдікпен немесе этностармен байланысты болғанда, ол индивидуалдылығын жоғалтады. Нәсілшілдікпен байланысты азамат, заңсыз азамат үнемі бір топ өкілі ретінде сипатталады да: «иммигранттар», «арабтар», «мұсылмандар», «байырғы халық», «солтүстік-шығыс үндістері», ешқашан жеке субъект болып табылмайды. Индивидуалдылық ақ нәсілді адамдар үшін сақталған. Нәтижесінде, ақ нәсілді еуропалықтың немесе еуропалық ұрпақтың сәтсіздігі жеке қателікке жатқызылады; олар дара азамат болу артықшылығына ие. Бұл «ақ артықшылық» деп ұғынылды. Екінші жағынан, колониялық субъект сәтсіздігі, заңсыз азамат қателігі оның мәдениетіне, ұлтына, нәсіліне, этносына жатқызылады және ешқашан автономды азаматпен байланыстырылмайды. Заңсыз азаматтар, «ақ артықшылыққа» ие адамдар білмейтін, этникалық тиістілігінің және нәсілінің тұтқыны. «Ақ артықшылық» көрінбейтін диспозиция қызметін атқарады: артықшылыққа ие адамдардың этносы не нәсілі ешқашан айтылмайды және мойындалмайды. Ол – жоқ, сондықтан индивидуалдылық еркіндігі бар. Артықшылыққа ие адамдардың жетістіктері мен сәтсіздіктері олардың этносының не нәсілінің емес, жеке жетістігі деп қарастырылады.

Белгілі бір топтардың тәжірибесін, олардың талаптарын елемеу конфликтіге және зорлық-зомбылыққа алып келуі әбден мүмкін. Заманауи әлемде мәдени, нәсілдік және этностық жағынан гомогенді ұлттық мемлекет туралы ойлай алмаймыз. Демократияны тереңдету үшін сөйлеу құқығы берілмегендерді тыңдау – тарихи борышымыз. ■

Хаттарды Андреа Сильва-Тапиаға <andrea.silva-tapia@sowi.uni-giessen.de> жолдауға болады.

> 1994 жылдан кейінгі

Оңтүстік Африкадағы демократияның қателігі

Хленгиве Ндлову, Витватерсранд Университеті, Оңтүстік Африка

Rioting and Writing кітабы #FeesMustFall қозғалысының нәтижесінде жарық көрді және студенттік белсенділердің мақалаларын жинақтады. Авторлық құқық: SWOP.

1976 жылғы Соуэтодағы студенттердің көтерілісінен кейін күрескерлік рухы жағынан бәлкім кем түспейтін мықты студенттік қозғалыс соңғы жылдары Оңтүстік Африкада белең алды. #FeesMustFall қозғалысы 2015 жылы бастау алып, 2016 жылға дейін созылды. Талаптар тегін білім алуға, сондай-ақ жоғары оқу орындарын қайта құру және отарсыздандыруға қол жеткізу арқылы жүзеге асты. Қозғалыс барлық мемлекеттік университеттерді қамтыды және университет студенттері мен штаттағы қызметкерлер арасындағы бірегей одақпен сипатталды. Күрестің негізі – демократия ұшыраған сәтсіздіктермен тікелей конфронтация және 1994 жылдан кейін Оңтүстік Африкалықтарға сатылған «Нұрланған ұлт» идеясының қателігі.

Демократия тұжырымдамасы демократиялық жолмен сайланған билікті, еркін және әділ сайлауды және әртүрлі адам және тұлға құқықтарын іске асыруды қамтитын түрлі түсініктерге ие болса да, Оңтүстік Африкалықтардың басым бөлігі үшін демократия құндылықтары халықтың көпшілігінің тарихи ерекшеліктерімен терең байланысты. Ғасырларға созылған құлдық пен отаршылдықтан басқа, қара нәсілді адамдарды әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі және экономикалық мүмкіндіктерден оқшауландырып, шеттететін апартеидтің нәсілдік жүйемен күреске 46 жыл болды. Қара нәсілді Оңтүстік Африкалықтар демократияның шынайы бейнесін асыға күткен. Ең бастысы, күресті бастаушылардың бірі, «Нұрланған ұлттың» идеясын ұсынған епископ Десмонд Туту, апартеид жіктеген Оңтүстік Африкалықтардың әлеуметтік-мәдени және экономикалық ресурстарға тең мүмкіндіктері бар бір ұлтқа айналатынын мәлімдеген.

#FeesMustFall қозғалысы демократия-фарс негізінде қалыптасқан күрес болса, «Нұрланған ұлт» – миф. Дегенмен, Витватерсранд (Витс) университеті және Кейптаун Университеті (КУ) сияқты тарихи қалыптасқан ақ институттардың көпшілігі, қара нәсілді студенттердің санын көбейту арқылы студенттер ортасын өзгерткенін мақтан тұтады, алайда, бұл – жалған. Осы екі университет бұрынғыдай мәдени және эпистемиялық күш көрсетуімен тамырын тереңге жайған елдегі ең қымбат жоғары оқу орындарының қатарына жатады. Сонымен қатар, қара нәсілді студенттердің саны өсіп келе жатқанымен, мекемелердің географиялық, мәдени және экономикалық тұрғыдан жоғары әлеуметтік мәртебесі бар.

Оңтүстік Африкада 1994 жылдан кейін әуелден шеттетілген топтар демократиялық диспенсациядан жеңіске жетеді деп күтілді; негізгі азаттық партиясы, Африка Ұлттық Конгресі (АҰҚ) «барлық адамдар үшін жақсы өмір» деген ұранды ұстанды. Адамдар өз өмірін Қалпына Келтіру және Дамыту Бағдарламасының (ҚКДБ) саяси құжатында көрсетілгендей,

>>

еркіндіктің Хартиясы ұсынған, сапалы тұрғын үй, су, электр қуаты, санитария және жұмыспен қамтылу мүмкіндігіне қол жеткізуді қоса алғанда, барлық салаларда, жақсарады деп ойлады. 1994 жылдан кейінгі қара нәсілді елдімекендерді жойған, қызмет көрсету саласына қатысты наразылық толқыны, 2012 жылы Марикандағы қанды қырғын секілді еңбек секторына қатысты зорлық-зомбылық және басқа да азаматтардың арасында #FeesMustFall наразылықтары оңтүстік африкалық мемлекеттің демократиядан күтілетін нәтижелерін қамтамасыз ете алмайтындығын көрсетеді.

Оңтүстік Африка университеттерін қалыптасқан қоғамдық тәртіптен бөлуге болмайды. 1994 жылдан кейін демократиялық дағдарысты түсіну үшін Африкадағы тәуелсіздік жөніндегі басқа келіссөздер сияқты Оңтүстік Африканың демократияға көшуі туралы келіссөздерге қайта оралу маңызды. Келіссөздер жай ғана «бейбіт ауысуға» қол жеткізу үшін барлық күшін сарқа жұмсап жатқан сияқты бетпердені киген тараптардың стратегиялық орын ауыстыруын білдірді. Бұл Оңтүстік Африкалықтардың дауыс беру мен ұйымдастыру құқығын жүзеге асыру үшін тек саяси билікке жетуі құқығына – 1994 жылдан кейін де зорлық-зомбылық қаупі төніп тұрған құқығына – ие болды. Екінші жағынан, экономикалық күш-қуат пен жер, банк және шахта секілді стратегиялық ресурстар супрематизмнің ақ жүйесінің үстемдігін сақтап қала отырып, сол бұрынғы меншік иелерінің қолында қалды. Бұл әлі де қара нәсілді халықтың 80% жуығын экономикадан алшақтатады. Сондықтан, құрылымдық экономикалық теңсіздіктерге назар аудармай, 1994 жылғы Оңтүстік Африкадағы демократия туралы сөз қозғауға болмайды.

#FeesMustFall қозғалысы тегін білімге бірдей қол жеткізуді, академиялық жобалар мен университеттік мәдениетті отарсыздандыру мен өзгерту, оқшаулау мәселелеріне қарсы тұруды талап ету мақсатында пайда болды. Бір қызығы – тарихи тұрғыда қара университеттер де мысалы, Форт Харе Университеті (онда африкалық күрестің көптеген нышандары пайда болған), осы күреске қатысты, себебі оларды тарих жадында сақтайды. Алайда, тағы бір мәселе туындады, күрес халықаралық назарда болу үшін Витс Университетінде басталғандай, етіп көрсете отырып, Оңтүстік Африканың ақ экстремистік БАҚ-ның тарихи ақ университеттерді романтизациялауы қажет болды. Ең бастысы, #FeesMustFall Кейптаун Университетінде #RhodesMustFall қозғалысын оқу жоспары мен жоғары білім беру жүйесін қайта құру және отарсыздандыру мәселелерін көтергеннен кейін бірнеше ай өткен соң пайда болды. Отарсыздандыру жобасымен сөзсіз байланысты осы күрес онтологиялық және эпистемологиялық жетістіктер арқылы университеттерді коммерциализациялау және маркетингтің жаһандық жобасын сынға алудың бір бөлігі болды.

Тарихи ақ институттар студенттердің саны бойынша өзгергенін айтса да, құрылымдық-жүйелік ерекшелік нәсілдік белгілері бойынша теңсіздік орын алып отыр. Мардымсыз төлемдер төлеуге мүмкіндіктері бар адамдар – көбінесе жағдайы бар ақ студенттер мен қара нәсілді орта таптың шағы тобынан шыққан бірнеше студенттің мүмкіндіктерін көрсетеді, ал қара нәсілді оқушылардың көпшілігі жүйелі түрде «Нұрланған ұлт» ұғымын жеңе отырып, шеттетіледі. Сонымен қатар, халықаралық секілді Оңтүстік Африканың да академиялық қызметкерлері – ақ нәсілді, ал оқу бағдарламасы, көбінесе Еуроцентрлік болып қалуда. Бұл келіспеушілік пен мәдени шиеленістерді тудырады. Академиялық қызметкерлердің басым бөлігінің онтологиялық және эпистемологиялық білім берудің Афроцентристік әдістерін қабылдауға қабілетсіздігі – кедей ауылдардағы көптеген қара нәсілді студенттер үшін өзекті мәселе болып қала береді.

#FeesMustFall қозғалысы нақты демократия мен Нұрланған ұлт» идеясын жүзеге асыру мақсатында демократиялық ұйымдастырудың сәтсіздіктеріне қарсы тұрудан пайда болды. Жоғары оқу орындары мен мемлекет үшін үлкен қиындық алып келгеніне қарамастан, қозғалыстың өз мәселелері де жетіп жатыр еді. Алғашқы кезеңдерде қозғалыс саяси, нәсілдік және таптық тұрғыдан ынтымақтастығымен ерекшеленген. Алайда, құрылғаннан бастап идеологиялық және гендерлік мәселелер бойынша ішкі демократияның болмауынан зардап шекті. Қозғалысты әйелдер бастағанына қарамастан, күресте басым болған ер азаматтар әйелдер мен табиғи жыныстық белгіге сәйкес емес адамдарды қасақана ығыстырып, билікті алды. Алайда, #FeesMustFall-тегі әйелдер өздері күресіп жүрген патриархаттық жүйені жаңғыртуға толығымен қарсы еді. Бұл қозғалысты бөлді, өйткені көбісі бөлінуді диссиденттердің қолдауының кесірі деп білді. Сонымен қатар, мемлекет пен университеттер тым қатаң шараларды жүзеге асыра бастады.

Арнайы полиция бөлімшесі әртүрлі кампустарға орналастырылды және шамадан тыс күш қолдануға өкілеттікке ие болды. Студенттік белсенділер қамауға алынды, кейбіреулері университеттен шығарылды. Демократиялық емес мемлекеттің репрессиялық сипатын ескере отырып, қозғалыс кері шегініп, күресті жетілдірудің баламалы тәсілдерін қарастыруға мәжбүр болды.

#FeesMustFall қозғалысына қазіргі уақытта түсініксіз жағдайда қалып отыр. Кейбір студенттік белсенділер әлі де болса түрмеде азап шегуде, ал кейбіреулері сот істеріне қатысып жүр. Оңтүстік Африка мемлекеті кедейлерге арналған тегін білім беру жағынан алға жылжыса, білім берудің сапасы мен отарсыздандыру үшін күрес жалғасуда. Демократия 1990-жылдары Оңтүстік Африка көшелерінде болған оқиға болып қала береді. Ол Нелсон Мандела мен Роббен аралынан шыққан басқа саяси тұтқындардың соңғы жылдардағы күресінің белгісімен тәмам болды. Оңтүстік Африкалықтардың көпшілігі үшін демократия – қателік, ал «Нұрланған ұлт» – миф болып қалады. #FeesMustFall белсенділері үшін күрес жалғасуда, ал әйелдер мен басқа маргиналданған органдар үшін демократия ғасырларға созылатын күрес болып қала берді. ■

Хаттарды Хленгиве Ндловуға <hlengiepn@gmail.com> жолдауға болады.

> Афиныдағы демократия

Герасимос Куезелис, Афины университеті, Греция

Греция парламенті алдында қатаң үнемдеуге қарсылық көрсету
Flickr / konterz. Кейбір құқықтар қорғалған.

Қазіргі уақытта бірбеткей демократия туралы әңгіме мінсіз көрінуі мүмкін, бірақ нақты қолданыстағы әлеуеті – өте шектеулі. Жақында ғана шыққан әдебиеттердегі парламенттен тыс елеулі демократиялық бақылау идеясы утопиялық белгілері бар радикалды шағым сияқты көрінеді. Жағдайларды сыртқы акторлар – демократиялық құрылымданбаған халықаралық ұйымдар – еріксіз қабылдатқанда, «демос», «халық» режимде бекітілген билік пен бақылауды қалай жүзеге асырады? Грекияда «өзара түсіністік туралы меморандумдарға» негізделген шарттар – демократияның жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін шарттар емес. Парламент – халық өкілдері – дербес әрекет ете алмайды; олардың шешімдері, белгілі бір деңгейде, алдын-ала анықталған. Қазіргі уақытта бірбеткей демократия туралы әңгіме мінсіз көрінуі мүмкін, бірақ нақты қолданыстағы әлеуеті – өте шектеулі. Жақында ғана шыққан әдебиеттердегі парламенттен тыс елеулі демократиялық бақылау идеясы утопиялық белгілері бар радикалды шағым сияқты көрінеді. Жағдайларды сыртқы акторлар – демократиялық құрылымданбаған халықаралық ұйымдар – еріксіз қабылдатқанда, «демос», «халық» режимде бекітілген билік пен бақылауды қалай жүзеге асырады? Грекияда «өзара түсіністік туралы меморандумдарға» негізделген шарттар – демократияның жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін шарттар емес. Парламент – халық өкілдері – дербес әрекет ете алмайды; олардың шешімдері, белгілі бір деңгейде, алдын-ала анықталған.

Ұлттық егемендіктің, парламенттің дербес шешім қабылдау құқығы сияқты, ішінара құлдырауы – қаржылық сипатындағы және Греция қарызы сынды қаржы салдары орын алған дағдарыстың (көпшілік үшін ақталған) нәтижесі. Қатаң үнемдеу мен ұлттық егемендіктің ішінара құлдырауына алып келген дағдарыс, шын мәнінде де, қаржылық – бұл тұрғыдан экономизм басымдығы дұрыс – бірақ, ол әлеуметтік-саяси, сондай-ақ идеологиялық себептер бойынша да қаржылық. Оның әлеуеті мен қажеттігі реттеуші әлеуметтік мемлекет қарусыздануынан; қарсылас жоқ жағдайда қиратушы либералды идеологияның басым болуынан; экономиканың бірнеше секторы арасындағы қатынастардың, саяси және әлеуметтік бақыланбайтын, қайта құрылымдануынан; әсіресе, капитал консолидациясы мен экономикалық билік блогын ұйымдастырудан қалыптасады. Осылайша, күштердің нақты арақатынасы дағдарысқа жол беріп, қуаттандырды және қанады.

«Неолибералдық үстемдік» термині өте қарапайым болғанымен, демократияның құлдырауы, әу бастан-ақ, үстемдіктің осы түрін жаулап алатын, заңдастыратын және кеңейтетін дискурстың («неолиберализм») таралуымен қатар жүрді. Грек дағдарысы тұрғысынан, әсіресе демократияның түбегейлі деконструкциясы неолиберализмнің мейірімсіз ақиқаттығы сияқты айқын көрінеді. Дискурстың басымдығымен байланысты оқиғалар жиынтығы, оның көріну жағдайлары, сондай-ақ оның салдары, капиталистік ұдайы өндірістің

>>

динамикасы, таңылған қысқа мерзімді үрдістер әлеуметтік авторитаризмді нығайтуға бағытталған.

Саяси өзгерістерге дейін, 2010-2015 жылдар аралығын сипаттайтын бірнеше кең талқыланған осьтерді төменде келтіремін:

• Экономикалық қуат пен оның «элита» өзегіне дейін өтіп кеткен және ішкі экономикалық мүдделерді саяси мүдделермен үйлестіретін жанжал сипаты және ауқымымен ерекшеленетін өндірістен тыс әлеуметтік ұйымдастыру саласына араласуының түбегейлі күшеюі.

• Бұқаралық ақпарат құралдарын және мәдени әдістерді (әсіресе, партиялық негізде ұйымдастырылған монополиялық БАҚ және баспасөз кешені) толық коммерцияландыру.

• Саяси ұсыну процесінің төмендеуі және коммерциялық маркетингке ұқсас реконструкция (коммерциялық өнім ретінде және телеарна «жұлдыздары» ұсынған «шектен шыққан» саясат тараптары).

• Тауар айналымының «соқыр» жолы (нарық жол көрсетеді) – басты қағидасы болған негіздеменің кең таралуы.

• «Демократиялық басқару» ретінде таңылған және заң шығару органы есебінен (саяси сипатқа ие, еркіндікпен шектесіп жатқан парламенттің мақұлдауынсыз және сот араласуынсыз, министрліктер деңгейінде шешім қабылдау) атқарушы және ішінара сот билігін үнемі кеңейту арқылы жүзеге асырылатын процесс.

• Ұлттық қоғамдық бірігу және халықаралық тәуелділік («Үштік талаптарын» күнделікті негіздеу) арқылы мемлекеттік егемендікті тұрақсыздандыру.

• Салық және ақша-несие саясаты саласы, сондай-ақ Брюссельде қабылданғанның (шын мәнінде, «ерекше жағдай» жасау) басым бөлігі сияқты жарнамадан алшақ және парламент үшін көрінбейтін, демократиялық бақыланбайтын «аралдар» құру.

2015 жылы саяси өзгерістер орын алған кезде осьтер де өзгерді. Осылайша, демократиялық процестерді нығайтудың мықты және айқын мақсаты – Сириза үшін орталық стратегиялық мүмкіндік – соңғы осьтің үрдісін, негізінен, толық өзгерте алды, бірақ парламенттік бақылауды толығымен қалпына келтірмеді, себебі шешімдердің көбі сыртқы орталықтар тарапынан таңылады немесе «институттар» (қазір осылай аталатын) алдындағы міндеттемелермен байланысты.

Жаңа саяси жағдай осы кезге дейін нацистік топтармен ашық серіктес болған қауіпсіздік күштері тарапынан қауіпсіздік шараларының, бақылау мен авторитарлық репрессияның қауіп төндіретіндей күшейтілген шектеусіз динамикасын бұғаттап, қоғамға демократиялық рефлекстерді дамытуға мүмкіндік берді. Күнделікті әлеуметтік-саяси өмірдегі демократия қайтадан «қалыпты» болды.

Дегенмен, неолибералдық дискурс жағдайлардың қалыптасуына ықпал етіп отырған екі сала бар және бұл – қалпына келтіру саясатының тиімділігіне кедергі. Біріншісі, шынайылыққа қаржылық деректер жиынтығы, «халық» жаулап ала алмайтын, бағалай алмайтын, негізінен қадағалауға келмейтін, кез келген демократиялық жоспарлау немесе ұжымтық шешім жауапкершілігінен тыс қасиеттердің жиынтығы деген арсыз анықтама беріледі. Екінші сала – қоғамдық саланың деконструкциясы, демек, парасатты пайымға негізделген қоғамдық пікірді қалыптастырудың мүмкін еместігі. Азшылық бақылауындағы БАҚ үстемдігі, кеңес беру және дәйектермен алмасу ерекше болып, саяси жағдайдың өзгеруіне қарамастан, «шынайылықты құрастыру» монополиясына айналған негізгі жүйе болып отыр.

Осы екі саладағы импульсты толық өзгертуге қабілетсіздік – демократиялық процестердің деконструкциясы қазіргі заманда «жүйелік» деп танылуы тиіс болған әлеуметтік ұйымдастыру және демократия дағдарысы элементтері деп тіркелген аспектілері сияқты, дағдарысты неолибералдық басқарумен байланысты емес.

Екінші жағынан, жағдай өзгерді, себебі әңгіме экономикалық дағдарысқа негізделген демократияның тарылуын, яғни құқықты «қажетті» шектеу риторикасын ақтайтын дискурс туралы болып отыр. Бұл тек әлеуметтік құқықтарға ғана қатысты болған жоқ: босқындар дағдарысына және қоғамдық пікір (сайлау мен референдумға) талаптарына террористік манипуляциясы сонымен қатар саяси құқықтарға қарай бағыттайды. Дағдарыстың алғашқы бес жылында үкімет әлеуметтік құқықтарды (еңбек, әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау) түбегейлі шектеп, саяси сұраныстардан (бақылау мен қоғамдық пікірден) бас тартты, бұл экономикалық ресурстардың болмауы жағдайында «сән-салтанат» деген идеяны дамытты. Бүгінгі күнге дейін ұмыт болған ынтымақтастықтың демократиялық принципіне басымдық берген жаңа үкімет дағдарыстың тек қана сылтау болғанын көрсетті.

Ландшафт жеткілікті өзгермеген салада дағдарыс идеологиялық және маңызды рөлге ие, себебі барлық азаматтар өмірін ұйымдастыруға, көзқарастарын, болашағын, дүниетанымын және отбасы мен қауымдастығы, өзінің болашағына үмітіне қатыстының барлығына байланысты. Бұл – маңызды, перспективаның жоқтығы – тоталитарлы және антидемократиялық қатынас өніміне айналады.

Неонацистік билік күші – қауіпті. Оның қауіптілігі, расында да, өсіп жатыр және Греция үшін параэкономика мен күнделікті делинквенттілікке тән «рэкет» түріндегі жаңа құбылысты ұсыну саяси ұйымдастырумен байланысты. Ұлтшылдық пен популизм тірегі болатын нақты күштер және пайда мен күш («мықты тұлғалар», институттық ережелер мен «бюрократиялық» шектеулерсіз «нәтижелі шешім қабылдау») туралы басым неолибералдық дискурсының тек бос сөзге ғана емес, толерантты қылмыстық топ «саясаты» деп танылу арасында жиі қалғу кері ықпалын тигізді. Қазіргі жағдайларда әлсіреген демократия қырағылықты талап етеді. ■

Хаттарды Герасимос Куезелиске <gkouzelis@pspa.uoa.gr> жолдауға болады.

> Әлеуметтік желілер және Демократия – қосжүзді қанжар?

Хариати Абдул Карим, Малайзия Саба Университеті, Малайзия

Ұялы телефондар мен әлеуметтік желілер саяси белсенділіктің ажырамас бөлігіне айналды. Flickr / Sakuto. Кейбір құқықтар қорғалған.

Әлеуметтік желілердің қоғам үшін ең мықты ықпалының бірі – қарапайым азаматтар құқықтарының кеңейтілуі мен болашақ өмірін анықтауға мүмкіндік беретін құралға айналғандығы даусыз. Бүгінгі күні әлеуметтік өмір қоғамның кез келген мүшесі қолындағы смартфоны арқылы қатыса алатын интернеттегі белсенділікпен сипатталады. Бұл, әрине, азаматтардың, салыстырмалы түрде, анонимдігін сақтай отырып, елі мен әлем туралы қоғамдық талқылауға еркін қатысуына мүмкіндік береді. Бұл – өз пікірін ашық білдіру мәдениет немесе қалыпты жағдай болып есептелмейтін елдерде ерекше құнды.

Малайзия жаңа үрдістен тыс қалған жоқ. Бүгінгі таңда малайзиялықтар барлық мәселелерге қатысты пікірлерін білдіру үшін әлеуметтік желілерді, еш уақытта қолданбағандай, мүлтіксіз қолданады. Олар үшін пікір қалдыру, алаңдатып отырған мәселелер туралы бейнежазбаларды және веб-сайттарды әлеуметтік желілерде бөлісу немесе жүктеу және достар арасында

>>

онлайн-талқылау жүргізу қалыпты жағдайға айналған. Facebook, Instagram және YouTube сияқты әлеуметтік желілер малайзиялықтар арасында өте танымал. Бірақ, Facebook көш бастап тұр, малайзиялықтардың 81% Facebook-ті пайдаланады, олардың 90% смартфон арқылы кіреді.

Әлеуметтік желілер шын мәнінде малайзиялықтарға қаншалықты «еркіндік бергенін» олардың үкімет және дін, этникалық тиістілік сияқты шетін мәселелер туралы (мұндай тақырыпта пікірталас жүргізуді шектейтін заңдардың болуына қарамастан) пікірлерін ашық білдіруінен көруге болады. Бұл өздеріне де қатысы бар ұлттық мәселелерді шешуге қатысуы үшін парасатты және қызу ортаны қалыптастырады. Саясаттан бөлек, әлеуметтік желілер малайзиялықтарға гибридті жаһандық-жергілікті сәйкестілікті білдіруге және дамытуға мүмкіндік береді.

Бұқаралық ақпарат құралдарын қатаң бақылауда – БАҚ мемлекет меншігі немесе заңнама аясында – ұстайтын мемлекеттерде, балама көзқарастар үшін коммуникация арналары шектеулі. Сондықтан адамдар жаңа БАҚ арқылы тасаға кетуге мәжбүр. Қоғамдық пікірді қалыптастыруда балама жаңалықтар порталдарымен салыстырғанда әлеуметтік желілер әлдеқайда тиімді болып шықты. Мысалы, Араб көктемінде коммуникация арналарына қатаң шектеу қойылып, халық билік пен негізгі бұқаралық ақпарат құралдарына сенімін жоғалтты. Әлеуметтік желілер адамдар үшін ақпараттың жалғыз көзі және пікірін білдірудің жалғыз орны болды.

2008 жылы Малайзияда жалпыұлттық сайлау кезінде, Үкіметтің Ұлттық Коалиция (Barisan Nasional немесе BN) гегемониясы баяу құлдырай бастағанда әлеуметтік желілер саяси цунами деп аталған оқиғаға себепкер болды. «Үміт Альянсы» (Pakatan Harapan немесе PH) деп танылған BN-ның саяси қарсыласы, тасада қалып қойды, себебі негізгі бұқаралық ақпарат құралдарынан алынып тасталды. PH-ның киберқылмыскерлері мен әсіре жақтаушылары үшін әлеуметтік желілер көзқарастарын халыққа тарату құралы болды. Әсіре жақтаушыларының Facebook-тегі парақшаларын пайдалана отырып, тауар мен қызмет салығы (ТҚС), өмір сүру қымбатшылығы және BN үкіметінің болжамды жемқорлығы сияқты өткір мәселелер жүйелі жарияланып отырды. Бұл қоғамдық талқылауды тудырып, азаматтық ортаны қалыптастырды. Альянстың әсіре жақтаушылары болған блогерлер қоғамдық пікірді өз пайдасына қалыптастыру мақсатында блогтарын пайдаланды. Жақында өткізілген он төртінші жалпыұлттық сайлауда Twitter және Facebook-қа қосымша WhatsApp та кампания құралы ретінде пайдаланылды. Facebook-тан айырмашылығы WhatsApp жеке адамға бағытталған. PH кампаниясының хабарламаларын талқылау үшін адамдар WhatsApp чат-тобында азаматтық орта құрды. Бұл нақты мәселелерге бағдарланған және оның 61 жыл билік еткен BN үкіметін құлатқанын бірнеше рет хабарлаған PH кампаниясының өте жақсы ұйымдастырылған стратегиясы болуы мүмкін. BN негізгі бұқаралық ақпарат құралдарын қадағалап отырғандықтан, әлеуметтік желілерде белсенді болмады. PH коммуникациялық стратегиясының нәтижесінде, 2018 жылғы 9 мамырдағы сайлауда, ол 222 парламенттік орынның 113 жеңіп алды, ал BN 79 орынды ғана иеленді.

Әлеуметтік желілер, баспасөз еркіндігі және демократия туралы мәселеде әлеуметтік желі – қосжүзді қанжар. Ол сөз бостандығы мен өзін анықтау мүмкіндігін бергенімен, жалған жаңалықтардың құрастырылуы мен тез таралуына да жол ашады. Жалған жаңалықтар – малайзиялықтар арасында маңызды мәселе. Жақында өткен жалпыұлттық сайлауда сайлаушылар әлеуметтік желілерде шынайы емес, жалған жаңалық астында қалды. Ақпараттың жалған жаңалықтармен түбегейлі өзгертілуі, азаматтардың ақиқатты білу құқығынан айырады. Ақпарат алудың жалғыз көзі ретінде әлеуметтік желілерге тәуелділік жалған жаңалықтардың кең таралуына әрі қарай ықпал етті, себебі азаматтар деректердің ақиқаттығын сирек тексереді. 2018 жылы Жалған жаңалықтармен күрес туралы Заңды қабылдау арқылы мәселені шешуге талпынған үкімет жаңалықтарға қатысты «жалған» ұғымына нақты анықтама бере алмады. Қалай болғанда да, Заң «ғұмыры» қысқа сияқты: жаңа үкімет оның күшін жоюға ниетті екенін жариялады.

Қазіргі уақытта киберкеңістікте үстем тапты жақтаушылардың саяси фанатизмі басқа көзқарастардан басым болғанда, әлеуметтік желілерден тағы бір қауіп төнеді. Баламалы ұстанымдары бар адамдар кибербуллингке ұшырайтыны соншалық, тіпті демократиялық талқылауларға қатысудан бас тартады, ал басқалары саяси фанаттардың қастық әрекетінен зардап шегеді. Кейбір мәселелер көтерілген жағдайда, саяси фанаттар пайдаланушыларды пікірін білдіру құқығы мен еркінен айыра отырып, дөрекілікпен айыптай бастайды. Қарапайым адамдар деңгейіндегі сыпайылық пен рационалдықтың болмауы әлеуметтік мәселелерді парасатты талқылауға қатысу ұмтылысын жаншып тастайды.

Әлеуметтік желілер шынайы демократияның тиімді құралы болу үшін сыпайылық және медиа сауаттылық, ең алдымен, азаматтар арасында мәдениет пен нормаға айналуы қажет. Азаматтар рационалды қарым-қатынастың мағынасын түсінуі керек. Сонда ғана мемлекеттің шынайы өзгеруі идеялармен алмасу негізінде жүзеге асады. ■

Хаттарды Хариати Абдул Каримге <haryati@ums.edu.my> жолдауға болады.

> Аргентинадағы демократиялық шегініс

Эстебан Торрес Кастанос, Кордова ұлттық университеті және Ұлттық ғылыми-техникалық зерттеу кеңесі (CONICET), Аргентина

Жаңа экономикалық дағдарыс Аргентинадағы демократия үшін жаңа түйткілдер туғызды. Flickr / Alex Proimos. Кейбір құқықтар қорғалған.

Аргентина елі демократиядан елеулі шегінуді бастан кешіріп отыр. Әскери диктатуралардың ыдырауымен елдегі және Латын Америкасындағы солшыл және прогресшіл күштер үшін басым аналитикалық фреймге айналған демократиялық теорияларды пайдалану арқылы бұл шегіністің кеңеюі мен күрделілігін түсіну қиын. Қоғамдық игеру күштері кеңеюінің әлеуметтік процесі деп ұғынылатын қазіргі демократиялану үш маңызды бағдарды қамтиды: техно-саяси вектор, техно-экономикалық вектор және техно-коммуникациялық бағдар. Олардың әрқайсысы бірнеше өлшемдерден тұрады. Мен 2018 жылы Аргентинадағы демократияның құрылымдық шегінуіне ықпал еткен негізгі оқиғаларға сипаттама бергім келеді. Бұл оқиғалар жоғарыда айтылған саяси вектордың саяси репрессиялық өлшемімен және перифериялық ел үшін маңызды өлшемдерінің бірі - техно-экономикалық бағдармен байланысты: мемлекеттің макроэкономикалық саясатын анықтайтын оның автономия дәрежесі.

Саяси репрессиялық қырына қатысты бір-бірін нығайтатын екі негізгі оқиға 1) ұлттық атқару билігінің қаулысы негізінде Қарулы Күштердің доктриналық және функциялық трансформациясын орнату туралы шешімі және 2) ұлттық территорияның әр түрлі бөліктерінде АҚШ-тың әскери базаларын орнату үшін үкіметтің қолдау көрсетуі.

Бірінші оқиғаға тоқталсақ, атқарушы биліктің № 683/2018 Қаулысымен орын алған трансформация тірегі – Қарулы Күштерге ұлттық қауіпсіздік тапсырмаларын орындауға рұқсат беру. Ішкі қауіпсіздік пен ұлттық қорғаныс арасындағы шекара іс жүзінде «шайылып», үкіметтің 2015 жылы желтоқсанда Камбиэмос (басқарушы коалиция) жеңісінен кейін бүкіл ел бойынша кең етек

>>

алған қоғамдық наразылықтарды қылмыстық деп тануын күшейтеді. Дәл осындай шара арқылы Маурисио Макри үкіметі Қарулы Күштерге АҚШ сыртқы саясатының күн тәртібімен толықтай сәйкес келетін «есірткіге қарсы күресу және терроризмге қарсы бағдарламасы» қызметін тапсыруға тырысуда. Жаңа жарлықтың орындалуымен № 1691/2006 қаулысы күшін жояды және Ұлттық қорғаныс туралы заң (1998), Ішкі қауіпсіздік туралы заң (1992) және Ұлттық барлау туралы заң (2001) құраған құқықтық негіз бұзылады. Демократиялық экспансияның отыз жылдық нәтижесі болып табылатын бұл ережелер ұлт тарихында теңдесі жоқ көппартиялы консенсус негізінде қалыптасқан еді.

Екінші оқиғаға қатысты, үкімет Аргентина жерінде американдық әскери базаларды құруға жәрдемдесуде, оның техникалық тетігі АҚШ-тың Оңтүстік қолбасшылығының қолында. Қазіргі уақытта үш орын анықталды: Үш жақты шекара (Аргентина, Бразилия және Парагвай), Отты жер (Тиера дель Фуга (Ушуайя) және Неукен провинциясы. Екі оқиға да үшіншісімен қуаттандырылып отыр: биылғы жылы жергілікті күштермен бірлескен жаттығулар жүргізу үшін американдық әскерлердің ел аумағына келуі. Екі елдің билігі мәлімдегендей, бұл жаттығулар «жаппай жою қаруының заңсыз таралуына қарсы» ақпарат алмасу мақсатында жүргізілуде. Шетелдік әскерлердің келуі үшін Ұлттық Конгрестің рұқсаты қажет, бірақ билеуші партия тарапынан рұқсат алуға өтініш берілмеді.

Осы оқиғалармен қатар, макроэкономикалық саясатты қалыптастыру үшін ұлттық мемлекеттің дербестігін толық жоғалтуына себеп болған оқиғалардың екінші легіне назар аудару қажет. Мен Макри үкіметі жүргізіп отырған гиперқарызға негізделген сыртқы саясаты туралы айтып отырмын. Негізгі екі көрсеткіш - Аргентинадағы ЖІӨ-ге қатысты сыртқы қарыздың өсуі және кредиторлармен жасалған міндеттемелердің сипаттамалары. Бірінші мәселеге тоқталатын болсақ, Камбиэмос ұлттық тарихта қаржылық құнның жаңа режимі аясында сыртқы қарыздың ең тез өсуін тудырғандығын байқауға болады. Кирчнер үкіметтері (2003-2015 жж.) тұсында мемлекеттің экономикалық саясаты кредиторлармен тікетірес келіссөздер жүргізе отырып, сыртқы қарыздарды азайтуға бағытталған болатын. Мұндай келіссөздердің, салыстырмалы түрде, жетістігі өнімді экономиканы алға жылжытуға жол ашты. Сонымен қатар, 1976-2001 жылдардағы қаржылық құн үлгісінен бас тартуға да мүмкіндік берді. 2015 жылдың желтоқсанынан бастап Макри үкіметі қаржылық құн жүйесін қайта құрудың негізгі құралы ретінде міндетті сыртқы қарыз жүйесіне қайта оралды. 2011 жылы сыртқы мемлекеттік қарыздың ЖІӨ-ге қатынасы 1983 жылы демократияны қалпына келтіргеннен бергі ең төменгі деңгей – 14,2% құрап, өсе бастады. Сол кезден бүгінге дейін Макридің жеделдетілген гипер-қарыз саясаты аясында қарыз 2018 жылдың маусымында ЖІӨ-нің 65,5% құрады. Осылайша, Аргентинаның қарыз коэффициенті қысқа уақыт ішінде төменнен басқарылуы қиын деңгейге жетті. Жергілікті және шетел валютасындағы қарыздың жалпы көлемі шамамен 133 млрд. АҚШ долларына жетіп, 2016-2018 жылдар аралығында дамушы елдер арасында ең ірі егеменді қарыздық эмитентке айналдырды.

Кредиторлармен қарым-қатынастарға келетін болсақ, бұл жаңа кезеңнің басты оқиғасы Халықаралық валюта қорымен (ХВҚ) қарызды реттеген он төрт жылдан кейін сол ұйыммен байланысты қайтадан қалпына келтіру туралы шешім қабылдау болды. ХВҚ-на қайта оралу резервтік қарыздың қажеттілігінен туындап отыр. Аргентина мен ХВҚ қол қойған бұрынғы резервтік несиелермен салыстырғанда осы ірі қарыздың (50 миллиард АҚШ доллары) жаңалығы – тек салықтық және монетарлық мақсаттар ғана емес, сонымен қатар инфляция да қадағаланатын болады. Осылайша, Макри президенттілігі ұлттық экономиканы басқаруды ХВҚ-на тапсырады. Сөйтіп ол ХВҚ талап еткен монетарлық неолибералды реттеу бағдарламасының атқарушысына айналады.

Ішкі милитаризация мен шамадан тыс қарыз саясаткерлері ұлттық егемендікті жойып, барлық аймақта жаппай қарсылық пен шерулерге алып келді. Оппозициялық күштер регрессивті әлеуметтік өзгерістен зардап шеккен немесе қоғамнан шығарылған әртүрлі әлеуметтік субъектілерді біріктірді. Демократияландыру жақтастары мен жаһанданды рылған жеке макро-игеру жаңа режимінің жақтастары арасындағы билік қарым-қатынасы соңғысының пайдасына қарай тең емес болғанымен, орта мерзімді перспективадағы ұлттық саяси болашақты болжау мүмкін емес. Қазіргі демократиялық эрозия процесін сипаттап қою ғана жеткіліксіз екенін есте ұстаған жөн. Игерудің жаңа әлеуметтік теориясы мен әлеуметтанулық өзгерістерге ұшыраған құбылысты көп өлшемді демократия тұрғысынан түсіндіру – мәселе.Мұндай түсіндірме құрал өзіміз қатысты болып отырған игеру әлеуметтік ойынын ұсынатын әлеуметтік өзгерістердің жаңа солшыл бағдарламасын қайтадан анықтауға мүмкіндік береді. Демократия үшін мым кеш болмай тұрып,біз осыған жетуіміз керек. ■

Хаттарды Эстебан Торрес Кастаносқа <esteban.tc@conicet.gov.ar> жолдауға болады.

> Мысырдағы революциядан кейін әйелдердің мойындалмауы

Эми Остин Холмс, Каирдегі Америка университеті, Египет және Гарвард университетінен шақырылған профессор

Flickr / Lokha. Кейбір құқықтар қорғалған.

Тахрир алаңындағы жаппай наразылықтар көрінісі, Араб көктемі революцияны зерттеуге қайта қызығушылық тудырды. Әдебиеттің көптігіне қарамастан, әйелдер жоғалып кеткендей. Х.А. Хеллердің «Жүзеге аспаған революция» еңбегі Мысыр революциясындағы 27 маңызды тұлғаға анықтама беруден басталады. Анықтамада жалғыз әйелдің аты ғана кездеседі, қалған 26-сы – ер азамат. Филипп Марфеттің «Египет: даулы революция» кітабы мұқабасында әйел бейнесі бар, бірақ оның талдауына кірген әйелдер саны өте аз. Басқа ғалымдар әйелдерді, әдетте, белең алып отырған оқиғаның басты кейіпкерінен гөрі, ең алдымен, құдалау мен зорлық-зомбылық құрбаны ретінде қарастырады. Араб көктемі тақырыбында жазылған әдебиеттерде әйелдер туралы табу үшін гендерлік зерттеулерге арналған бөлімдерден іздеу керек, себебі көтерілістер туралы тұтас шолу жасалған кітаптарда олар жоқ. 2008 жылдан бері Мысырда тұрып жатқан Каирдің тұрғыны ретінде мен өзім куәсі болған әрбір наразылықәрбір шеру кезінде әйелдерді көрдім. Бірақ әйелдер Египет революциясы тарихынан «өшіріліп» отыр. Келешек ұрпақ әйелдерді – Араб көктемі ретінде танылған оқиғалардың маңызды емес акторы деп есептеуі мүмкін. Бірақ шындықтан басқа ештеңенің де жолы ұзақ емес.

Әйелдер тек қана әйел құқығын жақтап қана қойған жоқ. Сонау Мубарак диктаторлығы уақытынан бастап, төңкеріс жылдарынан, президент Сиси кезінде режимнің қайта құрылуы орын алған, бүгінгі күнге дейін әйелдер Мысырдағы революциялық оқиғалардың алдыңғы шебінде болды. 2005 жылы Мысырдың авторитарлық жүйесіндегі алаяқтықты болдырмау және есеп берушілік элементін енгізу мақсатында, үш әйел президенттік және парламенттік сайлауды бақылайтын топ құрды. Олар өздерін Shayfeen-com деп атады, мағынасы – «біз сізді бақылап отырмыз». Кейінірек топ негізін қалаушылардың бірі – Бутаэна Камел Мысыр қазіргі заман тарихында президенттікке үміткер алғашқы әйел болды. Надием орталығы – революцияға дейін азап құрбандарын емдеуге арналған Мысырдағы жалғыз орталық және оның негізін қалаған әйел – Аида Сейф Әл-Даула. Ал 2011 жылдың 25 қаңтарына дейін бір апта ішінде вирустық видеоға айналып үлгерген, миллиондаған адамдардың көшеге шығып, наразылық білдіруіне түрткі болған бейнероликті кім жасады? Тағы да – әйел, Асма Махфуз 6 сәуірдегі Жастар қозғалысының өкілі.

Мубарак биліктен қуылғаннан кейін, елді бір жарым жыл бойы Қарулы Күштердің Жоғары Кеңесі деп аталатын

>>

Бутайна Камел, Тахрир алаңында, 2011 жылдың 28 қаңтары. Ол - Мысыр президенттігіне сайлауға түскен алғашқы әйел. Авторлық құқық: Эми Остин Холмс.

әскери хунта басқарды. Басқа жерлерде айтқанымдай, революцияның ең түбегейлі талаптарының бірі – елді әскери басқаруды тоқтату. Әңгіме реформа не кезеңкезеңмен болатын өзгеріс не диктаторды жай ғана тағынан алып тастауы туралы емес, мемлекет құрылымын түбегейлі өзгерту үндеуі туралы: 1952 жылы негізі қаланғаннан бері әскерилер басқарған елде азаматтық билікті ендіру. Мысыр әскери жүйесі ерлердің әскери міндеттілігіне құрылған. Осылайша, әйелдер қауымы елдегі ең қуатты институттат шығарылып отыр. Сәйкесінше, антимилитарлық топтардың жетекші белсенділерінің көбі әйелдер болғаны кездейсоқ емес. Әскери тәжірибелерге жоқ тобы бейбіт тұрғындарды әскери трибунал басқаруын тоқтатуды талап етті. Бұл топтың жетекші белсенділерінің қатарында Шахира Абу Лейл мен Мона Сейф те бар. Тағы бір топ қоғамдық орындардағы бейнежазбалар арқылы әскерилердің қатысуымен адам құқықтары көп бұзылатындығын көрсетті. Топ Asker Kazeboon деп аталды, яғни Сарбаздар – өтірікші, ал топ құрушы – Копт христиан әйелі Салли Тома.

Әйелдер мен ерлерге көрсетілген масқара зорлық-зомбылық туралы айта отырып, әйелдер қоғамдағы тыйымды жиі бұзып отырды. Самира Ибрагим қамауға алынған әйелдердің пәктігіне қатысты әскерилердің сынақтары туралы тіс жарғандардың алғашқысы болды. Сынақтың тоқтатылуына бағытталған кампанияны Адам Құқықтарын Бақылау тобының Мысырдағы директоры болған және Хеллиердің анықтамасына енген жалғыз әйел – Хеба Морайэф басқарды. Сондай-ақ, әйелдер ерлер құқықтарын қорғауда да жетекші рөлге ие. Мысырдағы жеке құқықтар жөніндегі бастаманың (МЖҚБ) зерттеушісі Далия Әбдел Хамит – 2017 жылдың күзінде ЛГБТК қауымдастығына қатал күш қолдануына, сонымен қатар, гомосексуал деген күдікке ілінген адамдарға мәжбүрлі анал зерттеуінің жүргізілуіне қарсылардың бірі болды.

Әйелдер Мысыр оппозициялық медиа саласының да алдыңғы қатарында. Лина Атталлах 2015 жылы The Guardian Мысырдағы баспасөз бостандығын сақтаған деп сипаттаған Mada Masr жаңалықтар веб-сайтының негізін қалаушы және бас редакторы болды. Қауіпті шындықтары үшін Mada Masr 2017 жылы бұғатталған алғашқы веб-сайттардың бірі болды және бір жылдан кейін де цензураға ұшырап отыр.

Нубия белсенділерінің жаңа ұрпағында бірнеше атақты әйел бар. Фатма Эмам конституциялық комиссияның құрамында жұмыс істеп, Нубияның Египет конституциясында алғаш рет ескерілуіне қол жеткізді. Блогер және зерттеуші ретінде ол шетін мәселелер, оның ішінде Суданмен шекаралас жерде Нубия дәстүрлі жерлерін әскери басып алу туралы ақпаратты жеткізуді жалғастыруда. 2017 жылдың көктемінде Асуаннан келген жас әйел Сихам Осман – Бас Нубия Одағы президенттігіне үміткер болатындығы туралы өз ниетін айтқан алғашқы әйел, көрсетілген қатты қысымнан кейін кетуге мәжбүр болды.

Мысырдың ең танымал құқық қорғаушыларының бірі – Махенур Әл Масри. Ол барлық мысырлықтардың, оның ішінде өзі сынға алған «Мұсылман Бауырлар» жақтаушысы 21 әйелдің құқықтарын қорғаумен танымал. Ол сириялық босқындарды да қорғап, олардың полиция бөлімшелерінде азаптау немесе қатыгездікке ұшырамауы үшін бірге қонуды талап етті. 2014 жылы Людовик Трарье атындағы құқық қорғау сыйлығымен марапатталды; 1985 жылы Нельсон Мандела осындай сыйлықтың иегері атанған.

Осындай қысқа жазба тақырыпты аша алмайды. Ескеріліп, есімдері аталуға тұрарлық әйелдер өте көп. Бұл ретте Нермин Алламның «Әйелдер және Мысыр революциясы» – егжей-тегжейлі талдауға қажетті еңбектің бірі. Әйелдердің тек қана әйелдер құқықтарын қорғау үшін күреспегендігін көрсете алдым деп үміттенемін. Олар үлкен күрестің ажырамас бөлігі бола білді. Әйелдерді революция тарихынан өшіру немесе оларды гендерлік зерттеу саласына ығыстырып тастау, олар қарсы шыққан патриархаттық құрылымдарды мәңгілікке бекіту дегенді білдіреді.

Хаттарды Ами Остин Холмске <holmes@aucegypt.edu> жолдауға болады.

> Жаһандық басқару:

демократиялық әлем тәртібі үшін табылған тұжырымдама?

Питер Вахль, Дүниежүзілік экономика, экология және даму қауымдастығы (WEED) атқарушы кеңес мүшесі және Attac Germany негізін қалаушылардың бірі, Берлин, Германия.

Арбу иллюстрациясы.

Жаһандық басқару тұжырымдамасы 1990 жылдардан бастап қолданысқа енді. Бұл халықаралық жүйенің жаңа және аса демократиялық типін, сондай-ақ адами жаһандануды уәде етті. Тұжырымдаманың таралуы қызықты сабақ болды.

Ең алдымен: басқару дегеніміз үкімет дегенді білдірмейді. Француз түпнұсқасында gouverner – басқару, бағыттау, реттеу дегенді білдіреді. Шын мәнінде, концепті мына негізгі тұжырымдармен байланысты:

• Жаһанданудың экономикалық процесі саяси реттеуден аулақ болды. Бұл нарықтардың өзін-өзі реттеуі, либерализация, жекешелендіру және дерегуляцияға негізделіп отырған неолиберализмнің үстемдігінен болып отыр.

• Шешімі жекеленген ұлттық мемлекеттер мүмкіндігінен тыс, жаһандық жылыну сынды, жаңа жаһандық проблемалар туындады.

• Ұжымдық қауіпсіздік, қару-жарақ, ядролық қаруды таратпау және т.б сияқты күн тәртібіндегі халықаралық проблемаларды шешу жаңа әдістерге мұқтаж.

• Тәртіпті біріге қалыптастыру үшін ресми және міндетті келісімдердің, міндетті емес стандартты ұстанымдардың, ерікті келісімдердің және көп жақты желілердің біріктірілуі арқылы жасалған саяси реттеудің жаңа формалары қажет болды.

• Мұның барлығы үкіметтер, көп салалы институттар, бизнес секторы және азаматтық қоғам сияқты халықаралық жүйе субъектілерінің арасындағы интеракцияның жаңа типін қажет етеді. Мұнда инклюзия, ынтымақтастық, диалог, нетворкинг, келіссөздер және мүдделерді теңдестіру негізгі құралдар болып табылады.

Қырғи-қабақ соғыс аяқталғаннан кейін концептіні іске асырудың шынайы мүмкіндігі туғандай болды. Жаһандық басқару сол уақыттың рухына айналды және танымал болды. 1992 жылы тарихтағы ең үлкен, 100-ден астам

>>

мемлекет басшыларының және азаматтық қоғамның жаппай қатысуымен болған, БҰҰ-ның Рио-де-Жанейродағы конференциясын осының символы ретінде қарастыруға болады. Рио - либералды космополитизммен және солшыл интернационализммен тең байланыстыра алатын «бір әлем» нарративінің серпілісі болды.

Дегенмен, көп кешікпей иллюзия аяқталады. Бес жыл өткеннен кейін бірінші есепберуші конференцияда неолибералдық капитализмнің жаһандануы уәделерін орындамағаны айқын болды. Ауыз толтырып айтатын ешқандайда даму орын алған жоқ. Оның орнына, көптеген зиянкестер пайда болды. Бір қызығы, олардың көбі экономикасы дамыған елдерде болды, олардың бірнеше өлшемді салдарын біз тек қана бүгін – көптеген лузерлердің кенеттен дұрыс оңшылдарға айналғанын да ғана көріп отырмыз. 1999 жылы Сиэтлде өткен Дүниежүзілік сауда ұйымының кездесуіндегі әсерлі наразылық көрсеткендей, көпшілік жаһанданудың кемшіліктерін, атап айтқанда әлеуметтік әділеттілікке, қоршаған ортаға және демократияға қауіпті түсінді.

Басқаша айтқанда, капиталистік нарық экономикасының динамикасы басым болды. 2008 жылы қаржы нарықтарының тиімділігі мен өздерін реттеуі мүмкін екендігіне сенім аңыз болып шықты. Қаржылық капитализм бақылаудан шығып, Ұлы Депрессия уақытынан бері болмаған ең үлкен қаржы дағдарысына алып келді. Ағымды өзгерту түгіл, Жаһандық басқару тіпті бұл үрдіске ықпал ете алмады.

Бірақ жаһандық басқару әдісі тек экономикалық салада ғана сәтсіздікке ұшыраған жоқ. Жаһандық басқару рухы халықаралық қатынастарда да жүзеге аспады. Осылайша, 1997 жылы НАТО-ның Шығыс елдеріне жылжуы Ельциннің Ресейінен басталды. НАТО 1999 жылы БҰҰ мандатынсыз бұрынғы Югославияда соғыс ашқанда біржақты билік саясаты және халықаралық құқықты бұзу актілерінің тізбегі басталды. Ол 11 қыркүйектен кейін «терроррға қарсы соғыс», жаһандық «қалаушылардың коалициясымен» Иракқа қарсы шабуыл, 2008 жылы НАТО қалқанының астындағы Косовоның біржақты тәуелсіздігі және 2011 жылы Ливиядағы режимнің өзгеруімен жалғасты. Мұның барлығы жаһандық басқару әдісіне қарама-қайшы.

Осы тұрғыдан қарсы шаралардың туындағаны таңқаларлық емес. Атап айтқанда, Ресей, әсіресе, Қытай «қырғи-қабақ соғыстан» кейінгі тәртіптен шығуға шақырды. Бұл уақытша құбылыс емес. Ол халықаралық жүйе діңгегінің өзгеруіне негізделген. Қазір біз полицентристік әлем тәртібіне көшудің куәгері болып отырмыз. Оның басты ерекшеліктері – Қытайдың ұлы державаға айналуы, ірі держава ретінде ресейлік мемлекеттік капитализмнің қайтып оралуы, ғаламшар экономикалық орталығының Азияға қарай ығысуы және АҚШ пен Батыс үстемдігінің (салыстырмалы түрде) құлдырауы.

Жаңадан қосылғандар Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы немесе БРИКС секілді әртүрлі бірлестіктер мен түрлі мәселеге негізделген альянстарға ұйымдасуда. Олар Халықаралық Валюта Қоры мен Дүниежүзілік Банкке балама ретінде Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялық Банкі (AIIB) сияқты көп салалы қаржы институттарын құрып, Жаңа Жібек Жолы сияқты ірі экономикалық және инфрақұрылымдық жобаларды қарастырып отыр. Бұған әлемдік экономикадағы параллельді құрылымдардың ере жүруі тән, мысалы, MasterCard, Visa және American Express-тің жаһандық монополиясын бұзып отырған Қытай мен Ресейдің SWIFT – жаһандық қаржыландырудың электрондық нейрондық және несиелік карталар жүйесі. Сауда келісімдері американдық гегемония тірегінің бірі – АҚШ долларын екі жақты келісілген клирингтік бірлікпен алмастыруда. Басқаша айтқанда, компенсациялық билік идеясына негізделген жаһандануға жауап берудің баламалы түрі бар. Элементтің біреуі – «таңдалған де-жаһандану».

Әрине, алдағы әлемдік тәртіп жаңа қауіп-қатерге толы. Мұндай жағдайларда әрдайым жаңа қатысушылар мен ескі ойыншылар арасындағы бәсекелестік конфликті мен тұрақсыздыққа әкеледі. Трамп әкімшілігінің келуімен және оның «Американы қайтадан ұлы ел жасау» экстремистік бір жақты көзқарасымен тәуекелдер жаңа сипатқа ие болды.

Егер жаһандық басқару неге жұмыс істемейді деп сұрасақ, оның негізгі себептері мынадай:

- жаһанданған капитализмнің саяси экономикадағы билік қатынастарына қатысты соқырлығы немесе Маркс айтқандай, экономикалық қатынастарды үнсіз қанау;
- халықаралық жүйедегі билік қатынастарына қатысты соқырлық; және
- капиталистік қоғамды ұйымдастырудың бұрынғысынша басымдыққа ие құрылымы ретінде ұлттық-мемлекеттің инерциясын төмен бағалау.

Жаһандық басқару о бастан тым идеалистік тұжырымдама болды. Дегенмен, халықаралық ынтымақтастық идеясы әлі де жарамды және сыни әлеуметтік теориялар мен практикадан бас тартпауы керек. Бырақ, өміршең баламалар әзірленсе, кіммен бірге серіктес, сондай-ақ кімге қарсы болатындығын және билік теңдігін нақты бағалау қажет болады. ■

Хаттарды Питер Вахльге <peter.wahl@weed-online.org> жолдауға болады.

> Теңдессіз интеллектуал

Николас Линч, Сан-Маркос ұлттық университеті, Перу

Анибал Кихано 2015 жылы. Суретті түсірген Creative Commons қоры.

Анибал Кихано (1928-2018) негізінен Перу мен Латын Америкасындағы өз принциптерінен айнымай әрекет еткен сыншыл зиялы еді. Ол 1960 және 1970 жылдарда әлеуметтанушы ретінде танылған тұста статус-квоны сынға алу шарықтау шыңында болатын. Кихано Жарқын жолда өзінің ең тұрпайы бейнесін көрсеткен марксизм-ленинизмнің дабылды үндеулеріне ешқашан берілмеді. 90-шы жылдары Дүниежүзілік банк пен Халықаралық валюта қорының ықпалы кезінде, оның белгілі бір әлеуметтік категориялардың субалтернациясын айыптауы Перуде, жалпы Латын

>>

Америкасындағы процестерді түсіндіруге маңызды үлес қосты.

Кихано негізінен Перудегі Лима қаласында өзі оқыған Сан-Маркос университетінде және Латын Америкасы мен АҚШ-тағы бірқатар университеттерде профессор және зерттеуші ретінде жұмыс істеді. Оның 70-ші жылдары Sociedad y Política журналы арқылы саясатқа аз уақыт араласуы салдарынан Хуан Веласко Альварадоның әскери үкіметі Мексикадан жер аударды, осылайша ол Перу және Латын Америкасы халықтары үшін күреске шынайы берілген қоғамдық қайраткерге айналды. Өз өмірін қоғамды қалыптастыратын әлеуметтік және саяси процестердің табиғатын анықтауға, олардың өзгеру механизмдерін зерттеуге қалтқысыз арнады.

Біріншіден, оның қосқан үлесі – эпистемологиялық. Кихано аймақтағы әлеуметтік процестерге «Оңтүстіктен» түсінік береді. Бұл ретте ол функциялық әлеуметтанудан туындайтын дәстүрлі/ заманауилық дихотомиясынан алшақтап, тарихи-құрылымдық біртектілікті негізгі мәселе ретінде қарастырады. Капитал айналасында латынамерикалық қоғамдарда кездесетін тек қана ұлттық емес, сонымен бірге трансұлттық және, тіпті,жаһандық құбылыс ретінде ұйымдастырылған бірқатар өндіріс түрлерінің қатарласа орналасқанын байқайды.

Осылайша, Кихано Латын Америкасындағы тәуелділік жағдайы туралы мәселені көтерді. «Тәуелділік теориясына» сілтеме беруден бас тартса да, ол 1950 жылдары Рауль Пребиш пен CEPAL (ECLAC ағылшын тілінде) бастаған, 1960 және 1970 жылдары Кардосо мен Фалетто, соңында Руи Мауро Марини жалғастырған нарративтің бір бөлігі болды. Оның қалалық жоспарлау мен жұмыс күшіне байланысты пікірталастарға қатысуы отыз жылдан соң Латын Америкасын отарлық билік концепциясы арқылы жаһандық сипаттауымен аяқталды.

Бірақ Кихано сонымен бірге Латын Америкасы идентификациясы мәселелеріне елеулі үлес қосты: 1970-жылдардың басында Перудегі холификация процесіне араласты, 1930-шы жылдардағы латынамерикалық ұлы сыни марксист ойшыл Хосе Карлос Мариатеганың туындыларын жаңғыртуға қатысты және байырғы халықтардың күресіне деген ерекше ықыласты болды және заманауи саналуан этникалық қозғалыстардан қолдау көріп отырған буен вивир тұжырымдамасын жасады.

Оның идентификация мәселесінің негізінде нәсілдік концепция негізінде жатыр. Кихано пікірінше, бұл концепция «Америка» деп атала бастаған еуропалық отарлаудан бастау алып, өңірдегі басым әлеуметтік иерархия классификациясының негізгі белгісіне айналды. Идентификация нәсіл төңірегінде қалыптасып, үстем болады. Тәуелділікпен қоса нәсіл концепциясы отарлық билікті құрудың негізіне айналуы керек еді. Киханоның пайымдауынша, отарлық билік сыртқы үстемдікке, отар үстінен қарайтын империяға немесе неоколониялыққа, ал билік етуші элитаның ішкі билігі әртүрлі нәсілдік құрылымға жүгіне отырып, қалған халықты билеуіне алып келеді. Осылайша, отарлық билік Латын Америкасындағы нағыз ұлттық және көпұлтты мемлекеттердің қалыптасуының іргетасын қалады.

Бұл жерде Анибал Киханоның теориялық шығармашылығы және аймаққа тән тәуелсіз әлеуметтік ойдың дәстүріне сәйкес ұстанымы оны Перу және құрылық көлеміндегі әлеуметтануында беделді тұлғаға айналдырды. ■

Хаттарды Николас Линчке <nicolaslynch54@gmail.com> жолдауға болады.

> Күрескердің қуанышы

Ракель Соса Элизага, Мексика Ұлттық Автономиялық университеті, Мексика

Коста-Рика университеті сансыз шайқас қаһарманы Анибал Киханоға сіңірген еңбегі үшін құрметті доктор атағын беріп, тосын сый жасады. Лық толы зал өзіне тік тұрып қошемет көрсеткеніне таң қалды. Жұмыстарымен танысқан әкімшілікке, ғалымдарға жылы лебізін білдіріп, үлкен алғысын айтты. «Жазғаныма және пікіріме зор мән берген ортаның арқасында осындай құрметке бөленіп, мойындалып отырмын», – деп ойымен бөлісті. Сабырлы әрі қарапайым мінезімен ерекшеленетін қайраткер көпшілікке өмірінің ұраны деп санаған «Етене араласып өмір сүр де күрес» қағидасын ұсынды. Сондай-ақ: «Билік, қанау және зорлық-зомбылық орнаған әлемде өмір сүрудің басқа тәсілі жоқ», – деп айтып өтті.

Анибал Киханомен екеуіміз біраз жыл бұрын туған елімде кездестік. 1970-жылдардың ортасында Анибал өз елінен қуылып, осында келген еді. Оның империалистерге қарсы күресі мен көзқарасы; Америка, Азия және Африка халықтарының күресі мен талаптарын іске асыруға септігін тигізетін әлеуметтік білімнің негізін салу қажет деп сенуі; бүкіл әлем әйелдерінің, жастарының, байырғы жергілікті халықтардың, мигранттардың, босқындар мен қашқындардың мүдделеріне деген ниеттестігі, осының барлығын көздеген ол көптеген жерлерге барып, ғалымдар аяқ баспаған жерлерде танымалдығы артты, барған жерінде халық оны құшақ жая қарсы алатын еді.

Диктатор Фухимори әскерге Сан-Маркос университетін қадағалауды қолға алуды бұйырғаны себепті ұзақ жылдар бойы бағынбаушылық танытқан Анибал 1990-шы жылдардың басында туған елі Перуге оралғанда университеттегі лауазымынан бас тартуға мәжбүр болды. Есесіне Бингемтон университетінде, сондай-ақ Парижде және басқа да жерлерде баспана тапты. Тек осы ғасырдың оныншы жылдарының басында ғана Перудегі Рикардо Пальма университеті жомарттық танытып, соңғы күресінің мақсатына қол жеткізуге жағдай жасап, университетте орын ұсынды. Анибалдың өмірі ғылыми, саяси, білім беру іс-шараларын тынымсыз ұйымдастырумен және оларға қатысумен өтті. Адам құқықтары мен мүдделерін көздеген бұл іс-шаралар әрқашан жасампаздық және ынтымақтастығымен ерекшеленетін. Өзімен бірге Бүкіләлемдік әлеуметтік форумға қатысқан көптеген зиялы қауым өкілдерімен және ғалымдармен, соның ішінде жақын достары Иммануил Валлерстайн мен Пабло Гонсалес Казановамен бірлесіп жазған тамаша туындылары жарық көрді.

> **“Оның өмірінің ұраны: Етене араласып өмір сүр де күрес”**

Саяси әрі академиялық күрестен туындаған отаршылдық билік жөніндегі көзқарасының арқасында Кихано әлемнің түкпір-түкпірінде танымал болды. Айналып келгенде, өз ұстанымын білдіре отырып, адамның ұстанымдары мен абыройын сақтауды талап етіп, шет елдерде де, туған жерінде де өкілеттіліктің субъектілері болудан арылуға рухани үндеу тастады дер едім. Оның орнына қалыптасқан жағдайды іс жүзінде өзгерту жолдарын табуды мақсат қойып, қажетті білім алуға, әлемдегі барлық қорлық көрген, кемсітілген, ұмытылған және шеттетілген адамдардың игілігіне жетелер құрал мен қаруды іздеуге шақырды.

Алдыңғы буын өкілдері Айме Сезар, Франц Фанон және әсіресе Жозе Карлос Мариатеги сияқты, Анибал Кихано нәсілшілдік пен құлдықтың капиталистік дамудың қозғаушы экономикалық күштеріне айнала отырып, он алтыншы ғасырдан бастап әлемнің дамыған жолын көрсетуге деген құлшынысы көрініс тапқан жұмысының тарихи мәнін жоғары бағалады. Қазірге дейін жалғасып келе жатқан қанау әрі шеттету циклын түсіну және әшкерелеу өмірінің басты мақсатына айналды. Өмір қызығы мен мерекесінен шет қалған Кихано шеттетушілік, түсінбеушілік, жоқшылық әрі саяси құдалау кездерін басынан өткергеніне қарамастан, мойымай, жауынгерлік мінез танытып, жауынгер қуанышын сезінді. Ол ұлы іс үшін күресіп жүргенін біліп, бақытқа бөленді. Ұзақ өмірінде өмірден, сұлулықтан, отбасынан және достарына рахат тауып та үлгерді. Оның бізге үлгі болар алып тұлғасын, батылдығы мен азаматтығын құрметтеп, бағалайық! ■

> Апартеидтен кейінгі кедейліктің негізгі ерекшеліктері

Джошуа Будлендер, Амхерст қаласындағы Массачусетс университеті, АҚШ

Фредерик Виллем Де Клерк мен Нельсон Мандела 1992 жылы Давостағы Бүкіләлемдік экономикалық форумда. Авторлық құқық: Бүкіләлемдік экономикалық форум.

1994 жылы апартеид кезеңі аяқталып, Оңтүстік Африка Республикасының қара нәсілді халқына саяси бостандықтың берілгеніне қарамастан, бүгінгі таңда елеулі экономикалық бостандықтардың іске асырылмай қалғаны белгілі. Алайда, бұл жәйт жалпы тұрғыда немесе нақты құбылыстарды арнайы зерттеу тұрғысында ғана тұжырымдалады. Бұл жұмыста Оңтүстік Африка Республикасында кеңінен етек жайған жоқшылық мәселесінде орын алған өзгерістерді, сондай-ақ өзгеріссіз қалған тұстарын анықтауға бағытталған ауқымды деректерді келтіріп отырмын.

> Оңтүстік Африкадағы апартеидтен кейінгі кедейлік деңгейі

Ең бірінші және негізгі атап өтер жәйт, Оңтүстік Африкада апартеидтен кейінгі кезеңде әдеттегідей «кедей» тобына жататын халық санының үлесі өзгере қойған жоқ. Кедейлік шегі ретінде қолданылатын нақты сандар мұны айқындайды, дегенмен әдетте халықтың «кедей» деп саналатын бөлігі 50% бен 65% аралығын құрайды, осы жиынтық деректер 1994 жылдан бері бірнеше пайызға ғана артып отыр. Бұрынғы жағдаймен салыстырғанда, кедейлік деңгейінің санақ жіктемесіндегі нәсілдерге деген тәуелділігі ерекше байқалады: қазіргі уақытта тұрмысы кедейлік шегінен төмен тұрғындардың 73% – қара нәсілді африкалықтар, 48% – түсті нәсілді халықтар, 12% – үндістер/азиялықтар және 2% ақ нәсілділер құрайды.

Кедейлік көлемінің аздап азаюы, көбінесе, постапартеидтік кезеңде үкіметтің халықтың белгілі бір кедей топтарына төленетін ай сайын міндетті ақша аударымдарын, яғни «әлеуметтік жәрдемақыны» енгізуіне байланысты. Бүгінгі таңда Оңтүстік Африкада әлеуметтік жәрдемақы кедей отбасыларының 40% жалпы отбасы табысының жартысынан астамын құрайды.

>>

Апартеидтен кейінгі кезеңде халықтың материалдық жағдайы жақсаруының тағы бір маңызды себебі – табыссыз материалдық депривацияның кейбір тіршілік аспектілеріне байланысты. Ауқымды мемлекеттік бағдарламалар арқасында тұрғындардың құбыр суына, электр қуатына және білімге қолжетімділігі деңгейі күрт артып, тамаққа жарымаған адамдар саны азайып, өлім-жітім көрсеткіші айтарлықтай төмендеді. Одан бөлек апартеид кезеңіндегі шектен тыс оқшаулау және кемсіту жағдайларынан арылудың арқасында да жағдай біраз жақсарып отыр. Жалпы елде, әсіресе ауылдық аймақтарда елеулі жетістіктерге қол жеткізілгені даусыз.

Дегенмен, материалдық жағдайдың жақсаруына қарамастан, ауылдық жерлерде, әсіресе бұрынғы апартеид орын алған жерлерде кедейлік әлі де кең тараған. Елдегі кедей аудандарды анықтау үшін кедейлік көрсеткіштерін пайдаланған кезде жиырма жылдан астам уақытқа созылған төмен ахуалдың Оңтүстік Африка болып ресми түрде қайта құрылған бұрынғы отандық шекараларының аясында жоғары екені айқын байқалады.

Әлбетте, кедейлік – ауылдық жерлерден тыс мекендерде де бар мәселе. Ауылдарда тұратын халыққа қарағанда, қалалық бейресми аудандардағы халықтың кедейліктен арылу мүмкіндіктері жоғарырақ. Бірақ соған қарамастан, олар қала құрылымымен байланысты қиындықтарға тап болады. Апартеид кезеңіндегі жоспарлау нәтижесінде қалалардағы қара нәсілді жұмысшылардың отбасыларымен қаланың шетіне қарай ығысып, жайлы өмір сүруге жағдай жасалған, жұмыс орындары жиі орналасқан қала орталығынан алшақ жерлерге көшуге мәжбүр болды. Апартеид дәуірі аяқталғанда жекеменшік құқықтарын қорғау үрдісі мен үкімет саясатының нәтижесінде бұл құбылыс жалғасын тапты. Салдарынан үкімет субсидия беріп, шеткері жерлерде құны арзан үйлер салынды. Қоғамдық көлік жүйелері қамтамасыз етілмеген аудандардан келіп жұмыс істеуге мәжбүр болған Оңтүстік Африкалық жұмысшылардың жұмысқа қатынаына біраз уақыт кетеді және олар көп ақша жұмсайды; жұмысшылар амалсыздан жалақысының 40% мөлшерінде қолданыстағы «көлік салығын» төлейді. Сондай-ақ, «апартеид қалалары», бірінші кезекте, шетте тұратын тұрғындар үшін жұмысқа тұруды қиындатқанға ұқсайды.

> Жұмыссыздықтың жоғары деңгейі мен жалақы-ның төмендігі

Оңтүстік Африка Республикасының өз міндетін атқаруға қабілетсіз еңбек нарығы апартеидтен кейінгі кедейлік тұрақтылығының себебі болып отыр. Бұқаралық ақпарат құралдары мен саясаткерлердің жұмыссыздық мәселесіне көп көңіл бөлуі – жұмыссыздықтың тым жоғары деңгейін ескергенде, таң қаларлық жәйт емес. Жұмыссыздықтың жаһандық «тар» анықтамасына сәйкес Оңтүстік Африкадағы жұмыссыздық деңгейі әдетте 25% бен 30% аралығында. Ал «кең» мағынасында Оңтүстік Африкада қалыптасқан жағдайда жұмыссыздық шамамен алғанда 40% деңгейінде.

Жаппай жұмыссыздықтың іс жүзіндегі көлемі кемітіп көрсетілмеуі қажет екені анық. Алайда, бұл мәселе Оңтүстік Африкадағы тым төмен жалақылар мәселесінен назарды аудартады. Республиканың асыраушысы бар отбасыларының жартысы елдегі есептік кедейлік шегінің ең аз деген деңгейінен де төмен жағдайда күн көруде (асыраушысы жоқ отбасыларының 88% аталған кедейлік деңгейінен төмен топтарға жатады). Жоғары деңгейлі топтарда жалақылар өскен, ал медианалық жалақылар іс жүзінде 1994 жылдан бері сол деңгейінде қалған. Этнографиялық деректер көрсетіп отырғандай, республикадағы жұмысшылар жалақылары тым төмен әрі бұл жұмыстар тудыратын материалдық және психологиялық шығындарды (сәйкесінше, күнделікті қала маңынан жұмысқа қатынау шығындары және кемсітушілік) ақтамайды, осы себепті халық жұмыссыз қалудан қорықпай, жұмыстарынан жиі кетіп жатады.

Жұмыссыздықтың жоғары деңгейі мен жалақының төмен деңгейі себептері неде? Көбінесе бұған білім сапасының нашарлығы себеп деп жатады. Осы теорияға сәйкес Оңтүстік Африка «біліктілік сәйкессіздігіне» тап болып отыр, жұмыс берушілердің жоғары білікті жұмысшыларға деген қажеттігі артып келеді, бірақ негізгі білім беру жүйесі мұндай жұмысшыларды даярлауға қабілетсіз. Оқушылар санының күрт өскеніне қарамастан, Оңтүстік Африканың базалық білім беру жүйесінің бұрын-соңды болмаған дағдарыста екені күмәнсіз. Мысалы, 4-ші сынып оқушыларының оннан сегізі мағынаны түсіне отырып оқи алмайды. Бірақ бұл мәселе білім беруге ғана тіреліп қалған жоқ.

Жеке кәсіпкерліктің жұмыс күшіне деген сұранысының жеткіліксіздігі мәселесін мойындау қажет. 1980-жылдардың соңында 1990-жылдардың басында, апартеид кезеңі аяқталып, халықтың көшіп-қонуын қадағалау сәтсіздікке ұшырап, жұмыс күшімен қамтамасыз ету деңгейі күрт жоғарылады. Мұның себебі – бұрын туған жерімен шектелген қара нәсілді Оңтүстік Африка тұрғындары енді үлкен қалаларға көшіп, өмірлерін жақсартуға мүмкіндік алды. Бұл кезеңдегі жұмыс күшіне деген сұраныс жұмыс күші ұсынысының өсу қарқынына сәйкес келмей, бүгінгі таңға дейін сақталып келе жатқан құрылымдық конъюнктуралық жұмыссыздық туындады. Кәсіпкерлікті үкіметтік реттеу қиындық тудырып, жұмысшыларды жалдау нәтижесінде көптеген тәуекелдер туындайды деп жиі шағымданып жатады. Ал әкімшілік басқару деректері көрсеткендей, Оңтүстік Африканың жеке кәсіпкерлік саласында еңбек ететін жұмысшылардың тұрақтамауы деңгейлері ерекше жоғары екен. Сонымен қатар жұмыс күшіне деген тапшы сұранысқа жеке кәсіпкерлердің негізгі капиталға инвестицияларды аз бағыттауы да себеп болуы мүмкін. Апартеидтің соңғы

кезеңінде өндіріске қаржы бағыттау есебінен емес, сатып алу есебінен кәсіпорын қызметінің аясын кеңейтуге бет алды. Енді бұл тәжірибе корпоративтік бөліну, акционерлердің ірі төлемдер төлеуі және капиталдың шетелге жылыстауы сияқты үрдістермен алмасты. Бірақ ел ішінде өндіріске қаржы салуға деген қызығушылық әлі де туындай қоймаған.

> Тұрақсыздық және динамикалық кедейлік

Оңтүстік Африкада 1994 жылдан бері жұмыстың күмәнді түрлерінің көбеюіне әкеліп соқтырған аутсорсинг және «еңбек брокері қызметі» сияқты жаһандық тенденциялар орын алған. Оңтүстік Африкадағы кедейлікке жүргізілген динамикалық талдау көрсеткендей, дәулетті отбасылардың 40% әлеуметтік тұрғыдан әлсіз келеді, себебі олар болашақта кедейлікке ұшырауы әбден мүмкін. Ал кедей отбасылардың 80% кедейліктен арылу мүмкіндіктерінің мардымсыз болуы себепті олар «үнемі кедей адамдар» тобына жатқызылады.

Шынайы қалыптасқан жағдайға қарап, Оңтүстік Африкада ең басты экономикалық бостандықтың іске асырылмай келе жатқаны айтпаса да белгілі. Сонда да, «Оңтүстік Африкадағы бұл мәселе шешімі әлі де сақталып келе жатқан апартеидтік экономиканы түбегейлі қайта құру дәрежесіне байланысты» деген көзқарас назар аударуға лайық. Әлеуметтік жәрдемақы төлеу, негізгі қызметтер аясын одан әрі кеңейту сияқты шаралардың алға басуға көмектесетініне күмән жоқ. Алайда, Оңтүстік Африкада экономика тиімсіздігіне себеп болған – еңбек нарығы. Бұл салаға араласу іс-шаралары апартеидтік әдіске деген тәуелділікті жою қажеттігіне не қажетсіздігіне бағдарлануы тиіс. ■

Хаттарды Джошуа Будлендерге <jbudlender@umass.edu> жолдауға болады.

> Азаттық алғаннан кейінгі әл-ауқат:

Грекиядағы кедейліктің жаңа бейнесі

Вассилис Арапоглоу, Крит университеті, Греция

Қаңырап қалған үйлердің қабырғасындағы жоқшылық ізі, көп адамдар үшін көшеде ұйықтау күнделікті шындыққа айналды. Кредит: Вассилис Арапоглоу.

Сегіз жыл бойы қатаң үнемдеуден соң грек үкіметі азаттық дәуірін күтіп, Еуротоп, Еуропа комиссиясы және Халықаралық валюта қорымен келісім жүргізе отырып, сонымен қатар қаржылық көмек бағдарламаларынан бас тартқаннан кейінгі қаржылық бақылаудың кеңейтілген формалары туралы талқылай келе, өзінің «Болашақ үшін дамудың стратегиясы» жобасын алға қойды. Жоспарда Грекияда реформалар қажет екендігі және күн тәртібінің басты мәселесі қатарына «әділетті және барлығын қамтыған дамуды» қосу талпынысы байқалады.

Осы қысқа мақалада грек қалаларындағы кедейлікпен байланысты зерттеу нәтижелерімен салыстырылып, уақыт кеңістігінің кең аумағындағы саясат жетістігіне қойылатын жоспар талаптары бағаланады. «Азаттық алғаннан кейінгі» әңгіме «халықтың әл-ауқатына негізделген экономикадан кейінгі» бағыттың, көптеген елде әртүрлі ырғақпен дамып жатқан және еңбек нарығын мемлекеттік қадағалау мен әлеуметтік құқықтардың қысқаруына тежеу салатын, Еуропалық комиссия қабылдаған, әлеуметтік қамсыздандаруды орталықсыздандыру стратегиясының ерекше сәті. Халықтың әл-ауқатына бағытталған кезеңнен кейінгі уақыт әлеуметтік көмек жүйесі мен әлеуметтік интеграция бағдарламасын әзірлеуде жергілікті мемлекет, нарық және азаматтық қоғам арасындағы қарым-қатынастардың қайта құрылуын қамтиды. Әлеуметтік саясат үшін жауапкершілікті орталықсыздандыру бәсекелестіктегі стратегиялардың саяси алаңын құрады. Бір жағынан, неолиберал стратегия жергілікті және ерікті агенттіктер мен олардың клиенттерін адами капиталдың инвесторына және әлеуметтік қызметтерді жауапкершілікпен тұтынатын тұтынушыларға айналады деп болжайды. Екінші жағынан, прогресшіл стратегиялар нарық ережелеріне сай құрылған

>>

халықтың әл-ауқатына негізделген қоғам мен азаматтық қоғамның «төменге құлдырайтын» жобасына қарсы бағытталған. Заңгерлер коалицияларының қызметі жергілікті активтерге қолжетімділік беретін және денсаулық сақтау мен әлеуметтік көмек, тұрғын үй, цифрлық экономика және қалалық экологиясы сияқты жаңа салаларда өз қызметін қаржыландыруға мүмкіндік беретін білім мен бастамалар талаптарының төменгі деңгейде интеграциялануына бағытталған.

Грекияда құтқару туралы алғашқы екі келіссөз – жұмыс күші мен жұмысшылар активтерін әдейі құнсыздандыруға талпыныс жасалғанның көрінісі. 2010 жылы басталған өмір жағдайының күрт нашарлауы соңғы екі жылда тоқтатылды, бірақ қазіргі кезде еуропалық капитализм қалай ұйымдастырылғанын ескерсек, бұл жағдай толығымен жойылуы мүмкін емес. 2016 жылы, 2008 жылғы стандарттар бойынша есептелген кедейлік деңгейі 50% жетті. Бұл дегеніміз – елде 2008 жылғы стандарттарды пайдаланса, грек халқының жартысының кедей екендігі. Тіпті қазіргі кездегі табыс стандарттарын пайдаланса, онда 25 жасқа дейінгі халықтың жартысы кедей немесе жұмыссыз. Жастар арасында жартылай жұмыспен қамту кең таралды: 25 жасқа дейінгі төрт қызметкердің біреуі және бесеудің біреуі еңбек ететін кедей халықтың қатарына кіреді. Теңсіздіктің тереңдеуі, жастардың кедей және тұрақсыз жағдайда қалуы – Грекияның құтқару туралы келісімінен шыққан кездегі ахуалы. Жаңа кедейлер қатарын, ең алдымен, жас ұрпақ, иммигранттар және қала тұрғындары толықтырды.

Жуырдағы зерттеу қорытындылары (Костас Гуниспен бірге жазылған және жақында жарық көрген Оңтүстік Еуропадағы Кедейлік пен Баспанасыздықтың даулы бейнесі: Афиныдан көзқарас деген кітапты қараңыз) кедейлікпен күресудің жергілікті саясатында кедейлікті тоқтату шараларының басым екендігін көрсетеді. «Әлеуметтік ынтымақтастық табысы» сызбасын енгізу әлеуметтік қызметтер бағдарламасында орталық мәнге ие, бірақ табыс табуға көмек – мардымсыз және қатаң еңбек қатынастары шарттарына тәуелді. Жеке қаржыландыруды тарту үшін ресурс көздері, жергілікті және азаматтық агенттер әлеуметтік интеграцияны қайта қарауға мәжбүр болды. Көмек көрсету бағдарламалары қолдаудың әлсіз және сәйкес емес түрлерін жойып қана қоймай, қоғамдық жағдайды жекешелендіру және қайырымдылықты қамтамасыз ету үшін нақты бағытты айқындағанын айта кеткен жөн.

Ең қиыны – «жаңа кедейлер» арасында жасанды бөліну орын алды, бірі орта тапқа ұқсас (себебі, олар кедейлікке ұрынудың ортақ тәуекелді жағдайларына ие) болса, ал маргиналданған басқалар – нашақорлар, психикалық ауруға шалдыққандар, заңсыз мигранттар мен қозғалыстағы адамдар. Осы жағдайда жергілікті саяси тосқауыл жасау іс-шаралары материалдық кедейлік мәселесін жеңе алмағандығы байқалып қана қоймай, кедейлер арасында айып пен қорқыныштан қашу әдісі ретінде символдық текетірестерге жол ашылғандығы анықталды.

Керісінше, азаматтық қоғам шеңберіндегі плюрализм нарықтар логикасы және кедейлікпен күрестің бұрыннан қалыптасқан тәжірибесі туралы мәселені көтеруге мүмкіндік берді. Әкімшілік категорияларға сәйкес келмейтіндер қажеттіліктерін қамтамасыз етудің барлық қиянатсыз ұйымдастырылған талпыныстарында үміт бар еді. Бейресми қолдау маргиналдықтың тереңдеуінен қорғаныс болды, ал жергілікті ынтымақтастық бастамалары екі жақты еуропалық иммиграциялық саясатқа қарамастан, грек қалаларында босқындарды қабылдады.

Дегенмен, «кенеттен әрекет ету» және «игі іс жасауға ұмтылыс» өзгерістер үшін, әсіресе бастамалар төменгі деңгейде Еуропалық Одақ тарапынан күдікке ұшырап, қатал бюрократиялық жағдайда әрекет ету керек болғанда, тиімді емес. Кеңінен таралған пікірге қарамастан, азаматтық қоғамы тарихи белсенді, ерікті сектор, кәсіби қауымдастықтар, сквоттерлер және бастамалар төменгі деңгейде серіктес болатын, халықаралық заңгерлер ұйымдарымен немесе қозғалыстармен байланыс орнатылған салаларда білім жинау үшін бірнеше жыл қажет болды. Алайда, осы қабілеттің басым бөлігі өзгеріссіз болып қала береді. Ұжымдық ұйымдарды мемлекетті кеңейту үшін қолданып, әлеуметтік бақылаудың құнын түсіре отырып, келіспейтіндерді үнсіз отыруға мәжбүрлей келе, билеуші партия мүшелерінің арасында авторитарлы және клиентистік діл сақталып келеді.

Гректік «әділетті және ашық даму стратегиясын» саясаттың жіктелуін жақсарту және халықтың әл-ауқатының болашағы үшін еуропалық институттармен келісімге келуге талпыныс ретінде қарастыруға болады. Азаматтық қоғам ұйымдары жоспар тұжырымдамасын және айқындылықты қамтамасыз етуге бағытталған Комиссиямен келіссөздерді сынады. Жоспарда кедейлік көлемін қысқартуға қатысты нақты мақсаттар көрсетілмеген және қолдау қызметі төменгі деңгейінің әлеуметтік салдары дұрыс бағаланбай, мекенжай көмегінің артықшылығын мақтайды. Дәл осылай «жастардың экономикалық және әлеуметтік интеграциясы» мен «әлеуметтік бағытталған экономика» басымдылықтары нақты шаралармен бекітілмеген. Таңқаларлығы, қазіргі таңдағы өзекті мәселе – босқындар және мигранттар интеграциясы мүлде атап өтілмейді. Жоспарда Комиссиямен келіссөздердің негізгі салалары анықталған, бірінші кезекте, белсенді жұмысшылар арасында алаңдаушылық туындатқан, ұжымдық келіссөздерді қайта қалпына келтіру мен ең төменгі жалақы. Дегенмен, жұмысшыға қарсы заң мен төмен табысқа салық төлеуді, жастардың өзін-өзі жұмыспен қамтуын кері қайтару, сонымен қатар несие берушілермен келісілген кейінге шегеруді кері жұмыс жасату қиынға соғады. Осындай қолайсыз жағдайларды ескерсек, азаматтық құқықтардан саяси және экономикалық айыру үшін жергілікті күрес оптимизм үшін жалғыз негіз бола алады. ■

Хаттарды Вассилис Арапоглоуға <<arapov@uoc.gr> жолдауға болады.

> Латын Америкасындағы әйелдер неге кедейірек?

Джулиана Мартинес Францони, Коста-Рика университеті, ХӘҚ Кедейлікті, әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік саясатты зерттеу комитетінің мүшесі (ЗК19)

Экономикалық даму, сайлаудағы бәсекелестік және солшылдылығына қарамастан, Латын Америкасындағы әйел кедейлігінің деңгейі әрбір 100 адамға шаққанда 114-тен 127-ге артты (1 сурет). Бүкіл өңір бойынша миллиондаған әйелдерге не болды?



Дереккөзі: ECLAC, CEPALSTAT, 2018 мәліметтері негізінде дайындалған дербес жұмыс.

> Мәтінді түсіндіру

Латын Америкасы 1998 жылдан бастап 2010 жылдың ортасына дейін созылған «солшылдылықтан» немесе «Pink Tide»-тан шығып жатыр. Сайлау бәсекелестігі прогресшіл платформаларға кең ықпал ету күшін берді және прогресшіл жұмысшылар мен әлеуметтік саясат туралы талаптарды алдыңғы қатарға шығарды.

Солға жылжу – бұрынғы консервативті үкіметтер уәдесінен азаматтардың түңілуінің саяси нәтижесі. Түңілу экономикалық сенімсіздікпен тұспа-тұс келді. Дегенмен, әртүрлі солшылдар партиясы мен басшылары өзгерістер туралы, әсіресе, өмір жағдайы туралы үндеу тастады. 2000 жылға қарай әлеуметтік нәтижелер және мемлекеттік саясат бүкіл өңір бойынша жүргізілді.

> Мемлекеттік іс-шаралар

«Алқызыл Ағын» кезінде жүргізілген экономикалық саясат ең төменгі жалақы деңгейін көтеретін және формализацияны арттыруға жетелейтін еңбек нарығындағы саяси реформаларға алып келді. Әлеуметтік шығындар 2000 жылғы 49% көрсеткіштен 2014 жылы 58% дейін өсіп, жалпы мемлекеттік шығындардың басым үлесін құрады. Латын Америкасы мен Кариб бассейні экономикалық комиссияның (Economic Commission for Latin America and the Caribbean ECLAC) мәлімдеуінше, әрбір жан басына шаққанда әлеуметтік шығын 2000 жылғы 687 АҚШ доллардан 2014 жылы 1619 АҚШ долларына өскен. Әр мемлекетте өсім деңгейі өзгеріп отырғанымен, өңірде жаңа, сонымен қатар реформаға ұшыраған бағдарламаларда осы үрдістің болғандығы байқалды.

Әлеуметтік шығындардың басым бөлігі әйелдердің трасферттер мен қызметтер арқылы мемлекеттік ресурстарға қол жеткізуіне жағдай жасады. Латын Америкасындағы мемлекеттік көмектің басым бөлігі әйелдер мен аналарға арналған. Саясаттың дамуы шартты ақша аударымдары (ШАА) және зейнетақымен қамтамасыз етуді кеңейту арқылы жеке табыстары бар әйелдер санын арттырды. Бұл шаралар әйелдердің күйеулерінің табыстарына тәуелді болуын төмендетіп, қартайғанда өз шарттары негізінде зейнетақымен қамтамасыз етілу мүмкіндігіне жол ашты. Сонымен қатар, босануға байланысты берілетін көмектердің тізімі мен көлемі ұлғайды және әйелдердің отбасына қатысты еңбегі, үй шаруасындағы еңбегі, ана ретінде атқаратын еңбегі қайта ұйымдастырыла бастады. Еңбек нарығына кірігудің артуы әйелдердің трансформациялануына алып келді.

> Еңбек нарығы және мемлекеттік бірігу

2000 жылдарда әйелдердің еңбек қызметі жоғары білімдерінің болмауы нәтижесінде бәсеңдеді: 24 жастан 59 жасқа дейінгі жоғары білімді әйелдердің 90% жұмысшы күші болды. Жұмысшы күшінде әйелдер үлесінің артуы үшін орта білімді әйелдердің еңбек нарығына қатысуы қажет еді. Бірақ, мұндай әйелдер еңбек нарығына кіруде құрылымдық қиындықтарға тап болды. Өзгерістердің жалпы көрінісі барлық әйелдер үшін толық болмады, бірақ табыстағы теңсіздік әйелдер арасында бөлшектелді.

>>

2000 жылдарға дейін әртүрлі себептерге байланысты еңбек нарығына әйелдердің қатысуы жоғары табысты әйелдер мен төменгі табысты әйелдердің болуына алып келді. Ең қолайсыз факторлар – жыныстық еңбек бөлінісіне қатысу үлесінің артуы, бала туу көрсеткішінің және ерте босану көрсеткішінің өсуі, сонымен қатар мемлекеттік қызметтер мен бөлшектеп саудалау қызметтерін сатып алуға қолжетімділік үшін шектеулі ресурстардың пайда болуы. Өзгеріссіз жыныстық еңбек бөлінісі жоғары білімді әйелдердің бала тууды кейінге қалдыруы немесе бала туу көрсеткішін төмендету және жеке еңбек нарығында күтім жасау қызметтерін сатып алу арқылы ер адамдармен бірдей еңбек нарығына қатысу деңгейіне жеткендігін көрсетеді.

> Отбасылық келісімнің өзгерісі

Латын америкалық отбасылар да екінші демографиялық революциядан кейін терең өзгеріске ұшырады. Ерлі-зайыптылардың әртүрлі қарым-қатынасының болуы отбасы құрудың және отбасы қарым-қатынастарын тоқтатудың кең мүмкіндіктерін, сонымен қатар құқықтар мен міндеттердің бөлінуінің жақсартылған үлгісін ұсынды. Отбасы санының аз болуына қарамастан, олар тұрақсыз және тез бұзылуына бейім болды.

Бүкіл өңір бойынша отбасы сақталуына қажетті жағдайлардың қысқаруымен нуклеарлы отбасы діңгегі бұзылып, жалғызбасты ата-анасы бар отбасылар, бірге өмір сүру, бір жынысты неке және отбасының басқа да түрлері қалыптаса бастады. Ажырасудың артуы – осы өзгерістердің бір белгісі. 2 суретте ерлер билік ететін, толық отбасына



Дереккөзі: ECLAC мәліметтеріне негізделген.

артқаны көрсетілген. Отбасы – кооперациялық және шиеленісті бірлік. Заманауи отбасылық өзгерістер өздерін және балаларын бірге тәрбиелейтін және қорғайтын ересектерден құралған отбасылық коорперацияға сынның және ескі-жаңа шиеленістердің барын тағы да көрсетеді. Өзгерістердің тағы бір нәтижесі – әкелері сияқты бір үйде өмір сүрмейтін балалар санының артуы.

Отбасының өзгеруі барлық мүшелеріне салдарын тигізеді. Ұлттық баяндамалардың мәліметінше, Латын Америкасындағы балалар мен жастардың тұтынушылық қажеттіліктерінің 60% жеке трансферттер өтейді. Баланы күту және материалдық қамтамасыз ету көбінде оның асыраушысы-анасының өмірімен байланысты. Әйелдер емізеді, бағып-қағып күтеді, дәрігерлік тексеріске апарады, бала тәрбиесіне байланысты ұзын тізімді тапсырмаларды орындайды. Осы қажеттіліктердің, құндылықтардың және тұтынудың жасырын буыны отбасында болып жатыр және әйелдер мен үй шаруасына төленбейтін күтім арқылы шешіліп отыр. Уақытты пайдалану туралы өңірлік зерттеулердің хабарлауынша, бұл процесс кіріске, жасқа, отбасылық құрылымға тәуелсіз жүріп жатыр.

Еңбек нарығына қатыса отырып, әйелдер үлкен өзгерістерге ұшырады, ал ер адамдар көзге көрінбейтін үй шаруасына қатысуда өзгерістерге тап болды. Әйелдер әлі де ер адамдарға қарағанда, екі-үш есе көп күтім мен үй еңбегіне қатысты жұмысты атқарып келеді. Сонымен қатар, отбасы бұзылғанда балалардың әкесімен қалу жағдайлары өте аз. Үй шаруашылығындағы еңбектің үнемі тең бөлінбеуі – әйелдер үшін ресурстарға қол жеткізу мүмкіндіктеріне теріс ықпал етеді. Ішкі ауыртпалық әйелдердің еңбек нарығына қатысуын шектейді (мысалы, төленетін жұмыс уақыты) және отбасылық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін кәсіби бөлінуді қамтамасыз етеді. Табыстың әртүрлі болуы әйелдерге өзінің төленбейтін үй шаруашылығын төленетін үй жұмысына, Латын Америкасының негізгі ерекшелігі – қамқорлықтың тең емес тәртібіне жартылай ауыстыруына мүмкіндік береді.

> Салдары

Өзгерген отбасылық келісімдер, ерлі-зайыпты қарым-қатынастарындағы рөлінен бас тартқан әкелер санының артуы, балалардың материалдық қамтамасыз етілуіне мемлекеттің тікелей араласуының шектелуі заң мен саясатты қайта бейімдеу қажеттілігін туындатып отыр. Мемлекет ажырасқан отбасылардың, моно ата-аналық (көбінде моноаналық) отбасылардың, екі ата-анасы да бар толық отбасылардың, біржынысты серіктестер мен кедейлікке бейім әйелдер мен балалардың қажеттіліктерін өтей алатын саясатты жүргізуде үлкен қиындықтарға тап болып отыр. Сонымен бірге, осындай отбасылық келісімдердің саналуандығын құқықтық мойындау және тең құқықтар беру отбасылық келісімдер және жазасыздықпен байланысты ақша аударымдары арасына ынтымақтастықты қамтамасыз ете алатын мемлекеттің араласуын талап етеді. Жалпы, бұл – солшыл партияларды қоса алғанда, барлық саяси субъектілерге жаңа сын. ■

Хаттарды Джулиана Мартинес Франзониге <juliana.martinez@ucr.ac.cr> жолдауға болады.

> “Қайырымдылық экономикасы” игілікті мемлекет көлеңкесінде

Фабиан Кесль, Дуйсбург-Эссен университеті, Германия

Тек Германияның өзінде миллиондаған адам көшпелі асханалардың, қайырымдылық киім дүкендерінің, азық-түлік тарататын бекеттер мен азық-түлік қорларының тұтынушылары. Суретті түсірген Creative Commons қоры.

2017 жылы желтоқсанда Эссендегі (Германия) жергілікті азық-түлік қорының (Тафел) басқармасы мигранттардың азық-түлікке қол жетімділігін шектеуге шешім қабылдады. Жас мигранттың заңсыз әрекеттеріне сілтеме жасай отырып, азық-түлік қоры Германия төлқұжаты жоқ тұлғаларға қызмет көрсетуге тыйым салды. Қызмет көрсетуге шектеу туралы шешімі халықаралық деңгейде талқыланып, оны нәсілдік кемсітушілік деп сынға алды. Эссендегі бұл жағдай әлеуметтік мәселеге айналды. Бай және кедей арасындағы айырмашылықтар мен қатынастарға назар аударудың орнына, күн тәртібіне жаңа айырмашылық шықты: «ішкі және сыртқы» арасындағы біреуі. Қазіргі қайшылық «мұқтаж және әлсіз неміс зейнеткерлері» мен «неміс емес қайсар жастар» арасында орын алып отыр. Демократиялық қоғам аясында да мұндай жағдай қоғамдық және ғылыми талқыға түсуі қажет. Жаңа күн тәртібіндегі қалыпты жағдай – ірі еуропалық қалаларда жергілікті азық-түлік қорларының болуы. Пікірталаста 21-ші ғасырда Германия немесе еуропалық, солтүстік американдық басқа мемлекеттер сияқты елдерде азық-түлік қорының күнделікті пайдалануы туралы мәселе қысқаша ғана аталып өткендігін ескерген жөн.

Германиядағы азық-түлік жәрдемі бойынша ресми сандарды тек Германия азық-түлік қорларының қауымдастығы (Tafel Deutschland t.V) сияқты ұлттық қауымдастықтардың ішкі мәліметтері негізінде ғана қол жетімді. Қауымдастық мәліметінше, 2016 жылы жергілікті азық-түлік қорының саны, тек мүше-ұйымдарды санағанда ғана, 934 болды. «Мұқтаждарға» негізгі тауарларды бөлетін басқа да ұйымдарды ескеретін болсақ, бүкіл Еуропада және одан тыс жерлерде кедейлікпен күресудің ауқымды жүйесін табамыз. Тек, Германияда ғана миллиондаған адамдар – сорпа асханаларының, қайырымдылық киім дүкендерінің, азық-түлікті бөлу пунктерінің және басқа азық-түлік қорларының тұтынушысы. Жеке зерттеуіміз көрсеткендей,

>>

он алты Bundeslander-дің (Германия штаттары) тек бесеуінен ғана 5000-6000 жуық ұйым табылуы мүмкін. Кедейлікпен күресудің жаңа жүйесі 1980 жылдарда (не АҚШ-тағы сияқты одан ерте) қалыптасты. Бұл жүйені «жаңа қайырымдылық экономикасы» деп атауға болады.

«Жаңа қайырымдылық экономикасы» термині негізгі тауарлар ерікті көмекшілер немесе жалақысы төмен тұлғалар арқылы «кедейлер» немесе «мұқтаждарға» тегін берілетін немесе жеңілдікпен сатылатын бөлу жүйесін сипаттайды. Бұл жүйе үш қамтамасыз ету көзінің біреуінен күнделікті тұтыну тауарларын ұсынуға негізделген: ұдайы өндіріс; заңмен белгіленген стандарттаудың техникалық талаптары мен маркетингтік мақсаттары сияқты факторларға байланысты енді сатуға болмайтын тауарлар; және енді жеке үй шаруашылықтарына қажет емес тауарлар.

«Жаңа қайырымдылық экономикасы» капиталистік жүйеде тауарларды бөлуге қатысу үшін қаражаты немесе ресурстары жоқ адамдар тобына арналған. Алайда, жаңа экономика ең алдымен, күнделікті өмір сүруге қажетті негізгі тауарларды үлестіреді. Осылайша, бұл кезінде жалпыға бірдей игілікті көздейтін мемлекет пен оның агенттіктерінің (біз білетін жиырмасыншы ғасырдың ортасындағы Еуропа мен Солтүстік Америкадағы сияқты) ғана жауапкершілігі болған қолдау түріне ықпал етеді. Жалпыға бірдей игілікті көздейтін мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіндегі заңды талаптарға негізделген материалдардағы олқылықтар ақшалай жәрдемақы көмегімен көмкерілген және әлеуметтік қызметтермен толықтырылады. Дегенмен, «Жаңа қайырымдылық экономикасы» ақшалай емес артықшылықтарды мұқтаж адамға бөлінген субсидия ретінде заңмен бекітілген әлеуметтік сақтандырумен, жабдықтаумен немесе игілік құрылымдарымен қатар орналастырады. Кейде оларды алмастырады да. Алмастырылған жағдайда пайдаланушылар күнелтуге керек қаржыны қолдайтын және садақаға негізделген жаңа қызметке жүгінеді. Яғни, оның қолжетімділігі құқықта емес, қайырымдылық көмекте. «Жаңа қайырымдылық экономикасы» қолдау көрсету әдісін: донорлар мен көмекшілер «бейтаныс адамдар арасындағы ынтымақтастық» орнына аяныш негізінде әрекет етеді, – өзгерте отырып, кедейлікті қысқартуды кедейлікпен күреске алмастырады (Хауке Бранкхорст). Бұл – «жаңа қайырымдылық экономикасын» сипаттайтын қолдауға формалды құқық емес, басқалардың бақытсыздығына уақытша назар аудару.

Бірақ, бұл – біз тарихи білетін индустриализмнің алғашқы күндерінен бастау алған, лоялдылық пен аянышқа негізделген кедейлікпен күресу жүйесі ғана емес. «Жаңа қайырымдылық экономикасы» қосалқы экономикалық жүйе ретінде түсінілуі қажет. Бірінші нарықпен тығыз өзарабайланыстағы қайырымдылық экономикасы бірінші экономикадағы артық тауарларды екінші экономикаға өткізуді жеңілдетеді.Трансфер негізгі тауарларды қайырымдылыққа жұмсайтындар үшін экономикалық пайда алып келеді, себебі олар қайырымдылығы үшін балама табыс табады. Мысалы, жеңілдіктері бар азық-түлік дүкендері әлі күнге дейін қайырымдылық тауарлардан пайда таба алады, себебі, (А) оларды жою шығындарын азайтады және кейбір салық төлемдерін үнемдеуге мүмкіндік береді және (Ә) ресми демеуші немесе қайырымдылық демеушісі компаниялары корпоративті әлеуметтік жауапкершілік түрі ретінде (КӘП) пайда алып келіп, қоғамдық мәртебесін жоғарылатуы мүмкін.

Осылайша, «Жаңа қайырымдылық экономикасы» жайылып жатқан жалпыға бірдей игілікті көздейтін мемлекет көлеңкесін көрсетеді. Қоғамдық имиджге қарамастан, азық-түлік қорлары, жылжымалы асханалары, қайырымдылық киім дүкендері және т.б. – азаматтық қоғамдағы жалғыз ерікті бастама емес. Зерттеулеріміз көрсеткендей, Германияда «Жаңа қайырымдылық экономикасындағы» ұйымдардың 90% материалдық көмекпен қатар әлеуметтік қызметтерді де көрсетеді. Осылайша, ресми жалпыға бірдей игілікті көздейтін мемлекетпен мықты байланыс бар, бұл қайырымдылық экономикасын қаржыландырудан көрінеді: қайырымдылықтың, демеушіліктің, мемлекеттік қаражаттың, мүшелік жарналардың, келісімді табыстың және/немесе қызмет ақысының үйлесімділігі. Сонымен қатар, қайырымдылыққа негізделген көмек көрсету, әдетте, мемлекет әл-ауқаты туралы қолданыстағы ереже жиі қолданыла бастағанда, тестілеуді жүзеге асырады. Басқаша айтқанда, «жаңа қайырымдылық экономикасын» жалпыға бірдей игілікті көздейтін мемлекеттің қызмет көрсету жүйелерімен байланыстыратын нәрсе – жеке жағдайды мемлекеттік басқаруды бағалау. Бұл әлеуметтік қоғам және игілік билігі мен «Жаңа қайырымдылық экономикасы» қызметтері арасындағы жанама байланыста көрініс табады. Мысалы, жұмыспен қамту орталықтары мен жұмысқа орналастыру агенттіктерінің қызметкерлері мемлекеттік жәрдемақы алуға өтініш берген мұқтаж адамдарға азық-түлік бөлу сияқты қызметтерді көрсетеді. Осылайша, еншілес мекеменің жаңа қарым-қатынасы мынада: аз көлемдегі бөлімше келесі ірі бөлімшеге дейін көмек көрсетеді деп күтіледі.

Мемлекеттік басқару қызметкерлері «жаңа қайырымдылық экономикасының» қызметтерін, әлеуметтік заңда ешқандай негіздері болмаса да, жәрдемақылардың орнын толтырушы, тіпті алмастырушы ретінде қарастырады. «Жаңа қайырымдылық экономикасы» – үш сектор: азаматтық қоғам, экономика мен мемлекет арасындағы жаңа еңбек бөлінісінің жақсы үлгісі, сондықтан олардың сәйкес шекаралары мен әрекетінің логикасы бұлыңғыр. Осылайша, мұқтаж адамдарға қолдау көрсету дәстүрлі түрлерінің түбегейлі өзгерісі жолындамыз. ■

Хаттарды Фабиан Кесльге <fabian.kessl@uni-due.de> жолдауға болады.

> Азық-түлік қауіпсіздігі туралы дискурс:

XXI ғасырдың қиындықтары

Мұстафа Кош, Райерсон Университеті, Канада, ХӘҚ Миграция (ЗК31) және Ауыл шаруашылығы мен Азық түлік әлеуметтануы (ЗК40) бойынша зерттеу комитеттерінің мүшесі.

Азық-түлік қауіпсіздігі 1970-жылдардың ортасында жаһандық қаржы дағдарысы кезінде барлық адамдар үшін тағамның қолжетімділігі мен қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін халықаралық үстем дискурс ретінде пайда болды. Азық-түлік қауіпсіздігінің ең танымал анықтамасының бірі Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Азық-түлік және Ауылшаруашылық ұйымының (ААҰ) жоғары деңгейде өткізген азық-түлік мәселелері жөніндегі 1996 жылғы Дүниежүзілік Азық-Түлік Саммитінде ұсынылған. Осы анықтамаға сәйкес, «адамдардың тамақтану қажеттіліктеріне, белсенді және салауатты өмір сүру үшін тамақтанудағы барлық ұстанымдарына сәйкес келетін, жеткілікті, қауіпсіз қоректік тағамға табиғи, әлеуметтік және экономикалық қолжетімділігі болғанда ғана» азық-түлік қауіпсіздігі туралы айтуға болады.

ААҰ сияқты халықаралық ұйым қабылдағанына қарамастан, азық-түлік қауіпсіздігі – жылдар бойы өзгеріп отыратын көптеген анықтамасы және әртүрлі бағыттары бар түйткілді концепция. Азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы дискурстың концептуалды адасуы нарықтық экономикадағы азық-түлікке қолжетімділікті қалай басқару керектігі, сонымен қатар азық-түлік жүйесіндегі ұйымдасудың нақты әдістердің өзгерісі, яғни жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысындағы азық-түлікпен қамтамасыз ету шарттарын анықтайтын саясат пен тәжірибе туралы бәсекелес түсініктерді көрсетеді.

1980-ші жылдан бері азық-түлік қауіпсіздігі концептуализациясы нарықтық либерализм, жаһандық экономикалық қарым-қатынастардың белсенділігі және мемлекет пен экономиканың қайта құрылуы жағдайында пысықталды. 1970-ші жылдардағы қаржылық дағдарысты шешу жолы ретінде қабылданған неолибералды саясат әлеуметтік бағдарламалар мен еңбек шартының өзгерістеріне жұмсалатын шығындардың қысқаруына, экономикадағы мемлекеттің рөлінің төмендеуіне, қайта реттеуге, келісімнің жекешелендірілуіне және либерализациялануына алып келді. Бұл өзгерістер өндірістік салада кәсіби жұмыс орындардың қысқаруына және бейресми сектор мен қызмет көрсету саласында тұрақсыз және толық емес күнге жұмыспен қамтуды орнықтырды. Әлеуметтік бағдарламалардың қысқаруы жағдайды ушықтырды және нәтижесінде кедейлік деңгейінің өсуіне, азық-түлік қауіпсіздігінің бәсеңдеуін туғызды.

Азық-түлік қауіпсіздігі туралы неолибералды пікірталас көне дәуірдегі құқыққа негізделген тілден нарыққа, яғни азық-түлікті тауармен, азық-түліктен болатын қауіпті ауылшаруашылық өнімдерінің тағамдық жүйесінен бас тартумен емес, жеке қабілетсіздікпен идентификациялаған тілге ауысты. Әлемдік Банктің 1993 жылғы құжатында бұл өзгеріс нақты көрініс тапқан: «Тәжірибеде, дегенмен, тамақ – тауар». Жалпыға ортақ әл-ауқатты мемлекеттің әлеуметтік функциялары қысқартылғаннан кейін, ұлттық әлеуметтік бағдарламалар аймақтық және жергілікті билік өкілдерінің басқаруында, әлеуметтік көмек пен күтімнің функциялары азаматтық қоғам ұйымдарына (АҚҰ) және отбасыларына тиесілі болды. Тамақтандыру қорлары секілді қайырымдылық ұйымдар үкіметтің әлеуметтік бағдарламаларынан қалған кемшіліктердің орнын толтыра бастады. Америка Құрама Штаттарында 1967 жылы ең алғаш пайда болған азық- түлік қорларында әлеуметтік қамтамасыз ету мекемелерімен

>>

салыстырғанда, ашықтық пен есеп болмады, бірақ «халықтың көп бөлігіне» арналған «мол азық түлікпен» қамту үшін әлеуметтік қамтамасыз етудің механизмдері ретінде әлемге тарала бастады.

Нарықтық экономикада тұтыну үшін өндірілген азық-түлік жақсы бағаға сатылатын сәтті күнін күтіп, өтпей артылып қалады. Артылып қалған азық-түлікті қайта бөлу тағам қалдықтары мен азық-түлік кедейлігі мәселесін шешу жолы ретінде ұсынылды. Бірақ өз кезегінде осы игі іс азық-түлік қауіпсіздігін арттыру жағдайындағы мемлекеттік субсидияларды және агрошаруашылық компаниялардың маркетингтік императивтерін қысқарту рөлін ескермейтін сияқты. Дегенмен, адам тұтыну үшін өндірілген азық-түліктің 40% егістік пен табақ арасында жоғалатыны рас және осы шығындарды қысқарту бізге бүкіл әлемнің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, азық-түлік қауіпсіздігінің болмауының себебі – азық-түліктің жетіспеушілігіне байланысты емес, оған қолжеткізудегі теңсіздіктен. Қазіргі кезде фруктоза көп қосылған жүгері шәрбаты сияқты әлемдік дәнді-дақылдар және зәйтүн өнімдерінің орасан зор бөлігі тағам өнімдері ретінде емес, малға жем, биоотын және өнеркәсіптік өнімдер ретінде қолданылады. Босқа өндірілетін азық-түлікті қысқарту, осылайша азық-түлік өндіретін саладағы пайданың артықшылықтары мен белгілі бір салалардағы субсидиялар азық-түліктің көп мөлшерімен бірге, аштықты да тудыратынына сыни көзқарасты талап етеді.

> Прогресс жан-жақты емес

1996 жылғы Бүкіл Әлемдік Азық-түлік Саммитінде 2015 жылға дейін тойып тамақтана алмайтын адамдардың жартысын қысқарту міндеті жүктелді. Сол кезде азық-түлік қауіпсіздігінің болжамды мөлшері 799 миллион болды. 2009 жылы азық-түлікпен қамтамасыз етілмеудің болжамды мөлшері 1023 млрд АҚШ долларына жетті. ААҰ өзінің әдіснамасын 2012 жылы өзгерту арқылы осы жағдайға жауап қайтарды. Тіпті осы жаңа әдіснаманың көмегімен 2015 жылға қарай тойып тамақтана алмайтын адамдардың санын тек 815 миллионға қысқартуға болатын еді. Сонымен қатар, Африкада және Таяу Шығыста тойып тамақтана алмайтын адамдардың саны соғыстар және қарулы қақтығыстар нәтижесінде өсіп келеді. Соңғы онжылдықтарда әлемнің түрлі бөліктеріндегі қарулы қақтығыстар миллиондаған адамдарды азық-түлікті сатып ала алмайтын популяцияларға айналдырды. 2017 жылғы ААҰ есебі бойынша, әлемдегі азық-түлікпен төменгі мөлшерде қамтамасыз етілген және тойып тамақтана алмайтын 815 миллион адамның ішінде 60% шамасы саяси шиеленістер орын алған мемлекеттерде өмір сүреді. Тойып тамақтана алмаудың нәтижесінде зардап шегетін балалардың 75% шамасы соғыс болып жатқан мемлекеттерде өмір сүреді. Соғыс үшін болған ұлттық экономиканы, инфрақұрылымды және ірі мемлекеттік мекемелерді құрту нәтижесінде миллиондаған адамдар босқынға айналды, ал тиісті аймақтардағы халықтың орын ауыстыруын ұстап қалуға ұмтылыс көрші елдерді босқындар лагеріне айналдырды. Пәкістандағы және Ирандағы 6 миллион ауғанстандық босқындар және Түркия, Иордания, Ливан, Ирак, Мысырдағы 5,6 миллион сириялықтар – халықтың аймақтық қозғалысының тек екі соңғы мысалы. Дегенмен, босқындар да ұзақ уақыт бойы азық-түлікпен қамтамасыз етілудің жетіспеушілігіне және тойып тамақтана алмайды, сондай-ақ олар да азық-түлік қауіпсіздігі мен қабылдаушы елдердегі саяси тұрақсыздық көзіне айналады.

> Азық-түлік қауіпсіздігінің келешектегі қауіп-қатері

2050 жылға қарай әлемдегі халық саны 9 миллиардқа жетеді деп күтіледі. Дамушы елдер бай елдердің ысырапшыл тұтыну жүйесін қабылдап және қарулы шиеленістер бүкіл әлемдегі босқындардың жаңа толқынын құрып жатқандықтан, азық-түлік қауіпсіздігінің деңгейі нашарлауы мүмкін. Осы кезге дейін біз өндіру әлеуетімізді және халықтың осал бөлігі үшін азық-түлікке қолжетімділікті арттыру жолдарына сүйендік. Өндірістік жер өңдеу әдісі арқылы өндірістік қуаттылықты арттыруға ұмтылыс, тиімді жұмыс атқаратын фермерлердің иелігінде жеке меншіктің шоғырлануына және миллиондаған шаруалар мен шағын фермерлерді қалаға көшуіне алып келді. Агрохимикаттарды кеңінен пайдалану топырақтың деградациясы, ауа мен судың ластануы, биоәртүрліліктің жоғалуы сияқты күрделі экологиялық мәселелерді туғызды. Ауыл шаруашылығы парниктік газдардың шығуына 13% шамасында ықпал етеді. Климаттың өзгеруінің ықпалы әлемдегі өндірістік қуаттылыққа тағы да бір қауіп-қатер туғызады. Азық-түліктің қолжетімділігі мен қолжетімділікті арттыру және азық-түлікті жоғалту мен қалдықтарды азайту үшін жаңа саясаттарды іздестіру кезінде, біз ас мәзірін, тұтыну үлгілерін және өткен ғасырда басым болған агроөнеркәсіптік жүйені ұйымдастыруымыз керек.

Қалыптасқан азық-түлік егемендігі қозғалысы балама азық-түлік жүйесін құру үшін бірге жұмыс атқару мақсатымен фермерлер, жұмысшылар және тамақтанушыларды біріктіреді. Сонымен бірге азық-түлік егемендігі азық-түлік қауіпсіздігі туралы алдыңғы ұлттық/жергілікті шекараларда азық-түлікпен қамтамасыз етудің жағдайларын анықтаудағы мемлекеттің рөліне екпін қойған дискурстар мен кейбір идеяларды түрлі бағыттарға бөледі, оған сонымен қатар жаһандануға қарсыласудың жаңа толқыны кіреді. Азық-түлік қауіпсіздігінің неолибералды интерпретациясына қарағанда, азық-түлік егемендігі дискурсы тағамды адам құқығы ретінде мойындайды; жергілікті/байырғы халықтың жерге, суға және генетикалық ресурстарға бақылау жасауы мен оларды иеленудің маңыздылығын атап көрсетеді; өндіру процесіндегі тиімділікті емес, тұрақтылықты атап өтеді; және тағамды қару ретінде пайдаланудан бас тартады. Азық-түлік қауіпсіздігі сияқты азық-түлік егемендігі дискурсы да динамикалық және ағымды болады, саяси және экономикалық тарихтың өзгерісі арқылы құрылады. Азық-түлікті сату жүйесіндегі қоғамдық қабылдауды қайта қалпына келтіру мен азық-түлік қауіпсіздігін қайта анықтауда азық-түлік егемендігі қандай рөл атқаратынын көру – бізге қызық. ■

Хаттарды Мұстафа Кошқа <mkoc@ryerson.ca> жолдауға болады.

> Жаһандық қазіргі заман

Суджата Пател, Біліктілікті көтеру институты,Үндістан және ХӘҚ Әлеуметтану тарихы (ЗК08), Қалалық және аймақтық даму (ЗК21), Концептуалды және терминологиялық әлеуметтану (ЗК35), Тарихи әлеуметтану (ЗК56) бойынша зерттеу комитеттерінің және ЗК08 басқарма мүшесі

1990-шы жылдардың соңынан бастап «жаһандық қазіргі заман» термині жаһанданушы әлем теорияларының мәні мен мазмұнын талқылайтын әдебиеттерде қолданылып келеді. Терминнің өзі екі тұжырымдаманы, жаһандану мен қазіргі заманды біріктіреді және ол теориялардың бір-бірімен байланысын қайта қарастырады.

Қазіргі заманның жаһандық теориялары бастапқыда Жаһандық Солтүстіктегі қазіргі өзгерістерді бағалау кезінде классикалық теориялардың өзектілігін іздеген негізгі әлеуметтік талқылаулардан пайда болды. Бұл сұрақ басқа мәселелердің де қалыптасуына әкелді. Олардың бірі 1950-1960 жылдардағы классикалық әлеуметтанулық ұстанымдарды және еуропалық тәжірибеге ұқсауға тырысатын модернизация теориясы бүкіл әлемде қалыптасқан қазіргі заманды түсінуге пайдалы бола ма дегенді білдіреді. Көп ұзамай, Еуропадағы модернизация процесін бейнелейтін институттық ұйым мен ерекшеліктерді бекіте отырып, модернизация үлгісі шын мәнінде біртекті екенін көрсетті және еуропалық тәжірибені басым етіп, бүкіл әлемге таратты. Қажетті болған жағдайда, ұсынылып отырған ой-өріс – жер шарының әртүрлі өңірлерінде заманауи тәжірибені ұйымдастыратын түрлілікті мойындайтын заманауилықтың сәйкес келу теориясын ауыстырған болашақ.

Осы позицияларды негізгі әлеуметтану аясында қабылдау Пандора сандығын ашты. Бұл тақырып Веберлік, Маркстік, құрылымдық және постструктуралистік секілді түрлі генеалогияға ие теорияларға араласуға мүмкіндік берді және Жаһандық Солтүстіктен тыс құрылымдалатын, жергілікті/Оңтүстік теорияларымен салыстырды. Жаңа тұжырымдамалардың енгізілуі тақырыптың ауқымын кеңейтіп, оны зерттеу мен ойлаудың жеке саласы ретінде қалыптастырды. Бүгін де жаһандық модернизм деп анықталған ғылым аймағы қазіргі заманның негізгі теориялары туралы онтологиялық эпистемологиялық және әдіснамалық мәселелерді кеңінен талқылайды және әлеуметтану пәнінің негізгі принциптерін қайтадан талқылауға итермелейді. Осы қысқаша мақалада 1980-ші жылдардың аяғынан бастап және 1990-шы жылдардың басында пайда болған үш түрлі перспектива туралы баяндаймын. Олар көп заманауилық теориясы, жергілікті және оңтүстік теориялары, сондай-ақ, деколониализм көзқарасы.

> Заманауилықтың көптігі

Көп заманауилық теориясының бірнеше нұсқасы бар және бірқатар қатысушыларды біріктіреді. Термин заманауилықты өркениет зерттеулерімен байланыстырып, осы ұстанымды негіздеген Шмуэль Айзенштадттың тұжырымдамасында қалыптасты; алайда, бұл перспектива заманауилықты өркениеттілік деп сипаттаудан алшақ ғалымдарды да қамтиды. Осы перспективадағы ғалымдарды біріктіретін болжамдар: а) заманауилық біреу емес, көп, яғни заманауилық жекеше емес, көпше; ә) заманауилықтың институттық белгілері ұқсас болғанымен, олардың айырмашылығы әр қоғамның ерекше мәдени өткенімен байланысты және б) осы айырмашылықтарды түсіну классикалық әлеуметтанулық теорияларды қайта қарау қажет.

Осылайша, көп деңгейлі заманауилық ілім ең алдымен, заманауилықтың еуропалық тәжірибесін қабылдаудың әртүрлі әдістеріне қатысты тарихи және философиялық мәселелерді көтере отырып, еуропалық идеялар мен ұстанымдарға сүйенеді. Әрі қарай бүкіл әлемдегі айырмашылықтарды бағалау үшін үлгі құра алада ма, жоқ па сұрайды. Екіншіден, ғалымдар периферимен салыстырғанда, заманауилықтың діңгегіне күмән тудыруға тырысады. Айзенштадт заманауилықтың діңгегі – адамзат әрекеті екенін айтады. Ол әрекетті автономды, рационалды, шығармашылық және еркін деп сипаттайды. Үшіншіден, егер адамзат әрекетінің діңгегі рационалдылық болса, онда бұл діңгек әлемде қалай өзгереді? Айзенштадттың пайымдауынша, діңгек – рационалды адамзат әрекеті Осьтік

>>

> **“Батыс ғылымындағы ғылыми әдістерді ауыстыру қажет, себебі олар зерттеу пәнін объектіге айналдырады”**

Өркениеттердің әртүрлі діншілдігінен бастау алады. Дегенмен, Христиан-Еуропалық Осьтік Өркениетте қазіргі заманғы атрибуттар пайда болып, кейінірек тарала бастады. Батыс үлгісі түпнұсқасы мен бастапқы құрылымында қабылданбады және оның мәдени белгілері әр Осьтік Өркениеттен алынған белгілі бір сипатымен байланысты болғандықтан, олар іріктеліп, қайта ұғынылып, өзгертілді. Нәтижесінде, негізгі әрі жаңа ерекшеліктер пайда болды; олар заманауилықтың соңғы нұсқаларын құрады. Осылайша, бүкіл әлемде институттандырудың, кәсіптік және өндірістік құрылымдар немесе білім беру және қала құрылысы сияқты, негізгі аспектілері арасында жақындасу болса да, институттық динамика және онымен байланысты мәселелердің даму әдістерінде айырмашылықтар сақталады, себебі әрекет пен құрылым өзара әрекеттеседі.

Көп заманауилық туралы тезис заманауи әлеуметтік теорияның мәдени дамуына ықпал етті деген болжам ұсынылды. Жоғарыда айтылғандардан материалдық үдерістер заманауи талқылауда ешқандай көрініс таба алмағандығы түсінікті. Бұған қоса, бұл тезис тарихилықты талап еткенімен, отаршылдыққа, оның заманауилықты ұйымдастыруына, оның қанау процестеріне және білім жүйелерімен, әсіресе, әлеуметтік ғылымдардағы, байланысына ешқандай сілтеме жоқ. Әрі қарай осы мәселелермен байланысты перспективалар қарастырылған.

> Индигенділік және Оңтүстік теориялары

Индигенділік теориялар әлеуметтік ғылымдар өз аймақтарында эпистемалық мәселелерді қалыптастыру үшін автономияға ие болу керек деген болжамдармен басталады. Олар Рэйвин Коннеллдің метрополия мен периферия арасындағы теңсіздікті әлеуметтік ғылымдар ұйымдастырғанын және Солтүстік теорияларын, олардың көзқарастарын, перспективаларын және проблемаларын әмбебаптандыруға алып келгендігі туралы пікірімен келіседі. Оңтүстіктің ілімдері аясында бұл процеске екі тұжырымдама баға береді. Біріншісі, Полин Хунтонджи тұжырымдамасындағы «экстраверсия», яғни сыртқа бағдарланған әлеуметтік ғылымдар деп анықтайды. Екіншісі – Сайед Фарид Алатастың «академиялық тәуелділік» ойы. Соңғысы Батыстың білімі әлемнің қалған бөлігіне таңылады деп пайымдайды. Осылайша, ол контекстен тыс және релевантты емес болып қалады. Ғалымдар баламалы әлеуметтануды «жергілікті» әңгімелер/мәдениеттер арқылы құрылымдау керектігін айтады.

Индигенділік теорияның ұсынысы, егер Батыста әлеуметтік ғылымдар философиялық жүйесімен өзара әрекеттесуі нәтижесінде дамыған болса, онда басқа мәдениеттер мен философиялық жүйелермен де солай дамытуға болады. Батыстың эпистемалық пікірінің күшін жою үшін өзіне эпистемалық пікір беруді қалайды. Бұл теория жергілікті тарих пен әлеуметтік өмірмен санасатын және Батыс/Солтүстік әлеуметтануында қалыптасқан «әмбебап әлеуметтану» тілінен тыс әлеуметтанудың «балама» әдістерін әзірлеуге көмектесетін қағидаларды/абстракцияларды жасауға болады деп санайды.

Бұл перспективада анықталатын үш үрдіс бар. Алғашқысын Нигериялық әлеуметтанушы Акивово Акинсола ұсынды. Ол әлеуметтанудың халық ертегілерінен, аңыздарынан, мақал-мәтелдерінен және «шынайы африкалық даналық заңдарынан» құрыла алатындығын растады. Акивово Акинсола әріптестерімен бірге Нигериядағы Йоруба тайпасы поэзиясынан сусындаған әлеуметтік теорияны жасады. Олар бұл поэзияда ұсынылған принциптер тұтастай қоғамдық өмірдің бірлігі – тұлға және тұлғаның «материалдық Мен ретінде басқалармен қарым-қатынасты қажет» ететіндігін, ортақ игіліктерге құрылған қоғамдық өмір жеке адам өмірі үшін маңыздылығын айтады. Бұл ұстанымға әлеуметтік теорияны құру үшін халық мәдениетін пайдалануын, аудармасы мен интерпретациясының «ақиқаттығын» және оның тұжырымдамаларын ғылыми әдістермен тексеруге болатындығын/болмайтындығын қарастыратын әртүрлі әдіснамалық және эпистемалық мәселелер тұрғысынан күмән келтірілді.

Индигенділік зерттеудегі екінші тенденция, Батыс ғылымы әлемдегі жалғыз ғылым еместігін алға тартып, ғылыми әдістердің «шабуылына» төтеп беруге қабілеттілігі туралы соңғы сұраққа жауап беруге тырысты. Өзекті де сыни автономды әлеуметтік ғылым хақында ой қозғаған Саид Фарид Алатас әртүрлі мәдениеттер мен олардың эпистемологияларын жаңа сыни ғылыми жұмысты жасау үшін пайдалану мүмкіндігі туралы сұрақ қойып, жергілікті теориялар мәселелерін қайта қарастырады. Ол Ислам сияқты байырғы білім жүйесі эмпириялық жұмысты жинақтай алатын ғылыми сынға ие екендігін айтады. Оның ойынша, бұл қағидаларды әлеуметтану әдістерін қалыптастыру үшін де қолдануға болады. Саид Фарид Алатастың қойып отырған сұрағы: Ислам, Ислам әлеуметтануына немесе Ислам физикасына ұмтылмай, жаңа білімді қалыптастырудың метафизикалық және эпистемологиялық негізін қалай қамтамасыз

>>

ете алады? Бұндай қарым-қатынас ғылымды, әсіресе, зерттеу мен сыни пікірді қабылдамауды емес, қайта оның «шекараларының» кеңеюін және Батыстық емес мәдениеттен сыни көзқарастарға жаңа идеялар қосуды білдіреді.

Индигенділік ілімге арналған үшінші әдіс – талқылау өзегі батыстық ғылым болып табылатын Линда Тухивай Смит жұмысы. Ол ғылыми әдістерімізді ауыстыруымыз қажет, себебі олар зерттеу пәнін объектіге айналдырады деп есептейді. Батыс ғылымы «ішкі» білімге назар аудармастан әлемдегі басқа аймақтарға және халықтарға «шындықты» таңады. Ғылым әдіснамасын қайта жасау қажеттілігін және ғылым тұлғаның, қоғамның және зерттеліп жатқан адамдардың мәдени құндылықтарына мән беру керектігін дәлелдейді. Зерттеушілерден зерттеу объективті процесінің күшін тұрақсыздандыратын әдістер туралы ойлануларын және зерттеуге бағынышты/жергілікті тұрғындардың пікірін кіргізуін сұрайды.

Бұл үш үрдіс Оңтүстіктегі академиялық тәжірибені зерделейді. Деколониялық перспективадан келіп шыққан революциялық ұстаным Маркстің әлеуметтік ғылымдар әлемді сипаттап қана қоймай, әлемді өзгертуі керектігі туралы нұсқаулығын ұстанады.

> Деколониялық перспектива

Деколониялық теория/перспектива – отаршылдық/заманауилық зерттеу бағдарламасы деп те аталады – латынамерикалық өңірден бастау алатын интеллектуалды қозғалыс. Бұл перспективалар латынамерикалық тәжірибені көрсететін тәуелділік теориясы, бостандық теологиясы және қоғамдық қозғалыс теорияларын қоса алғандағы байланыстан туындайды. Оның таралу аймағы кең: жаңа эпистемалық тұжырымдарды әзірлеу үшін еуропалық заманауилық ілімдерге әдіснамалық сыни талдау жасалуы қажет. Мұнда заманауилық зерттеуін «ойдың шекарасына» дейін соза алатын жаңа болжамдар жасау арқылы әлеуметтік ғылымдарды қайта құру қажеттігі айтылады.

Қазіргі заманғы заманауилық теориялары мен әлеуметтанудағы басты кемшіліктердің бірі – теориялық тілден отаршылдық тәжірибенің жойылуы болжамынан басталады. Елемеушілік – қазіргі заманғы заманауилық теорияларын этноцентристікке айналдырды. Этноцентризмге мағына беріліп, оны «еуроцентризм» деп атады. Деколониялық бағытты ұстанушылар үшін еуроцентризм – әлеуметтік ғылымдардың барлық салаларын біріктіретін, әсіресе тарих пен әлеуметтану пәндерінде айқын көрінетін эпистема. Осы ұстанымды үш категория біріктіреді: Анибал Кихано теорияландырған «билік отаршылдығы», Энрике Дюссел тұжырымдаған «ішкі/сыртқы» және Уолтер Миньоло түсінігіндегі «отаршылық айырмашылығы». Үш тұжырымдама да бір-бірімен сәйкес келеді.

Кихано пікірінше, билік отаршылдығы екі еуроцентристік аңызға: эволюционизм және дуализмге – құрылған. Бір жағынан, эволюционизм тарихты қарабайыр заманнан қазіргі заманға көшу арқылы бір сызық бойымен дамуды қарастырады. Еуропалық заманауи дәуірдің алғашқы кезеңдерінде тұжырымдалған бір сызық бойымен даму еуропалық емес әлемдік тарихты түсіндіру үшін енгізілді. Дуализм – еуропалық тарих пен қоғамды еуропалық емес елдерден ажырату үшін еуроцентризм қолданатын тағы бір құрал және аңыз. Осылайша, дуализм арқылы еуроцентризм – қарама-қарсы және қосалқы терминдегі «басқаны» тануды білдіреді. Осындай бинарлы иерархияда еуропалық тарих және қоғам «дамыған» (алдымен заманауилықтың қалыптасқанын ескерсек), ал қалғандары артта қалған деп сипатталады.

Биліктің отаршылдығы евроцентризм – а) жерді игеру, еңбек ресурстарын пайдалану, табиғи ресурстарды бақылау арқылы экономиканы; ә) әскер институты, полиция және саяси күш арқылы билікті; б) отбасы мен білім беру жүйесі арқылы гендерлік және жыныстық ерекшеліктерді; в) эпистемология/білім жүйелерін жасау арқылы субъективтілік пен білімді бақылауды жақтайтын теория екендігін пайымдайды.

Уолтер Миньолоның «отаршылық сана» тұжырымдамасы (отаршыл әлемнен заманауилықтың бөлінуі және оны кейін де білімдегі бөліну мен айырмашылықты әрі қарай туындату үшін пайдалану) «биліктің отаршылығы» қалыптастырған мәселелерді жалғастырып, еуропалықтар үшін де интеллектуалды және саяси кеңістікте артықшылық беретін эпистемалық құрал ретінде құрастырады. Миньоло бұл тұжырым отаршыл әлем мен оның халықтарының объективтілігін, интеллектуалдық құралдары мен олардың біліміне сенім артуын түсінуге көмектеседі деп болжайды.

Энрике Дюссел заманауи тарих – Еуропалық тарихтың әмбебаптылығы мен бір сызықтық дамуы аңызына негізделген өңірлік еуропалық тарихтан экстропаляцияланған ішкі кеңістік теориясын деп анықтап, Киханоның эволюционизм туралы аңызын қайта саралайды. Ол заманауилық үшін деколониялық көзқарас тұрғысынан әлемді Еуропадан тыс қабылдау әдісі – сыртқы теория сияқты зерттеу бағдарламасы қажет деп есептейді. Әлеуметтік ғылымдағы қазіргі заманғы философиялық, әлеуметтік және тарихи болжамдарды қайта қарастыру керек және «отарланбаған» пікірлерге негізделген баламалы үлгілерді ұсыну қажет. Өр мақсат қойылып отыр: 18-ші ғасырдың соңында пайда болған әлеуметтік ғылымдардың эпистемасын қайта құру және әлеуметтік ғылымның діңгегін қайтадан негіздеу үшін тақырыптарды, мамандандыруды, сонымен қатар, сұрақтарды қайта құрылымдау үшін жаңа зерттеу бағдарламаларын әзірлеу. ■

Хаттарды Суджата Пателге <patel.sujata09@gmail.com> жолдауға болады.

> Қайдамыз?

Поляк әлеуметтануына оралу[1]

Марта Бухольц, Бонн университеті, Германия және Варшава университеті, Польша

Леон Петражицки және Флориан Знанецки, поляк әлеуметтануындағы екі ұлы тұлға.

Польшадағы әлеуметтану тарихы әуелден бастап әлеуметтанудың халық-аралық бірізділігі мен жергілікті өзараықпалдастықтың арасындағы шиеленістік жағдаймен сипатталды. Бұл шиеленісті түсіндіру қиын, себебі ғылымның зерттеу, теориялық, институттық және өмірбаяндық стратегиясына ықпалын тигізетін терең пәндік сәйкестігімен байланысты.

Шиеленіс сақталуының бір себебі: Польшадағы академиялық әлеуметтану – шетелдік өнім екендігімен байланысты. 18 ғасырдың соңы мен 19 ғасырда поляк территориясында бірегей әлеуметтік ойлардың болуына қарамастан (осы кезеңнің басым бөлігінде әлі де мемлекет қалыптаспаған еді), жай ғана жеке ғылым ретінде танылды. Көптеген елдерде әлеуметтанудың институттануы процесі бастапқы кезеңінде жаңа ғылым бірнеше жеке бағыттар аясында дами бастады. Ол ұлттық әлеуметтанулық дәстүр деп жиі аталатын білімнің таралуымен және өзара астасып жатырған жағдайлармен ерекшеленді. Әлеуметтік ғылымдарды ретроспективалық ұлттандыру Леон Петращицки немесе Людвик Гумплович сияқты ғалымдардың үлесін бағалауға кедергісін тигізуде. Олардың біртума тұжырымдары жергілікті танымдық және саяси мүдделер мен осылардың айналасындағы өзараықпалдастыққа сәйкес болды, сонымен қатар ғылыми белсенділігі әлемдік ғылыми қауымдастыққа да танылды. Екінші жағынан, Орталық және Шығыс Еуропа ғалымдарының әлеуметтік ғылымның дамуына ықпалы мықты еді, себебі 1918 жылға дейін империялық Еуропаның ғылыми желілерімен байланыс орнату деңгейі, салыстырмалы түрде, төмен болды.

Жергілікті және трансұлттық ғылыми желілерге қатысудың екі жақты тәжірибесіне Батыста білім алған поляк академиялық әлеуметтанушылары, соның ішінде қызметтерін қайта құрылған поляк ұлттық мемлекетінде жалғастырған Флориан Знанецки мен Стефан Чарновски де ие. Осы кезде Батыс әлеуметтануы әмбебаптанды: жаңа

>>

ғылым, жаңа ойлау стилі, жаңа мансап, жаңа интеллектуалдық сән мен саясатты анықтаудың мойындалған одақтасқа айналуы. Аталмыш тың дүниелерді аңсаудың тағы бір қосымша стимулы – Батыспен байланыс арнасын орнату жүзеге асырылды. Поляк мәдениетіндегі 19 ғасырды жергіліктілік шекарасынан тыс «қатыстылықты» іздеу тарихы ретінде сипаттауға болады. Әлеуметтанумен айналысу осы мақсатқа жетудің бір жолы болды.

1920-1930 жылдарда поляк академиялық әлеуметтанушыларының алғашқы буыны Батыс әлеуметтануының әмбебаптығын «биржалық сауда» деп қабылдағанымен, олардың ізбасарлары үшін қарапайым мәселе болған жоқ. Екінші Дүниежүзілік соғыс пен сталинизмнің көлеңкелі дәуірінде поляк әлеуметтануының халықаралық қауымдастықпен байланысы тежеліп, қатыстылық пен жанамалық мәселелері шектеулік пен маргиналдыққа қарағанда, бірден байқала түсті. 1950 жылдары поляк әлеуметтануы әлемге қайтадан ашылғаннан кейін, қатыстылық стратегиясын жетілдіру маңызды болды. Бақытқа орай, социализм тұсындағы поляк қоғамына Батыс қызығушылық танытты, екі әлемді біріктіру – Шығыс блогының басқа елдеріндегі ғалымдарға қарағанда, салыстырмалы түрде, еркіндікке ие, әлеуметтанушылар ішіндегі әсіре космополиттік және батысшыл әлеуметтанушылардың борышына айналды. 30 жылдан астам уақытта қатыстылықтың ең мықты түрі – теорияда жан-жақты білімді болу (кеңестік стандарттардан басқа өзіндік поляк марксизмінің мықты ықпалымен) және жергілікті зерттеулерге бағыт алу. Батыс түсініксіз ағылшын тілін, академиялық хатты, теориялық білімдегі кемшіліктер мен «шикі» әдіснамаға кешіріммен қарады, себебі сол кезде Жабайы Шығыстың таңғаларлық өркениетті тұлғаларын құшақ жая қарсы алды. Егер 20-ғасырда поляк әлеуметтануы Батысқа бағытталған (Эдвард Саид тұжырымына сәйкес) болса, мүмкін сол кезеңде болған шығар. Екінші жағынан, кейбір әлеуметтанушылар, әңгіме Станислав Оссовски туралы, екі әлемге де қатысты дағдыларды меңгерді.

Осы тенденция – поляк әлеуметтанушысының арқасында әмбебаптық әділеттілік пен халықаралық қатыстылыққа ұмтылуға мүмкін болған уақыт, – 1980 жылдары шырқау шегіне жетті. Бұл жергілікті поляк қауымдастығының «Солидарность» ерекше белгісімен айқын, жан-жақты маңызды болуымен байланысты. Сонымен қатар теориялық тұрғыдан шабыттанып, эмпириялық тәжірибесінде кедергілерге жолықты. Алайда, жаңашылдық әсері тез әлсіреді. Бақытқа орай, он жылға жетпей халықаралық алаңға ұмтылудың жаңа мүмкіндігі өтпелі кезеңмен сай келді: Польша жеке қоғам типі болмай, басқа постсоциалистік елдердің «жол серігі» ғана болғандығына қарамастан, 1989 жылдан кейін барлығы оған қызығушылық таныта бастады.

Жалпақ тілмен айтқанда, поляк әлеуметтануы жуырда елде орын алған демократиялық шегініске алғыс білдіруі тиіс. 2015 жыл поляк трансформациясына бәсеңдеген қызығушылықты қайта жандандырды. Шетелде бізден 1989 жылдан кейін не нәрсе дұрыс болмағанын сұрай бастады және осы локалды сұраққа жауап бере отырып, демократия мен құқық дағдарысы, мәдени соғыстар мен популистік контрреволюция туралы ортақ пікірталастарға өз үлесімізді қосуға қабілеттіміз. Локалдылығымыз белгілі бір сәттен бері барлығы үшін тағы құнды бола бастады.

Польшадағы антидемократиялық толқындар қайтып, саяси тұрақтылық орнатылды және поляк қоғамы 2007 жылдан кейін жеткен теңдессіз тұрақтылық қайтып оралды деп есептейік. Сол кезде не істейміз? Поляк әлеуметтануы әлі де айтарлықтай дәрежеде өзін-өзі мойындаған түйткілді қоғамның ғылымы, шынайы және қиялдағы ауытқулардың зерттеушісі ретінде танылып келді. Біз поляк ерекшелігінен қуат аламыз, бірақ ол өзгеше болудан қалу үшін нағыз өз қоғамымызды қалыптастыруымыз қажет. Бұл дегеніміз – әмбебап болудың жүз жылдық императивін жеңу үшін басқа әдістерді іздеуіміз керек деген сөз.

Міндет – қарапайым емес. 19 ғасырдағы зиялылардың этикалық ұстанымдарына негізделген халықаралық маңызға көне қысым қазіргі ұлттық-консервативтік үкімет өздеріне дейінгі либералдардан мұраға қалған ғылым мен жоғары білім беру жүйесін неолибералдық басқарудың қолдауына тап ие болды. «Польшадағы әлеуметтану: жалғасы бар ма?» (2016) деген еңбегімде халықаралық бірізділік пен жергілікті ықпалдастықтың арасындағы шиеленісті еңсеру поляк әлеуметтануы өмір сүруінің жалғыз тәсілі мен мәні болғандығы туралы айтқанмын. Әмбебап мән үшін кейде қиялдағы марапат алу мүмкіндігіне қарсы тұру – өз қоғамымыз басқалар үшін керемет болып көрінгендіктен, біз үшін маңызды емес дегенді шынайы жүзеге асыру мақсаты сияқты – аса маңызды. ■

[1] Автор Поляк ұлттық ғылыми орталығының қолдауына алғыс білдіреді.

Хаттарды Марта Бухольцке <mbucholc@uni-bonn.de> жолдауға болады.

> Польша мен Германиядағы

жас прекариат

Ян Чарзасти мен **Юлиуш Гардавски**, Варшава экономика мектебі, Польша, **Адам Мрозовицки**, Вроцлав университеті, Польша және ХӘҚ Еңбек қозғалыстары жөніндегі зерттеу комиссиясының мүшесі (ЗК44) және **Вера Траппманн**, Лидс Бизнес Мектебі, Ұлыбритания.

Толық емес жұмыс күнінің салдарынан уақытша және еріксіз жұмыс жасауға мәжбүрлік, кәсіподақ беделінің төмендеуі және бір жұмыстан екіншісіне ауысудың қиындықтары Еуропа бойынша жастардың өміріне белгісіздік алып келгенін сезінуі жөнінде деректер жеткілікті. PREWORK жобасы екі еуропалық ел: Германия мен Польшаға бағытталған.[1] Германия – жұмысшылар үшін дәстүрлі түрде қауіпсіздікке институттық кепілдік берілген, үйлесімді нарықтық экономиканың (Холл мен Соскиши көрсеткендей, ҮНЭ) өкілі. Дегенмен, 2000-шы жылдардағы еңбек нарығының реформалары бұл жерде агенттік жұмыстардың кеңеюіне, уақытша жұмыс көлемінің ұлғаюына, еңбек нарығының қосарлануына, еңбекақының тоқырауына және кәсіподақтармен концессиялық келісімдерге ықпал етті. Либералды нарықтық экономика (ЛНЭ) тән Польшада, жақын арадағы еңбекпен қамтамасыз етуден бас тарту толқыны еңбек нарығының икемділігіне бағытталған құқықтық өзгерістермен байланысты.

Екі елде де еңбек нарығында жастар жағдайының аса қолайлы – болмауы уақытша жұмыспен қамтудың деңгейінің жоғарылығымен (Польшада), кедейлену және кедейліктегі жұмыс жағдайына түсіп қалу (Германияда) және екі елде де экономикалық оқшауланудың мүмкіндігіні аса жоғары болуымен байланысты. Болашақта жастардың жұмыспен қамтылу жағдайын болжау қиын екендігін көруге болады деп есептейміз; өмір сүру деңгейінің төмендігі, әлеуметтік интеграция мен толық әлеуметтік құқықтардан айырылу; қолдау мен әлеуметтік интеграцияның жоғалуы нәтижесінде қалыптасқан адалдықтың субъективті сезімі. Алайда, осы жағымсыз жағдайларға қарамастан, жастардың прекаризацияға қарсы ұжымдасуы шектеулі және олардың өмірге жалпы

>>

қанағаттануы бұрынғысынша жоғары болып қалып отыр.Сонда «тұрақсыз еңбек жағдайларының белең алуының анағұрлым артуының, әлеуметтік сананың және жастардың өмірлік стратегиясының өзара байланысы қандай?» деген сұрақ туады Польша мен Германиядағы жас жұмысшылар мәселені үйреншікті деп есептей ме? Немесе олар мұны адам бейімделуі тиісті, өз жұмыс ортасында тән қалыпты, күтілетін көрініс ретінде көре ме?

PREWORK жауапты екі деңгейде іздейді: 1) CATI сауалнамасы көмегімен Польша мен Германияда (әрбір елде N = 1000) 18-30 жас аралығындағы ересектердің ірі көлемдегі кездейсоқ іріктеу әдісімен прекариат жұмысшылардың әлеуметтік-экономикалық санасының саналуан қырларына еңбек ету мен өмір сүрудің тұрақсыз жағдайларының ықпалын зерттеу арқылы; 2) жұмыспен қамтылудың артып отырған тұрақсыздығы мен жастардың өмірлік стратегиялары/мансаптары және олардың ұжымдық ұйымдасуы (және ыдырауы) арасындағы өзарабайланысты тұрақты жұмысы жоқ, жұмыссыз немесе кәсіби білім алудың тұрақсыз түрлерімен айналысатын (кәсіби-техникалық білім) Польша (60) мен Германияның (60) 18-35 арасындағы жас прекариатымен 120 өмірбаяндық сұқбат алу арқылы.

Зерттеу әлі де жалғасуда, дегенмен бақылаудың кейбір нәтижелерімен бөлісуге болады. Сандық зерттеулер прекариацияны қабылдау туралы дербес пікірлердің қалыптасқанын көрсетеді: жас поляк жұмысшыларының 48,8% және жас неміс жұмысшыларының 31% уақытша төмен еңбекақыға немесе қысқа мерзімді келісімшарттарда жұмыс жасағандықтарын мәлімдеді. Дегенмен, екі елдегі жастардың экономикалық санасы өзгеру үстінде.

Жас поляктар мен немістердің тұрақсыз жағдайы олардың экономикаға қалыпты қатынасына, біз күткендей, ықпал ете қоймайды. Тұрақсызкелісімшарт экономикаға мемлекеттің араласуын және эгалитаризмді күшейтеді деп болжаған едік. Зерттеуімізде қолданылған көрсеткіш он бес айнымалыдан тұрды. Польшада тек бес айнымалы ғана тұрақты келісімшарттары барлар мен уақытша келісімшарттары бар тұлғалар жауаптары арасындағы статистикалық айырмашылықты көрсетеді. Сонымен қатар, тұрақты емес келісімшарттар бойынша қызметкерлер тұрақты келісімшарттармен салыстырғанда, кей өлшемде либералды көзқарасты көрсетті. Германияда айырмашылықтар анық. Тұрақты емес келісімшарттары бар адамдар этатистік қағидаларды қолдауы төмен (33,8% салыстырғанда 24,8%), ал әлеуметтік эгалитаризмге жақынырақ (тиісінше 69,1% және 65%). Жас поляктардың экономикалық көзқарастары – «ішкі капитализмді» (Польша компаниялары үшін артықшылықтар және экономиканы мемлекеттік реттеу) күшті қолдау мен мықты әсірелиберал сарынның үйлесімі: кәрілікке байланысты зейнетақының міндетті емес, ерікті түрін поляк респондентерінің 53,4% жақтаса, оларды немістердің тек 12,3% ғана қолдайды. Жас немістердің экономикалық санасы жұмыстағы ынтымақтастық, салық саясатында кірістердің айырмашылығын өтеу, Еуропадағы жұмысшылардың еркін қозғалысына қолдау (Польшада – 66,6% болса, неміс респонденттерінің 88,7% қолдауы) сияқты үйлестірілген нарықтық экономикаға (ҮНЭ) жақын. Кейбір елеулі келіспеушіліктерге қарамастан, жас поляктардың көзқарасы,либералдық нарықтық экономикаға (ЛНЭ) жақынырақ.

Сапалы зерттеулер жұмыс тәжірибесін өмірбаяндық сипаттауды тереңірек түсінуге мүмкіндікбереді. Біз жұмыспен байланысты өмірлік стратегияның алты түрін ұсындық. «Жұмысшылар», яғни тұрақты және сенімді жұмыс қалайтындар үшін кәсіби икемділік – нормативті емес, бірақ жұмыспен байланысты емес өмірдің басқа салаларында тұрақтылықты іздестіру арқылы бейімдейді,сонымен қатар – ұмтылыстардың өзін-өзі шектеуі. «Кәсіпқойлар» – әдетте, неғұрлым жоғары жалақысы мен мансаптық өсу мүмкіндігі бар тұрақты, толық жұмыспен қамтылуға тырысатын немесе прекаризацияны еңбек нарығына енуге қажетті тәжірибе деп санайтын, немесе өмірлік дербес жобаларды бұғаттайтыны үшін сынайтын, әсіресе ересек когарталарда, қызметкерлер. Корпорациялар мен фабрикадағы жұмыс орындарына тән рутинадан еркіндіктің қажетті бағасы ретінде икемділікті санайтын, көбінесе үкіметтік емес ұйымдарда, шығармашылық мамандықтарда және мәдениет секторындағы жобаларға негізделген жұмысты атқаратын «креативтер» саналуан «ұстанымдарды» ұсынады. Әртүрлі кәсіпкерлік жобалармен тәжірибе жасайтын «бриколор» үшін прекаризация жұмыс берушіден, отбасынан немесе мемлекеттен тәуелсіздіктің қажетті құны ретінде қабылданады. Ақыр соңында, адалдықты сынайтын, бірақ оған психологиялық мәселелерге және / немесе қауіпсіздік үшін өмірбаяндық қадамдарды қабылдамауына байла-нысты белсенді түрде қарсылық көрсете алмайтын «бұғатталған» топ бар және сонымен қатар жұмыс ешқашан өмірбаяндық мәнге ие болмаған, тұрақты жұмыспен қамтылу әлемінен қашықтығымен сипатталатын «оқшауланған» топ.

Сандық және сапалық зерттеулер сәйкесінше, екі елдегі жастардың өз жағдайының қауіпті екенін сезетінін, бірақ, әдетте оны сынамайтынын және жоққа шығармайтынын көрсетті. Көптеген жастар жағдайға уақытша деп қарауға және қазіргі өз талпыныстарының уақыт өте келе нәтижелі болатынына сеніммен қарауға үйренгенге ұқсайды. Сынның әлсіздігі саяси және кәсіби ұйымдасуға жетелеуі сирек кездеседі. Басқаша айтқанда, жастар табиғатқа жат ахуал деп қарастыратын жастар прекаризацияның «қалыпты жағдайға айналуының» куәсі болып отырмыз.

[1] Бұл мақала Польшадағы Ұлттық ғылыми орталық пен Неміс зерттеу қоры (DFG) қаржыландыратын PREWORK-тың «Польша мен Германиядағы жас прекариат: еңбек пен өмір сүру жағдайларын,қоғамдық сананы және азаматтық белсенділікті салыстырмалы әлеуметтанулық зерттеу» жобасы аясында дайындалды. Зерттеу тобына Германияда Вера Траппманн, Джуле-Мари Лоренцен, Александра Сихаус, Денис Нейман кіреді. Поляк тобында Юлиуш Гардавски, Адам Мрозовицки, Ян Чарзасти, Магдалена Андречук, Александра Драбина-Рошевич, Яцек Бурски, Матеуш Каролак, Агата Красовска бар.

Хаттарды Адам Мрозовицкиге (жетекші автор ретінде) <adam.mrozowicki@uwr.edu.pl>,
Ян Чарзастиге <jczarz@sgh.waw.pl>,
Юлиуш Гардавскиге <jgarda@sgh.waw.pl>,
Вера Траппманнға <V.Trappmann@leeds.ac.uk>
жолдауға болады.

> Оңшыл партияларға неге дауыс береді?

Катаржина Дебска, **Сара Херзынска**, **Жюстина Косинска** және **Камил Трепка**, Варшава Университеті, Польша

Көпшіліктің қолдауына қарамастан, ЗжӘ үкіметі де ауқымды қарсылықтарға итермеледі. Flickr / Платформа Obywatelska RP. Кейбір құқықтар қорғалған.

Осы мақаланың атауында тұрған сұраққа жауапты 2016 жылы Жаһандық диалогта Арли Хохчайлд түсіндіргендей, экономикалық үдерістерден және қалыптасып отырған әлеуметтік көңіл-күйден емес осы партиялардың жақтастарының өмірбаяндарынан іздеу керек. 2015 жылдан бері Польшада биліктегі «Заң және әділеттілік» (ЗжӘ) партиясын қолдаудың артып отырғандығы себептерін зерттеген тобымызда (бас зерттеуші – мәтін авторы, профессор Мачей Гдуладан басқа Станислав Чанковски, Майя Гловацка, Зофия Сикорска мен Миколай Сыскадан тұратын) осындай сезім пайда болды. Экономикалық өлшемде құндылықтар және этатизм тұрғысынан «Заң және әділеттілік» әлеуметтік консерваторлық партия болып есептеледі. Еуроскептикалық және ұлтшыл үкіметтің Еуропалық Одақ және поляк қоғамының либералдық бөлігі тарапынан үлкен сынға ұшырағанына қарамастан, оны қолдау үнемі арта түсуде: 2017 жылдың соңында сұралғандардың 50% құрады.

> Зерттеуімізді таныстыру

Зерттеу өзіміз «Мястко» (поляк тілінде «шағын қалашық») деп атаған Польшаның орталығында орналасқан облыстық қалада өткізілді. 2015 жылы билік партиясы ел бойынша 37,6% дауыс жинаса, Мясткода олар дауыстың 50% алды. Есебіміз «Мясткодағы жақсы өзгерістер: шағын қала тұрғысынан поляк саясатындағы жаңа авторитаризм» деген атаумен жарияланды. ЗжӘ саясаткерлері «жақсы өзгерістер» ұғымын 2015 жылғы президенттік науқанның басынан қолданған еді.

ЗжӘ жақтастарының саяси көзқарастарын зерттеу үшін Мястконың 30 тұрғыны-респондент-тен екі реттен сұқбат алдық: біріншісі – өмірбаяндық, ал екіншісі – жасанды түсік немесе мемлекеттің әлеуметтік саясаты сияқты мәселелерге қатысты көзқарастары. Әдіснамамыз Пьер Бурдьенің таптық айырмашылықтар іліміне және оның Мачей Гдула мен Пршемыслав Садура поляк жағдайына бейімдеген әдіснамаға негізделді. Респонденттерімізді екі топқа бөлдік: жұмысшы табы және орта тап. 1989 жылдан кейінгі капиталистік өзгерістерден өздерін нашар сезінетін адамдарды белгілейтін «трансформациядан жеңілгендер» деп аталатындармен сұқбат жүргізбегенімізді атап өту маңызды.

> Екі даулы мәселе: жасанды түсіктер және босқындар

Жұмысшы табы респонденттері жасанды түсіктерге толық тыйым салуға қарсы шықты. Жұмысшы әйелдердің аға буын өкілдері жасанды түсікпен күресу туралы заңды либерализациялауды жақтады. Орта тап әйелдері, әдеттегідей әйелдер үшін таңдау бостандығының қажеттілігін жақтады және ауру баланы тәрбиелеудің қиындығын алға тартты. Осыған қарамастан, жасанды түсікпен күресу туралы заңды либерализациялау мүмкінді-гіне қатысты респонденттердің тым ашықтығы жалпы абортқа қарсылықтың мықты екендігін де көрсетті.

Бізбен сұқбаттасқандардың басым бөлігі Польшада босқындарды қабылдауға қарсы болып шықты. Жұмысшы табы өкілдері босқындар жұмыс істегісі келмейді, олар тек ғана әлеуметтік жәрдемақыға иек артады дегенге сенімді. Олар босқындар поляк әлеуметтік көмек жүйесіне қауіпті және нәтижесінде олар қол жеткізетін пайда әділетсіз деген тұжырымға басымдық берді. Босқындар жағдайын соғыспен байланыстырады және олардың қолдау табуы қажет екендігін мойындайды, бірақ оларға тек поляк жерінде көмек көрсету міндетті емес деген пікірде. Тек екі адам ғана бұрынғы үкімет ұсынғандай, саны аз болатын болса, поляк қоғамына босқындарды қабылдаудың ешкімге зияны жоқ деп санайды.

Орта таптан сұралған респонденттер «олар басқа мәдениет өкілдері» және

>>

«поляк пен еуропалық мәдениетті қабылдағысы келмейді» дегенді жиі мәлімдейді. Соғыстан қашқандармен ынтымақтасу және соғыс пен саяси тұрақсыздық тәжірибесі поляк қоғамымен жақындастыратыны туралы пікір өте сирек кездесті. Орта тап респонденттерінің пікірінше, олар «қайдан шықты сонда қалуы тиіс, олардың орны сол жақта». Кейбіреулер үшін Еуропа идеясы айырықша; Еуропаның «тазалығын» сақтау үшін өзіндік діни және этникалық тегімен идентификацияланатын босқындардың оқшаулануы – қажеттілік. Тәртіпті жасақтау және дәл шекараларды сақтау шешімін орта тап өкілі болып табылатын әйелдің мына ұсынысы көрсетсе керек:егер босқындар Польшада болуы тиіс болса, онда оларды поляк қоғамынан бөлу керек.

> Демократиялық тәртіп институттарының жойылуы

2015 жылдың желтоқсанында үкімет заңның Польша Конституциясына сәйкестігін тексеретін Конституциялық трибуналдың жұмысына кедергі келтіре бастады. Алдыңғы үкімет 2015 жылдың қыркүйегінде заң шығарушы органға сайлауға бар болғаны бір ай қалғанда Конституциялық трибуналға бес судьяны сайлаған. Сол кездегі парламенттік көпшілікті құраған Азаматтық платформа мен Шаруа партиясының консервативті-либералдық альянсы үш судья сайлауға құқығы бар еді, бірақ бесеуін сайлады. Трибунал үш судьяны (заңды сайланған) қолдағанына және екі судьяны (заңсыз сайланған) қолдамағанына қарамастан, ЗжӘ басым жаңа парламент бес жаңа судьяны тағайындады және Трибунал шешімдерін жариялауды тоқтатты. Жаңадан тағайындалған судьялардың президент Анджей Дудаға ант беруі конституциялық дағдарысқа алып келіп ғана қойған жоқ, сонымен қатар Варшава мен Польшаның басқа да ірі қалаларында көше шерулеріне ұласты. Үкіметтің Конституциялық трибуналға қатысты шараларының заңдылығына қатысты сұрақтар таптарға емес партиялық бағыттар бойынша бөлінді: ЗжӘ жақтастары Азаматтық платформада үстем-міс деп таныған Трибуналға қатысты «плюрализмді» қалпына келтірді деп шараларды қолдады; олардың қарсыластары үшін бұл щаралар – демократияға шабуыл және үкіметке қандай да болмасын бақылауды тоқтатудағы табысты талпыныс.

> ЗжӘ әлеуметтік саясаты: «Отбасы 500+» бағдарламасы

2016 жылы сәуірде ЗжӘ үкіметі әлеуметтік саясатының тұғыры ретінде «Отбасы 500+» бағдарламасы таныстырылды. Бұл – әлбетте, өте маңызды саяси шаралардың бірі. Бағдарлама балалар үшін жан-жақты бағдарлама болып табылады: әр отбасы екінші және үшінші бала үшін (кедей отбасылары тұңғыш бала үшін де ақша алады) 500 злотых (120 евро шамасында) алады. Посткоммунистік Польша үшін бағдарламаны орындау аса маңызды: 1989 жылдан бері поляк мемлекеті орта тапқа да, жұмысшы табына да пайда әкелетін кең ауқымды қайта бөлу жұмысын жүзеге асырды.

Қатысқандардың көпшілігі балалар жәрдемақысына қолдау көрсетті, тек қана орта тап тарапынан либералды оппозицияны жақтаушылар ғана оны «дауысты сатып алу» әдісі ретінде қабылдап, ерекшеленді. Орта тап өкілдерінің басым бөлігі оны елдегі жаңа күштердің символы ретінде санап, пайдасын мойындады. Балаға төленетін жәрдемақыны айырықша жағдай деп емес, Батыстың дамыған елдеріне тән «қалыпты» шара және Польша солардың қатарына қосылды деп қабылдады. Жұмысшы тап өкілдері балаларға арналған жеңілдіктерді жақтады, дегенмен кейбір жәрдемақы алушыларды жергілікті билік бақылауы тиіс деген ұсынысты қолдады.

> ЗжӘ қолдаудың себептері көпжақты

«Заң және әділеттілік» – өмірді қайта құрудың жаңа бағдарламасын жүзеге асыруға талпынған басқарудың тың үлгісі. Біздің зерттеулеріміз ЗжӘ жақтаушылардың, қоғамдық пікір болжағаннан гөрі, тым қатты жіктелгенін көрсетті. Осы мақалада аталмыш әлеуметтік ерекшеліктердің қандай екенін және оңшыл партиялардың өсе түсуін қандай факторлармен түсіндіре алатынымызды айқындауға тырысамыз.

Зерттеулеріміз көрсеткендей, ЗжӘ қолдау тек қана кедейлерге қаржылық қолдау көрсетумен байланысты емес. Партияның табысы оның барлық таптардың саналуан қажеттіліктері мен құндылықтарын ескерген әрекеттеріне байланысты. ЗжӘ саясаты мемлекет есебінен есепсіз тұтынуға үйренген бұрынғы «элитаны» сынай отырып, жұмысшы табының абырой мен мәртебеге деген мүддесіне де назар аударады. Сонымен қатар олар тәуелсіздік пен тәртіпке талпынған орта таптың диспозициялары туралы ұмытпайды. Зерттеу саяси көзқарастар мен декларациялардың сұқбат берушілердің жеке тәжірибесімен әрқашан сәйкес келе бермейтін қызық үлгіні көрсетті.

Осыған қарамастан ЗжӘ демократия мен «жақсы өзгерістер» үшін демократиялық институттарды (Конституциялық трибунал сияқты) жоюды бастады. Зерттеу ЗжӘ жақтаушылар өздерін «демократтар» деп санайтыны, бірақ оның түбірінен өзіндік шектеуге негізделген либералдық формасын жоққа шығаратынын айқындап берді. Мачей Гдуланың айтуынша, қоғамдық саланың түбегейлі өзгерісі (бұрынғыдай газет емес, Интернет үстем жағдайдағы) және сайлаушы мен билік партиясының көшбасшысы арасындағы нақты байланыспен сипатталатын «жаңа авторитаризм» деген ұғыммен белгілі жаңа құбылыстың куәгері болып отырмыз.

Зерттеулеріміздің нәтижелері оңшыл партиялардың табысын түсіндірудің басым бағыттары сарқылғанын дәлелдеді. Қорытынды қоғамның үлкен қызығушылығын оятты және солшыл да, оңшыл да зиялылар қатысқан поляк қоғамындағы шиеленістерді талқылаған кең қоғамдық пікірталастарды туғызды. ■

Хаттарды Катаржина Дебска <k.debska@is.uw.edu.pl>
Сара Херзынска <sara.herczynska@gmail.com>
Жюстина Косинска <j.koscinska@is.uw.edu.pl>
және Камил Трепкаға <k.trepka@is.uw.edu.pl>
жолдауға болады.

> Жаңа қоғамдық саладағы

әлеуметтанудың келешегі

Мачей Гдула, Варшава Университеті, Польша



Гдуланың Жаңа Авторитаризмі – қоғамдық әлеуметтанудың тамаша үлгісі.

Заң және әділеттілік (ЗжӘ) партиясына өз үкіметін құруға мүмкіндік берген сайлауға 2017 жылдың қараша айында екі жыл болды. Осы екі жыл ішінде либералдық демократияның бірталай ережесі бұзылғанына қарамастан сайлаушылардың 40% астамы үкіметті қолдады. Тап осы кезде «Мясткодағы жақсы өзгерістер: шағын қала тұрғысынан поляк саясатындағы жаңа авторитаризм» атты баяндамам жарық көрді.

Польшаның орталығында орналасқан шағын қала Мясткода жүргізілген зерттеулер нәтижесіне негізделген осы есеп бірнеше апта бойы журналистер, саясаткерлер мен ғалымдар қатысқан қызу пікірталас туғызды. Олардың кейбір тұжырымдары мен талдаулары саясат пен қоғам туралы ағымдағы пікірталастарда тұрақты бағдарға айналды. Дегенмен, баяндаманың табысын тойлаудың орнына мен оның мүмкіндіктерінің әлеуметтік ахуалы туралы ойлағым келеді. Бұл әлеуметтанудың қоғамдық саладағы орнының стратегиясын қайта қарауға және оның әлеуметтік процестерді сипаттап ғана емес, оған ықпал етудегі рөлін арттыруда маңызды мәнге ие болуы мүмкін. Әрине, мен бәрінен

>>

бұрын поляк жағдайын есепке алып отырғанымa қарамастан, Польшадағы процестерге ол тән емес.

> Жаңа қоғамдық сала

Әлеуметтанудың қоғамдық пікірталастарға өз ықпалын арттыру туралы ойламас бұрын, қоғамдық саладағы соңғы өзгерістерге назар аудару қажет. Қысқасы, бұл өзгерістер баспасөздің үстемдігінен Интернеттің басымдығына өтумен байланысты. Бұрынғы қоғамдық сала саясатқа қатысты баспасөз маңына топтасқан болатын, ал журналистер, сарапшылар және саясаткерлер сияқты «мәдени делдалдар» қоғамдық пікірталастарда шешуші рөл атқарған еді. Интернеттің дамуы басылымдарға экономикалық тұрғыдан да, символдық тұрғыдан да соққы берді. Польшада осы процесс жылдам әрі күрделі болды. Мысалы, 2005 – 2017 жылдар арасында ірі басылым Gazeta Wyborcza өз оқырмандарының 75% жоғалтып алды.

Қоғамдық салада Интернет үстем, контент өндірісінде үлкен дисперсия байқалады. Ол ірі веб-трансляциялар, арнайы шағын веб-сайттар, сонымен қатар үлкен аудиториялар жинайтын YouTuber-лер сияқты жеке өндірушілер арқылы өңделеді. Осы өндірушілер арасындағы әлеуметтің назарын аудару үшін реакцияның жылдамдығы, анағұрлым шиеленісті, дау мен адамгершілік мәселесі басымырақ ақпараттың бәсекесі аса қатаң сипатта бола түсуде.

> Делдалдардың әлсіздігі мен әлеуметтану

Қоғамдық салаға енуге кедергілердің әлсіздігі жалған ақпараттың таралуына және ақиқатқа жүгіну барысында кез келген есептілікті әдейі жоятын дискурстарды тарату арқылы «пост-ақиқат» концепциясын тудырады. Қатыгез бәсеке әлеуметтің назары үшін күресте материалдарды ұзақ жинау мен күрделі мәтіндерді даярлауға дағдыланған журналистиканы ығыстырады. Бұқаралық ақпарат құралдары басым бөлігінің өмір сүру әдісі – бірегейлік біріктірген, қоғамдық мәселелерді талдауға қатысудан гөрі, өркениеттік күресте өздерінің моралдық артықшылығын медиада сезінетін аудиторияны жасау.

Қоғамдық мәселелерге қатысты саясат пен пікірталас та осы жағдайларға бейімделеді және саясат-керлер әсіре көзқарастарды жақтаушы және тінтуірлік мәлімдемелермен қамтамасыз етуші «медиа-сарбаздарға» айналады.

Аудитория жылдам, агрессиялық және ізгілікті қатынаста болады, бірақ әлі де маңызды қоғамдық мәселелермен байланысты білім кеңістігі және оларға қарсы зерттеулердің нәтижесі бар. Өндірушілер арасындағы ымырасыз бәсеке қоғамдық пікірталастардың іріктеліп, тез пікір білдіру аясына қарай жылжуының бұлжымас тәртіпке айналғанын көрсетеді. Дәстүрлі журналистикаға уақыт та, ақша да жетіспейді. Бұл жағдайда нақтылықтың жаңа интерпретациясын жасайтын әлеуметтанулық білім қоғамдық пікірталастардың бағытына аса ыждағаттылықпен, жауапкершілікпен ықпал етеді.

> Мәні бар әлеуметтануды ұсыну

Ондай білімді жасаудың ережелері қандай? Мястко туралы есеп пен оны қабылдау негізінде бірнеше қағиданы ұсынуға бел буып отырмын.

Бәрінен бұрын мәтіннің қай кезде пайда болғаны аса маңызды. Польшада ЗжӘ қолдау туралы деректер туралы есеп бұрын қолданылған түсіндірулердің кей-бірі сенімді болудан қалған кезде жарыққа шықты. Мысалы, ЗжӘ элитамен есеп айырысамын деп уәде бергеніне қарамастан, өз мұраттарын сатып, жемқорлыққа бейім жаңа элитаны тудыруы – оларды қолдауды әлсіретуі керек еді деген ортақ пікір. Тап осындай жағдай бола қойған жоқ, ЗжӘ халықтың 40% қолдауына ие болып отыр. Баяндамада бұл құбылыс басқа мәселелермен қатар өз элитасын, сондай-ақ саяси өзгерістер мәселесін бақылайтын көшбасшы рөлін неоавторитаризм деген ұғыммен түсіндіреді.

Зерттеу ықпалды болу үшін ағымдағы әлеуметтік процестермен сәйкестілігі маңызды. Әрине, әлеуметтанушыларға қатысты болмаса да біз өндірістің жылдамдығы мәселесін назардан тыс қалдырмауымыз керек. Дәстүрлі академиялық өндіріске қарағанда жылдамырақ, қазіргі уақытта анағұрлым кең аудитория үшін өзекті мәселеге қатысты болу керек. ЗжӘ жақтастарын зерттеуді тереңдету үшін бірнеше орында қосымша зерттеулер жүргізсе, сұқбат санын көбейтсе және оларды мұқият дайындаса жақсы болар еді. Бұл әрекеттердің нәтижелері, мысалы, тек тарихи сипатта болатын келесі сайлаудан кейін жүзеге асады.

Екінші маңызды мәселе – ақылға қонымды мәнмен байланыс. Академиялық дискурстар анағұрлым күрделі бола бастады, ал зерттеу мәселелері мен олардың қорытындыларын дайындау мен таныстыру білімді оқырман үшін де қиынырақ болып отыр. Әлеуметтік ықпалға ие білімді ұсынғанда біз тіпті, әсіресе, мүмкін олармен келіспеген жағдайда кеңінен тараған тұжырымдарға сілтеме жасауымыз керек. Пысықталмаған, жарымжан, ақылға сыйымсыз деп таппас бұрын олардың тексерілуі тиіс пайымдарынан бас тартпау маңызды.

Мястко жүргізген зерттеулерімізде ЗжӘ жақтаушыларына қатысты бірнеше кеңінен тараған тұжырым болды. Оның бірі – ЗжӘ жақтастары, біріншіден, оқшауланғандар немесе ең кем дегенде, қатты өкпе-назы барлар. Бұл респонденттердің басым бөлігі мақсаттарының орындалуы немесе табысқа жету тұрғысынан өз өмірлері туралы айтқандықтан биографиялық сұқбат арқылы дәлелденбеді. Тағы бір сенімді тұжырымды ЗжӘ жақтаушылар Отбасы 500+

>>

бағдарламасынан алынған қаржыға (ай сайын екінші балаға 120 € жуық төлемақы) риза болғандар дегенмен байланыстырып едік. ЗжӘ дауыс бергендер бұл бағдарламаны жеке қажеттіліктерді қанағаттандырумен байланыстырмады, оны мемлекеттің ынтымақтастығының дәлелі және отбасын қолдайтын жалпыға ортақ саясатты жүргізу жоспарына сәйкес Польшаның дамыған елдер қатарына қосылғанының белгісі деп түсіндірді.

Үшіншіден, қоғамдық пікірталасқа жетіспейтін күрделілікті әлеуметтанлық білім енгізеді. Адамдарға қарапайымдылық ұнайды, дегенмен барлық кезде емес! Егер олардың тәжірибесі мен пікіріне байланысты болса, олардың білімін тереңдетсе немесе өзараықпалдасса, сонда ғана ол қызығушылық тудырады. Мястко туралы есепті оқығандар, мысалы, ЗжӘ жақтаушы төменгі және орта таптың өкілдерінің элитаны әртүрлі сынға алуына назар аударды. Біріншілер үшін сын элитаның оқшауланыуы мен оның қарапайым адамдардан арақашықтығына негізделді. Соңғылары, яғни орта тап үшін элита өзін жемқорлықпен ыластап, билікке деген өкілет-тілігінен айырылып қалды. Бұл Польшадағы таптық әркелкілік тақырыбының ұзақ жылдардан кейін көпшілік пікірталасқа түскенінің алғашқы жағдайы еді.

Қалыптасқан түсініктерге қарамастан, адамдар күрделі және талапшыл контентке мүдделі. Алайда, ол ғылыми күрделілікке қарағанда, маңыздырақ болуы тиіс. Әлеуметтің назары үшін шиеленіс пен бәсеке тудыру мақсатында білімді кеңінен насихаттау ақпараттарын тым қарабайырлау да – әлеуметтанушылардың жолы емес. Оның орнына қоғамдық дискурста ашуыза мен қайшылық тудыру үшін күрделілікті енгізу шарт.

> Әлеуметтанудың рөлі

Әлеуметтік-резонанстық білімді өндіретін әлеуметтанудан біз не ала аламыз? Барлық әлеуметтанушыларды қанағаттандыратын жауаптың жоқ екенін түсіне отырып, мен өзім үшін аса маңызды нұсқаларды тіздім.

Қатыгездік пен қарапайым баяндау үстем ғұрыптық шиеленістермен аяқталуға бейім қатынастардың қалыптасқан түрлерін теңдестіруге осы тақылеттес әлеуметтанудың мүмкіндігі бар. Бұл үшін журналистер мен саясаткерлерді кінәлай алмаймыз. Олар оңай келісімге келмейтін белгілі бір жағдайларда жұмыс жасайды. Дегенмен, біздің қоғамдық қарым-қатынасымызға бағытталған жағымсыз тенденцияларды теңдестіретін білімді бере отырып, осы ережелерді әлеуметтанушылардың қолымен жоюға себеп жоқ.

Қоғамдық салада орны төмендеу адамдардың нақты даусын таныту – әлеуметттанудың маңызды міндеті. Мен үшін кең тараған таптар кеңістігін құру және олардың келешегі мен тәжірибесін көрсету – аса маңызды.

Үшінші мәселе – әлеуметтанудың өзін қоғамдық саланың басқа қатысушыларына қарсы қалай қоятыны. Менің ойымша, ең жақыны – әлеуметтануға журналистер мен саясаткерлерді қарсы қою. Әлеуметтану сезімталдығымен және ұсынатын білімімен, сонымен қатар әлеуметтің назары үшін бәсекеден тәуелсіздігімен және саяси шиеленістердің қысымынан алшақтығымен ерекшеленеді. Әлеуметтанудың осы түрі қоғамдық саланың басқа қатысушыларының әлеуметтік нақтылықты анықтау қабілеттілігін шектей отырып, оларға қарсы күш болуы мүмкін. ■

Хаттарды Мачей Гдулаға <gdulam@is.uw.edu.pl> жолдауға болады.